

# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



«Бірінді, қазақ, бірін дос,  
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№1 (3999), 9 қаңтар, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНЦА ЖЫЛҚЫ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛСА



Қали СӘРСЕНБАЙ

Әлемде 35 Жылқы мұражайы бар. Мәселен, Ресейде екі мұражай, қымызбен емдейтін ондаған шипажай және бар. Сонсоң 80-нен астам қымыз өндіретін орын, ғылыми зерттеу институттарын да ашып тастаған. Тіпті сахалар қымыз туралы заң қабылдаған. Ал Еуропаның бірқатар елдерінде жылқы мұражайлары әзелден бар. Заманында Наполеонды түре қуып, тәубесіне келтіріп, Сенадан ат суарған біздің бабаларымыз емес пе еді.

Енді мына парадокске қараңыз. Ең көне мұражай 1911 жылы сол Францияның Сомюре шаһарында ашылған екен. Мұндағы мыңға тақау жылқы жөніндегі кітаптарды былай қойғанда, 1400-ге жуық жәдігердің 100-і ертоқым. Сонсоң Париждің түбіндегі Шантилиде де осы іспетті мұражай бар. Бірақ оның бір ғажабы тірі жылқылардың неше түрлі тұқымын көресің. Оның келген туристерге әсері тіпті ғажап. Жылқыны әзелден «ер қанаты» деп бағасын білген біздің қазақта оған қатысты теңеу, бейнелі сөз қисапсыз. Қамбар ата тұқымының батырлар жырында сұрапыл суреттелуін былай қойғанда, бір ғана Ілияс Жансүгіровтің «Құлагерін» оқысаңыз да жетіп жатыр. Бұл еңбекті жылқы туралы «күй-энциклопедия» деуге де болады. Жылқыдай есті жануар сирек. Асқар Сүлейменов «Қазақ жылқыдан жаралған» дейтін жалы күдірейіп отырып. Жылқының қадірін бір білсе, қазақ білуі керек еді. Өкінішке қарай, осынау қасиетті түлік соғым кезінде есімізге түсетіні және бар. Жылқының еті мен сүті көп дертке дауа екенін академик Төрегелді Шарманов өмірден

озғанша айтудан жалыққан емес. Тіпті оның сүтінен балмұздақ, шоколад та жасатып, әлемдік нарыққа шығара бастады.

Есте жоқ ескі заманда тарих атасы Геродот жазбаларында жылқының отаны осы күнгі Орталық Азия мен Қазақстан өңірі делінгені мәлім. Бертінде Көкшетау маңындағы Ботай мәдени қорығынан табылған жылқыға қатысты 15 тонна жәдігерді сарапшылаған Жапония, Германия, Ресей ғалымдары осыдан 6 мың жыл бұрынғы жылқының қазіргі қазақ жылқыларының тегімен дәлме-дәл келетінін айтып, жылқының отаны Қазақстан екенін тағы да нақтылап берді. Міне, сол соғым жегіш Қазақстанда қасиетті жануарымызға арналған республикалық деңгейдегі мұражай жоқ дегенге сенесіз бе? Арнайы шипажай болса да жоқ. Жылқыға ән-күй арнаймыз, жырға қосамыз, кітап та, басқа да бар, ал нақты құрмет жоқ.

Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданының Қошанкөл ауылында «Сәйгүлік» деп аталатын шағын бір бөлмелі жылқы мұражайы барын білмей отырғаным жоқ. Елаяғы жете бермейтін жергілікті жердегі бұл елдімекенді бірі білсе, бірі білмейді. Бұл іске мұрындық болған азаматтарға ризамыз. Алайда оның материал қоры, потенциалы қандай деңгейде екені түсінікті ғой. Жылқы туралы мәліметі мол, жәдігерлері жеткілікті, таңғалдыратын, тамсандыратын деңгейдегі мұражайдың да ұғымына сыймайтын бір рухани-мәдени тегімізді, тұрмыстық, ғұрыптық қалпымызды, салтымызды айдай әлемге паш ететін алып кешен Астана, я Алматыдан бой көтерсе болмас па!? Дүниенің түпкірінен ағылып келіп жататын туристер үшін де тамсанып, таңдайының суын жұтып кететін таңсық орталық болмай ма?

4-бет →

## ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ. РУХАНИЯТ. ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерзімді баспасөзге берген кезекті сұхбатына арналған мазмұнды кездесу өтті.

2026 жылғы 5 қаңтар күні «Turkistan» газетінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты ауқымды сұхбаты жарияланған болатын. Бұл сұхбат Мемлекет басшысының ел дамуының басым бағыттары, саяси реформалар, қоғам алдындағы маңызды міндеттер жөніндегі көзқарасын кенінен қамтыған бағдарламалық мәні бар сындарлы әңгіме болды. Осыған орай Қазақстан Жазушылар одағына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса мен ҚР Мемлекеттік кеңесшісі хатшылығының консультанты, ақын Қалқаман Сарин арнайы келіп, қаламгерлер қауымымен кездесті.

Жиынды Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов жүргізіп, Президент сұхбатының қоғамдық-саяси, рухани маңызына арнайы тоқталды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының жыл сайын халыққа және зиялы қауымға ой салатын сұхбат беруі елдегі ашық диалог пен саяси мәдениеттің қалыптасуына қызмет ететін маңызды дәстүрге айналғанын атап өтті.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса Мемлекет басшысының бағдарламалық сұхбатында көтерілген мәселелерге тоқталып, қаламгерлер қауымының ой-пікірлері мен ұсыныстарының мемлекет үшін аса маңызды екенін, халықтың үнін жеткізуші зиялы қауым өкілдерінің әрбір пікірі ескерусіз қалмайтынын, әсіресе әдебиет пен мәдениетке қатысты айтылған ұсыныстарды тиісті орындарға жеткізуге ықпал ететінін баяндады.

Кездесуге белгілі қаламгерлер — Кәдірбек Сегізбаев, Смағұл Елубай, Қансейіт Әбдезұлы, Әлия Бөпежанова, Жүсіпбек Қорғасбек, Бауыржан Жакып, Ғалым Қалибекұлы, Мұратқали Дүйсенбаев, Фархат Тамендаров және басқа да әдебиет өкілдері қатысып, Президент сұхбатында көтерілген мәселелер жөнінде пікір алмасып, өз ой-тұжырымдарын ортаға салды. Еркін форматта өткен жиын әдеби қауым мен билік өкілдері арасындағы мазмұнды диалогқа ұласты.

2-3 бет →

# ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ. РУХАНИЯТ.

(Басы 1-бетте)

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ,**

Қазақстан Жазушылар одағының

Басқарма Төрағасы:

## БАСПАСӨЗ – ЖАСТАРДЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСКЕ БАҒЫТТАЙДЫ

– Президенттің сұхбатта көтерген мәселелері қоғамдағы ақпаратты қабылдау мәдениетінің каншалықты өзекті екенін көрсетеді. Президент: «Өз басым мерзімді баспасөзді бала кезімнен үзбей оқып келемін және бұл әдетімнен әлі күнге дейін жанылған емеспін. Қазіргі таңда газеттер тек жаңалық жеткізумен шектелмей, жан-жақты шолу жасап, терең сараптамалар ұсынуға басымдық беріп отыр. Мысалы, ел өміріндегі маңызды оқиғалар мен еңбек адамдарының нақты жетістіктері туралы мәліметтерді мен көбінесе газет беттерінен аламын. Ал TikTok, Instagram немесе Telegram сияқты платформалар көбіне қысқа бейне-контентке негізделіп, өмірдің шынайы көрінісін толық аша алмайды. Сондықтан ақпаратты тұтынуға сапа мен мазмұнға мән беру аса маңызды», – дей келе, қоғамда оқу мәдениетін нығайтудың, дәстүрлі баспасөздің ролін арттырудың және жас ұрпақты саналы ақпарат тұтынуға баулуын аса қажеттігін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, расында да оқу мәдениетін қалыптастыру – зиялы қоғам құрудың негізгі алғышарттарының бірі. Терең ойлануға, талдауға жетелейтін сапалы баспасөз материалдары жастарды білім мен ғылымға, шығармашылық ізденіске бағыттайды.

Бүгін қазақтың қабырғалы қаламгерлері бастаған жазушылар Мемлекет басшысының сұхбатын талқылау үшін жиналып отыр. Сөз өздеріңізде.

**ҚАЗЫБЕК ИСА,**

ақын, Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаты:

## ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗІ – ҚАЗАҚТЫҢ СӨЗІ

– Қазақстан Жазушылар одағы – Алматының ғана емес, еліміздің рухани ордасы. Қандай маңызды кездесу болсын, осы қара шаңырақтан басталу керек деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы жылда қазақ баспасөзіне сұхбат беруді дәстүрге айналдырды. Әр сұхбат өздеріңіздің орталарыңызда кеңінен талқыланып, келелі кеңес ұйымдастырылып жүргені де бізді қуантады. Осындай бір талқылау қорытындысын депутаттық сауалыма енгізіп, «Қазақ жазушыларының сөзі – қазақтың сөзі» деп айтқаным бар.

Ел Президенті бұл сұхбатында да бірқатар жайттарды қозғап, «Сіз кімсіз?» деген сауалға: «Мен – мемлекетшіл адаммын» деп пайымды жауап берді. Әңгіме өзегінде адамгершілік мәселелері де, ауқымды мемлекеттік мүдде мәселелері де қамтылған. Салық кодексінің кемшіліктерін де Мемлекет басшысы дұрыс пайымдап өтті. Ішкі саясат тұжырымдамасына тоқталды.

Мен Парламентте Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесімін. Осы орайда руханиятты қолдау, Қазақстан Жазушылар одағына тиімді, пайдалы



сауалдар ұсыну ел келешегі үшін де маңызды деп есептеймін. Сіздердің тұжырымдарыңыз маңызды болғаны үшін де арнайы сапарымды өздеріңізбен жүздесуден бастадым.

**Кәдірбек СЕГІЗБАЕВ,**

жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

## БӘРІНІҢ ЕСЕБІ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

– Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде 2025 жылы экономикалық табыс 6 пайызға өсіп, 300 млрд долларға жетіпті. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азия елдеріндегі рекордтық көрсеткіш көрінеді. Әрине, қуанатындай табыс. Бұл – Президент жұмысының жемісі. Осы табыспен-ақ еліміз кереметтей бай тұруға болады. Бірақ мұның бәрін инфляция деген дүние жеп жатыр. Нарықтық экономикаға жүгінетіндіктен, бағаны тежеп отыру мүмкін емес. Мысалы, базардағы ет сатушылар тексерушілердің төбесі көрінген сәтте бағаны арзандатып қояды да, олар кете салысымен өздері бекіткен қымбат бағаға ауыстыра салады.

Елімізде құрықталмай келе жатқан басты мәселелердің бірі – жемқорлық. Әрине, қарапайым жұмысшы, қолында таяғы бар қойшы жемқорлық жасай алмайды. Жемқорлық бригадирден, дәрігерлер мен медбикелерден басталады. Осы түйткіл де сұхбат барысында айтылды. Айталық, біз отыз жыл бойына жемқорлық жем болып келдік. Солардың өте аз бөлігі аздап болса да қайтарылды. Ал басқаларына неге шамамыз жетпей отырғанына таңмын. «Биені бүгімен, түйені түгімен жұтқандар» жауапкершілікке тартылды дегенді естіміз де, аз уақытта-ақ заңдық жауапкершіліктен босап кетіп жатқанын тағы естіміз. Осындай қитұрқылықтарға қатаң тыйым салынбай ештеңе түзелмейді. Талан-тараж болған миллиардтар әлі де қайтарылса, халықтың жағдайы да жақсара түсер еді. Тәртіп деп жиі айтылып жатыр ғой, тәртіпті, жауапкершілікті күшейту керек деп санаймын. Бәрінің есебі болуы қажет.

Мана айтқан экономикалық өсімнің бәрі – Президент атқарған жұмыстардың жемісі. Қалай болғанда да, ол кісі халықтың шаруасымен, ел тіршілігін жеңілдету мақсатымен тыным таппай, бір жылдың ішінде қаншама алыс-жақын шетелдерді аралап шықты. Бірнеше дүркін барғандары да бар. Сондықтан кейде Президент болу оңай емесіне көзіміз жете түседі. Мемлекет басшыларымен келісім

жасау, зауыт, фабрикалар салу, инвестиция тарту, осының бәрі елдің әл-ауқаты үшін қажет.

**Смағұл ЕЛУБАЙ,**

Қазақстанның Халық жазушысы:

## ЖАСТАРДЫҢ КЕЛЕШЕГІНЕ СЕНІМ ҰЯЛАТАТЫН БІРДЕН-БІР ТЕТІК – БАСПАНА

– Жазушы деген халық – тек қана жазушы ғой... Бірақ өмір сүру үшін айлық алу керек, табыс табу керек. Мінекей, осындай жағдайда жазушылардың 90, тіпті 95%-ы нарықтық бәсекеге икемсіз келеді. Қаламгерлердің біршамасы Кеңес кезінде алған баспанасында отыр деп ойлаймын. Жаңа үй алу үшін тағы қаржы қажет. Осы жағдай еститін мемлекетімізді ойландыруы керек. Өйткені әдебиет – ұлттың айнасы, жетекші өнер ғой. Үлкен мегаполистердің әкімдеріне «жергілікті ақын, жазушылардың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын қаперде ұстандар» деп басшылық тарапынан пәрмен берілу керек деп ойлаймын. Шынтуайтына келгенде, Алматы, Астана секілді ірі шаһарлардың әкімдері бұл жұмысты өз беттерімен жүзеге асыруына кедергі жок секілді. Жазушыларға, өнер адамдарына арнап үлкен үй салынса, кем дегенде, елу жазушы үйге кіріп, жағдайы келіспей жүрген жас жазушыларға өмір бойы ұмытылмайтынды көмек болар еді. Өйткені жас жазушылардың да, тіпті ақсақалдық жастағы қаламгерлердің де әкімшілікке үйін кеңейтіп беру өтінішімен баратындары өте сирек.

Қақтығыстар, соның ішінде Қаңтар оқиғасы әлеуметтік мәселелердің көбейгенінен туындады. Жастардың келешегіне сенім ұялататын бірден-бір тетік – баспана. Үкімет те ең әуелі осыны ойлауға тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жайларды сұхбатта жан-жақты айтыпты. Бұл әңгіме Қазақстан халқына оптимистік рух сыйлайтын сұхбат болды. Лайым елімізде пессимистік күй болмағай деп тілейміз.

**Әлия БӨПЕЖАНОВА,**

сынышы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

## «АЗАМАТТАРЫМЫЗ ЖАҢА ДӘУІРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ ТИІС»

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басында қазақ басылымдарына сұхбат беруі жақсы дәстүрге айналды

және мұның қоғам үшін үлкен мәні бар. Биыл «Turkistan» апталығына берген сұхбатын да үлкен қызығушылықпен оқыдым. Мұнда да, еліміз үшін бүгінгі таңда өзекті, болашағы үшін маңызды мәселелер жан-жақты сөз болған, маңызды да жинақы, терең сұхбат қалың көпшілік үшін Мемлекет басшысының адами қасиеттері мен өмірлік ұстанымдарын, тұлғалық болмысын аша түсетінін айтқым келеді.

Сұхбатта салық жүйесіндегі, энергетика, коммуналдық секторлардағы реформалар, туризм, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларын жетілдіре түсу, экономиканың сапалы өсуі, жасанды интеллект, өркениетті ел болудың бірден-бір жолы – цифрлық державаға айналу, түптеп келгенде, халық игілігі үшін екенін нақты да ұғынықты сөз еткен Президент руханиятқа қатысты да қадау-қадау мәселелерге тоқталыпты.

Сұхбаттың мерзімді басылымдар және олардың қоғамдағы ролі мен салмағы туралы әңгімеден басталуының маңызы айрықша. Кезінде салықалы мерзімді баспасөздің экономикалық қиындықтар өз алдына, мемлекеттік саясаттағы олқылықтан рухани, материалдық әлеуеті күрт төмендеп, қоғамдық сыни ойдың, сараптама, талдау, пікір алысулардың үлкен мектебі тоқыраңқырады. Бұдан, ең алдымен, жүйелі танымдық білім көзінен алшақтаған қоғам рухани зардап шекті. XXI ғасырдағы ақпараттық технологиялардың дамуы да дәстүрлі басылымдарды кері ысырғандай көрінгенмен, көзқарасты оқырманның, саны аз болса да, бұл басылымдарға деген сұранысы тоқтаған жоқ. Солардың бірі өзіміз.

Енді Мемлекет басшысының оқу, білім, руханиятқа байланысты тұжырымдарына назар аударсақ: «Газет-журналдар өрлеу дәуірінің алдында тұр»; «Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алдыңғы шебінде болады»; «Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі тиіс».

Бұл тұжырымдар бір-бірімен тығыз байланысты және бұл ретте қоғамның сараптамалық, талдағыштық дағдыларын қалыптастыруда елеулі рөл атқаратын газет-журналдардың алдында үлкен міндеттер тұр. Бұл тұрғыда біз саяси-қоғамдық маңызы бар реформаларды жүзеге асыру жолында Үкіметке серіктес бола білу, демек қоғам үшін өткір мәселелерді пост-фактум түрінде емес, кәсіби түрде ашық талқыға салу, қоғамдық үдерістерге сараптама жасау, стратегиялық мәселе-

# ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

лерге назар аударып отыру талабын айтып отырмыз. Өзге мәселелерді айтағанда, мәдениет, өнер, білім салаларында кәсіби талқыдан өтуі тиіс қаншама мәселе бар!

Сұхбатта қоғам мәдениеті туралы да сөз қозғалыпты. Президент сауалға орай: ірі бизнес өкілдерінің сән-салтанатқа толы өміріне, тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас дей келе, шетелдік аса ірі де белгілі кәсіпкерлердің елден дараланып, көзге түскісі келмейтінін жақсы айтыпты. Қоғам мәдениетінің бұл қыры бізде күйіп тұрғандай.

Қазақ баспасөзінің міндеті мен көтерер жүгі бұрынғы кездегіден әлдеқайда ауыр. Ол үшін үлкен интеллектуалды күштерді жұмылдыру қажет. Бүгінгі басылымдардың мұндай күші де, экономикалық қуаты да аз. Бұл маңызды мәселені шешудің оңтайлы жолы — басылымдарды жақсы қаржыландыру. Мұның қайтарымын, игілігін қоғам көреді. Ал білімді, мәдениетті қоғам — қоғамның сапалық өсуінің көрсеткіші, мемлекеттің мықты, қуатты болуының бір кепілі.

салыстыра келіп, тасқа басылғандай құнды болып есептелетін БАҚ-тарда салмақты, терең, ұлт, ұрпақ үшін қажет, адамды өсіретін, жарқын болашаққа жетелейтін ағартушылық бағыттағы материалдар шығатынын, сол үшін де мәні зор екенін дәйектеп өтті.

Көп қырлы сұхбаттың «Қазақстан жаңғырудың жана кезеңіне аяқ басты» деген тақырыбының өзі көп жағдайды аңғартып тұр. Әңгіме барысынан Қазақстан даму жолында ешқандай кідіріске ұшырамайтынын, қазіргі бүкіләлемдік геосаяси, экономикалық, экологиялық, экоклиматтық жағдайлардың бәрін ескере отырып, еліміз халықаралық саясатта да, ішкі саясатта да, алыс-жақын шетелдермен жан-жақты байланыс бағытында да ешуақытта өз ұпайын жібермей, саликалы, сарабал саясат жүргізе беретінін көрдім. Әрине, кез келген қоғамның ең бірінші көрсеткіші — экономикасынан, материалдық, техникалық ахуалынан, инфрақұрылымынан, мемлекет тұрғындарының әлеуметтік, рухани тұрмысы қандай деңгейде екенінен айқындалады. Мемлекет басшысы өткен 2025 жыл Қазақстан үшін өте жемісті жыл болғанын,

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

тұжырымдамасын қабылдадық. Бұл да ерекше мән беретін сала. Қоғамымыздың гүлденуіне мұрындық болатын бірден-бір күш осы Ішкі саясат тұжырымдамасында жатыр. Сондай-ақ Мемлекет басшысы ел тарихына қатысты әркім бір долбарлап, бұрмалап сөйлей берудің дұрыс емесін де айрықша сөз етті. Тілмен, тарихпен ойнауға болмайды.

Өткен отыз жылдың ішінде елге шынайы шындықты, ақты ақ, қараны қара деп айтпай, боямалап жеткізу қазақ қоғамына, қазақтың болашағына орасан зиянын тигізгенін, алдымен, «ендамыған елу елдің ішіне кіреміз», содан кейін одан да ілгері кетіп «ең озық отыз елдің ішінде боламыз» деген құрғақ қиялға, өтірікке құрылған саясаттан гөрі елге ашы шындықты айтып, бүгінгі деңгейімізді қайтсек жақсартамыз деген ашық әңгіме керек еді! Шындық ашық жеткізілмесе, әділдік, шынайылық зардап шегіп, алдыңғы шепке құрық бойламас қулық, құйрығы бір тұтам жылпостық, адамды алдарқату, нәтижесінде ұлт тағдырын тығырыққа тіреу белең алатынын ашық айтқаны алғашқы отыз жылымыздың көптеген көлеңкелі тұстарын ашып тастады. Осы бағыттағы ой-пікірлерді Президент аузынан қалың елдің көптен күтіп жүргені де жасырын емес. Осыны да астын сызып атап өткім келеді.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК,  
жазушы, сыншы:

## МЕМЛЕКЕТШІЛДІК ИДЕОЛОГИЯҒА АЙНАЛУЫ КЕРЕК

— Бұл жолы бұрынғы Кеңес заманында да, тәуелсіздік алғаннан кейін де басшылардың ешбірі айтпаған бір сөз айтылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен Мемлекетшіл адаммын», — деді. Осы бір сөзге бәрі сыйып тұр деп ойлаймын. Бұл бізде ең басты идеологияға айналуы керек. Президенттен кейін іле-шала ірі мегаполистердің басшылары, заң шығарушы органдардың басшылары, облыс-аудан әкімдері де «Мен Мемлекетшіл адаммын» деп айтуы қажет. Бұрын оларды саяси тұла деп атайтын. Ресми түрде, әрине, солай қала берсін. Ал іс жүзінде, дәл серт бергендей «Мен Мемлекетшіл адаммын» деп айтуы керек. Бүкіл депутаттар корпусы, әкімшілік қызметкерлері, ірі кәсіпкерлер бар, (сол қатарда біз де бармыз), бәріміз «Біз де мемлекетшіл адамбыз» деп айтқанымыз жөн.

Бұрындары бұлай жекелеген адамдар айтатын, дегенмен қандай оймен айтатыны беймәлім еді. Енді бұл сөзді Мемлекет басшысы айқын түрде жеткізді. Біз әншейінде науқаншылмыз ғой, кез келген нәрсені, дұрыс болсын, бұрыс болсын, іліп алып шапқылап кетеміз. Науқаншылдықты осы жолы

көрсеткеніміз дұрыс және ол сөз жүзінде қалмай, іс жүзінде бекітілуі керек. «Мен Мемлекетшіл адаммын» деген адамдар мемлекеттің мүлкіне қол сұқпай, халыққа қамқорлық жасап, қызметтерін адал атқаруы, осы елге мемлекетшіл адам ретінде қызмет етуі керек.

Жоғары оқу орындарының ұстаздары, мектеп мұғалімдері, бәрі бірдей көшеге «Мемлекетшіл адаммын» деп айқайлап шықсын деп тұрғаным жоқ, алайда соған сай қызмет атқаруы қажет. Кез келген мемлекеттік қызметкер осы қағиданы берік ұстанса, дамудың даңғыл жолы ашылмақ. Сосын осы жердің суын ішіп, отын оттап жүрген адамдардың барлығы да, кәсіпкерлер де, басқалар да осы идеологияға жұмылуы керек.

Мемлекет басшысы осы сұхбатында жұрт қалай ойлар екен деп халықтың, ұлттың тамырын басып көрген секілді. Ал біз оны дұрыс қабылдайтынымызды көрсетейік. Мен де «Мемлекетшіл адаммын» деп Президентке үн қосамын.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,  
Қазақстан Жазушылар одағының  
Басқарма Төрағасы:

— Осы тұста тағы бір маңызды мәселені атап өткім келеді. Әр облыс әкімдерімен тіл табысып, тиімді жұмыс істеу — бұл тек билік өкілдерінің ғана емес, әрбір зиялы қауым мүшесінің ортақ міндеті деп ойлаймын.

Бүгінде қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге шығару бағытында нақты қадамдар жасалып жатыр. Біз Төлен Әбдік, Жүсіпбек Қорғасбек және Қанат Әбілқайыр сынды қаламгерлердің шығармаларын халықаралық «Букер» сыйлығына ұсыну үшін жүйелі жұмыстарды бастап кеттік. Меніңше, бұл — Нобель сыйлығына апарар жолдағы маңызды баспалдақтардың бірі. Аталған қаламгерлердің туындыларын ағылшын тіліне сапалы аударып, шетелде басып шығару — күрделі әрі ауқымды жұмыс. Мұны жеке қаламгердің жалғыз өзі атқаруы қиын. Сондықтан бұл жауапты істі Қазақстан Жазушылар одағының өз қолына алуы — уақыт талабынан туған дұрыс әрі орынды шешім. Президенттің халыққа берген биылғы сұхбаты қоғам үшін айрықша мәнге ие. Бұл сұхбат тек ақпарат берумен шектелмей, елдегі ашық диалогты дамытуға, зиялы қауыммен тұрақты байланыс орнатуға қызмет ететін маңызды рухани алаңға айналып отыр.

Жиынды қорытындылай келе, Мереке Әбдешұлы бүгінгі басқосуға арнайы келіп қатысқан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Исаға және ҚР Мемлекеттік кеңесшісі хатшылығының консультанты, ақын Қалқаман Саринге қаламгерлер қауымы атынан алғысын білдірді.

Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікірталастан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық. Бірде-бір дәуірде, әсіресе саяси аласапырандар кезеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Азаматтардың жаңа дәуірге бейімделуіне, жаңа білім алуына да баспасөз айрықша үлес қоса алады. Оқу мәдениеті жоғары қоғам, Президент сұхбатында айтылғандай, алдыңғы шепте болары анық.

Мемлекет басшысы К.Тоқаевтың ауқымы кең, алдағы жылдарға бағдар сұхбатының халыққа берері көп.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор:

## ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫ ҚАМТЫЛҒАН ОЙЛЫ СҰХБАТ

— Республикалық ұлттық басылым «Turkistan» газетінде жарық көрген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты бүкіл елдің назарын аударды. Ең бастысы, халық күткен, бүгінгі дәуірде, ХХІ ғасырда өзекті болып отырған және қоғам мүшелерін алаңдатып жүрген көптеген мәселелерге, көкейдегі сауалдарға жауап таптым. Биылғы «Turkistan» газетінде басылған сұхбат өткен жылғы «Ана тілі» газетіне берілген сұхбатты қайталаған жоқ. Әңгіме «Түркістан» ұғымның мән-мағынасына, астарына үңіліп, осы атаумен аталған газеттің қоғамда өз орны бар екенінен басталып, жалпы, қазақ басылымдарының, қазақ тіліндегі ақпарат құралдарының маңыздылығын айшықтаумен жалғасты. Алдағы жылдарда қазақ баспасөзінің өрлеу дәуірі күтіп тұрғанын айтқаны да өте орынды. Президент қазақ басылымдарының жолын ашар толымды тұжырымын жай ғана айтып қоймай, түрлі интернет көздері мен желі беттеріндегі жылт еткен дүниелерді қызықтағаннан гөрі ойлы дүниелерді оқу әлдеқайда пайдалы екенін

ішкі экономикалық өсімнің 6 пайызға жеткенін және өнімнің де бұрын-соңды болмаған жоғары сипатта көтерілгенін, алдағы уақытта да ел әлеуеті жоғарылай беретінін айтты.

Жарты ғасырға жуық әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет етіп жүрген жан ретінде сұхбаттағы білім және ғылым саласы турасындағы Президент сөздеріне қатты мән бердім. Қазақстанның болашағы ғылымда, ғылыми инновацияда екенін, инновациялық-креативтік жобалар елімізді өрге сүйрейтінін, білім мен ғылымға әрқашан басымдық берілетінін алға тартқан Мемлекет басшысы цифрландыру, жасанды интеллект заманында Қазақстан алдыңғы көште болу керек екенін жеткізді. Бүгінде ғылымның басты жетістіктерінің бірі — жасанды интеллект барлық салаға енуде. Сондықтан ел Президенті бұл бағытта артта қалмауымыз керек деген мақсатты бекем ұстанып отыр. 2026 жылды «Жасанды интеллект жылы» деп атауға пәрмен бергені де осы ұйғарымнан туған.

Мемлекет басшысының сонымен бірге экономикаға, аграрлық секторға көңіл бөлінгені ұнады. Бұған дейін де бұл салаға аз қаржы құйылмағанын, ары қарай да солай жалғасатынын, дегенмен бөлінген қаржыны тиімді пайдаланып, осы жүйедегі тетіктер, ұлттық холдингтер, еңбек ұжымдары мемлекетке ауыз ашып отырмай, өз күндерін өздері көретін деңгейге көтерілу керектігін, сырттан дайын өнімді алып тұтына бермей, өзіміз де өнім шығарып, мемлекет бюджетін толықтыруымыз қажеттігін нығырлап айтқанын қолдаймын.

Сұхбатта айтылған дүниелердің орындалуы маңызды. Бірнеше ай бұрын ғана Президент жарлығымен Ішкі саясат

# БИІКТІК. КЕҢДІК. ТЕРЕҢДІК



Республика сарайында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған қазақ поэзиясының классиктері – Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев және Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 90 жыл толуына орай «Биіктік. Кеңдік. Тереңдік» атты поэтикалық-мәдени кеш жоғары деңгейде өтті.

Аталған рухани шара ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті үш алып тұлғасының шығармашылық мұрасын терең пайымдауға, ұлттық әдебиеттегі орны мен рухани биігін бүгінгі көзқарас тұрғысынан қайта зерделеуге арналды. Кештің атауы да ақындар болмысының көркем әрі дәл сипаттамасына айналып, поэзиядағы даралық сипатын айқын көрсетті.

Кеш барысында Қадыр Мырза Әлінің ой биігі мен философиялық тереңдігі, ұлттық мінезді, қоғамдық сана мен адам болмысын терең зерделеген поэзия тақырыбы кеңінен ашылды. Тұманбай Молдағалиевтің қазақ лирикасындағы сезім кеңдігі, махаббат пен адам жанының нәзік қырларын айрықша сыршылдықпен жырлаған туындылары көрерменге ерекше әсер сыйлады. Ал Жүмекен Нәжімеденовтің терең ойлы,

күрделі ішкі әлемге құрылған, азаматтық пафосы жоғары, ұлт тағдырына алаңдаған поэзиясы кештің рухани өзегіне айналды.

Поэтикалық кеш аясында үш ақынның ең тандаулы өлеңдері оқылып, олардың адам мен қоғам, махаббат пен тағдыр, ел мен жер, рух пен жауапкершілік тақырыбындағы көркем ой-толғаныстары көрерменге әсерлі түрде жеткізілді.

Көркемсөз оқу, сахналық поэтикалық композициялар, бейнеүзінділер мен музыкалық сүйемелдеу кештің мазмұнын байытып, оның көркемдік деңгейін арттыра түсті.

Сонымен қатар ақындардың сөзіне жазылған танымал әндер орындалып, поэзия мен музыка үндестігі арқылы олардың шығармашылық әлемі жаңа қырынан ашылды. Бұл көріністер Қадыр, Тұманбай, Жүмекен поэзиясының бүгінгі ұрпаққа берер тағылымы мол, адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік идеяларының мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте айқындай түсті.

Кештің ашылуында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов пен Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов сөз сөйлеп, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларын ұлықтаудың маңызына тоқталды. Олардың мазмұны терең, салмақты лебіздері көрерменнің көңіл күйін көтеріп, рухани кештің мәнін айқындай түсті.

«Биіктік. Кеңдік. Тереңдік» атты поэтикалық кеш – тек мерейтойлық еске алу шарасы ғана емес, қазақ поэзиясының алтын қорын жаңаша зерделеп, ұлттық әдебиетке деген құрметті күшейткен мазмұнды рухани басқосу болды. Бұл тағылымды кеш үш бірдей алып ақынның өшпес мұрасы ел жадында мәңгі сақталатынын, олардың поэзиясы ұрпақпен бірге жасай беретінін тағы бір мәрте дәлелдеді.

## АЛМАТЫНЫҢ РУХАНИ КЕЛБЕТІН АЙШЫҚТАҒАН КЕШ

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің концерт залында Алматы қаласының әкімдігінің қолдауымен, Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен «Алматы – арман қала» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Қала жұртшылығы мен өнерсүйер қауымды бір арнаға тоғыстырған кештің ашылуында Алматы қаласы мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов сөз сөйлеп, әсем шаһардың қазақ әдебиеті мен өнеріндегі айрықша орнына тоқталды. Алматының ғасырлар бойы қаламгерлер мен өнер иелерінің рухани ордасы болып келгенін, қазақтың көптеген классик ақын-жазушыларының шығармашылық жолы осы қалада қалыптасқанын атап өтті. Сондай-ақ мұндай әдеби-сазды кештің ұлттық руханиятты дәріптеудегі және жас қаламгерлерге қолдау көрсетудегі маңызы-

на ерекше мән берді.

Әдеби-сазды кеш Алматының көркем келбетін, тарихы мен рухани тынысын бейнелейтін бейнематериалмен ашылды. Алатаудың ақ бас шыңдары, жасыл желекке оранған көшелері мен қала өмірін айшықтаған көріністер көрермендерді бірден Алматының ерекше рухани әлеміне жетеледі.

Кеш барысында қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлінің Алматыға арналған жырлары оқылып, шаһардың көркем бейнесі поэзия тілімен өрнектелді.

Сонымен қатар кеште «Алматы – арман қала» республикалық жыр мүшәйрасының қорытындысы шығарылып, еліміздің әр өңірінен қатысқан ақындар арасынан үздік деп танылған авторлар марапатталды.

Әдебиет пен әуен астасқан «Алматы – арман қала» әдеби-сазды кеші Алатаудың алтын алқасы – Алматының рухани келбетін айшықтап, көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Қазақстан Жазушылар одағының Баспасөз қызметі

## «АСЫЛ СӨЗ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп тағайындаған «Асыл сөз» сыйлығы өткен жылдан бастап дәстүрлі түрде беріліп келеді. Поэзия номинациясы бойынша бұл мәртебелі марапат биыл Алмас Ахметбекұлына, проза номинациясы бойынша Заря Жұмановаға табысталды. Бұл сыйлық отандық әдебиетті қолдауға және шығармашылық иелерінің еңбегін кеңінен насихаттауға бағытталған.



Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров осы өңірде тұратын Қазақстан Жазушылар одағының мүшелерімен арнайы кездесіп, ұлттық руханияттың бүгінгі мен болашағы жайында мазмұнды әңгіме өрбітті. Еркін форматта өткен бұл қабылдауда аймақтың мәдени-әдеби өмірі, қаламгерлердің қоғамдағы орны және шығармашылықты билік тарапынан қолдаудың маңызы сөз болды.



## РУХАНИЯТҚА ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ

Жыл қорытындыланып жатқанда, қордаланған шаруалардың арасында қаламгерлермен кездесуге уақыт тапқан Асхат Берлешұлы сөз басын:

«Әкімі ақының іздеген ел зор болар, Ақыны әкімін іздеген ел қор болар», деген тәмсілмен бастап, қаламгерлердің ел өміріндегі рөліне ерекше тоқталды.

Облыс әкімінің «Елге басшылық – уақытша қызмет, ал руханиятқа қызмет ету өлшемге сыймас қасиеттің, таланттың жемісі. Іргеміз берік, еңсеміз биік, әлеуетіміз мықты болуы үшін рухани құндылық бәрінен биік тұруы керек» деген сөзі тыңдаушылардың көңіліне риза сезім ұялатты.

Жазушылар одағы қоғамдық бірлестік болғаннан кейін бюджеттен қаржыландырылмайтыны белгілі. Алайда руханияттың дамуына салынған инвестиция – ол елдің ертеңіне, ұл-

шыққан кітаптарын табыс етті. Асхат Берлешұлы өзінің ақын-жазушыларға, жалпы қаламгерлерге үлкен құрметпен қарайтынын және қызметінің қауыртылығына қарамай, күн сайын ертеңгісін бір сағат уақытын кітап оқуға арнайтынын айтып, бұл кітаптарды қуана қабылдады.

Кездесу барысында облыс әкімі Асхат Шахаров қазақ сөз өнерін дамытуға үлес қосып жүрген жергілікті 27 қаламгердің әрқайсысына өзінің арнайы тағайындаған «Қазына» әдеби грантын табыс етті. Президент тапсырмасымен Ақтөбе қаласында бой көтеріп жатқан заманауи драма театрының ғимаратынан қаламгерлерге арнайы кеңсе бөлмелерін беретінін де айтып, жиналғандарды және қуантты.

Асхат Шахаровпен болған осы кездесуде қатарында Мейірхан Ақдәулетұлы, Ертай

### Асхат ШАХАРОВ:

«Өңіріміздің экономикасын дамытуға инвестиция жасап, төндерлерді ұтып жақсы пайда тауып жатқан компаниялар, жеке кәсіпкерлер баршылық, солардың ішінен қазақтың өнері мен мәдениетін, әдебиетін қолдайтын, қол қайырымы мол үлкен жүректі азаматтардың, меценаттардың табылатынына сенімім мол, солардың көмегімен қаламгерлердің мұң-мұқтажын оң шешуге ықпал етеміз».

тық сананың қалыптасуына салынған инвестиция екенін жақсы білетін облыс әкімі әдеби қауым өкілдерінің ұсыныс-пікірлерін әрдайым өз назарында ұстап, алдағы уақытта бекітілген жобалар аясында Жазушылар одағымен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Мазмұнды ойлармен, келелі ұсыныстармен, рухани үндестікпен өрбіген бұл кездесу барысында аға буын атынан сөз сөйлеген ақын, ҚР Педагогика ғылымдары академиясының академигі Нұрлыбек Қалауовтың жергілікті жазушылардың «Ақтөбе қаламгерлері» қоғамдық қорына қаржылай демеушілік көрсетілсе деген өтінішін және ақын Гүлімай Қуанышованың жас қаламгерлердің «Рухнама» шығармашылық орталығының жұмысын жандандыру туралы көтерген мәселесін Асхат Берлешұлы түсіністікпен қабылдады.

Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облыстық филиалының директоры Бижан Қалмағанбетов осы Одақтың Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің атынан облыс әкімі Асхат Шахаровтың жеке кітапханасына этнограф-ғалым Зейнолла Сәніктің айрықша құнды энциклопедиясын және өңір қаламгерлерінің соңғы бір-екі жылда

Ашықбаев, Жақсылық Айжан, Зияш Телеуова сияқты белгілі қаламгерлер бар филиал мүшелерінің бәрі облыс басшысына көрсетілген құрмет пен қолдауы үшін ризашылықтарын білдіріп, өңірдің рухани дамуына өз үлестерін қоса беруге дайын екендерін айтты.

Кездесу соңында облыстық мәслихаттың төрайымы Г.Р.Сүйінтаеваның, облыс әкімінің орынбасары Ж.Н.Батырханның, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ә.М. Байнешовтың, облыстық мәдениет басқармасының басшысы А.Ю.Юнисованың, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы А.Қ.Қонақбаевтың қатысуымен Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облыстық филиалының 2026 жылға белгілеген жұмыс жоспары талқыланды.

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровпен өткен осы тағылымды басқосу өңірімізде әдебиет пен мәдениетке деген қамқорлықтың жоғары деңгейде екендігін айқын көрсетті. Бұл көрсеткіш басқа облыстарға үлгі болуға тиіс деп ойлаймыз.

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛОВ,  
Қазақстан Жазушылар одағының  
Ақтөбе облысындағы өкілі

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНДА ЖЫЛҚЫ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛСА

(Басы 1-бетте)

Бұл идея әу баста «Ана тілі» ұлт апталығында жүргенде туып еді. Жігіттерге тапсырма беріп, «Қазақстанда жылқы мұражайы бар ма?» (1 – 7.12.2022) деген мақала да жарияланғанбыз. Бірақ оған билікте пысықырып қараған ешкім де болмады. Енді жылқы жылында тағы бір айтып қалудың сәті түсіп тұр. Кейінірек біліп отырмын, мұндай ұсыныс бұрынғырақ осы саламен айналысатын белгілі азаматтардың да қаперінде болған екен. Жылқы туралы энциклопедиялық еңбек жазған тарих ғылымдарының докторы А.Токтабай, Құлагерге ескерткіш қойған С.Түгел, «Аргымақ» сайтының редакторы Е.Жаубай осы мәселені талай көтеріп, тауы шағылғанға ұқсайды. Болмаса жігіттер мұражайдың тұжырымдамасын, жәдігерлер тізімін жасап, тиісті орындарға әлдеқашан ұсынып та қойған. Тек Президент тапсырма бермесе тұяғын қимылдатпайтындарға бір дүмпу керек болып тұр. Қысқасы, мұражай ашу үшін қызықты, танымдық деректер жеткілікті. Жылқының бір ғана жасына қарай жиырма шақты атау бар болса, ат өзбелдеріне қатысты елуден астам

этнографиялық пайым, атаулар кездеседі. Әлгіндегі азаматтардың айтуынша, біздің жылқыға қатысты аса құнды жәдігерлеріміздің біразын әдеттегідей «Эрмитаж», Мәскеудегі Ломоносов атындағы мұражай бауырына басып жатқан көрінеді. Кезінде Өзаған, Өзбекәлі Жәнібеков ашқан Ы.Дүкенұлы атындағы Ұлттық саз аспаптары мұражайының әлемді қайда, ТМД-да аналогы жоқ еді. Тіпті Ельциннің осы мұражайға келіп тұрып, өзінің мәдениет министріне: «Мәдениетті құтқаруды, көтеруді қазақтардан үйреніңдер» деп айқай салғаны да есімізде. Айтпағым, сол деңгейде тағы бір мұражай ашу үшін енді көп дәлелдің қажеті бола қоймас. Көне тарихты айтпағанда, бергінде үш рет олимпиада чемпионы болған Абсент (аса танымал журналист Ж.Аупбайдың атакты очеркін еске түсіріңіз) «Луговой» жылқы зауытынан шыққанын кім білмейді!? Жаһандандудың түсінікті әрі түсініксіз бір түрі жасанды интеллект жағадан алып жатқанда елдігінді, ұлттық болмысынды шынайы танытатын да, «Жаңа Қазақстанның» абыройын асқақтатын да осындай жаңа іс, жаңа жобаларға негізделген жасампаз жаналықтар екеніне дауыңыз болмас.

# 2025 ЖЫЛҒЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯ ИЕГЕРЛЕРІ

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес 2025 жылы мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия берілсін.

2. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.  
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №269 өкіміне қосымша: 2025 жылы мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия берілген адамдардың дербес құрамы

## ӘДЕБИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Айтқожа Марфуға – 1936 жылы туған, ақын, II дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атақтарының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Ақсұңқар Серік – 1950 жылы туған, ақын, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Амантай Дидар – 1969 жылы туған, жазушы, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты  
Асқар Әлібек – 1951 жылы туған, жазушы, II дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Ахметова Зейнеп – 1945 жылы туған, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Әбдікүлі Төлен – 1942 жылы туған, жазушы, I дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атақтарының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Әшіров Ахмет – 1938 жылы туған, жазушы-драматург, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атақтарының иегері  
Бактыгереева Ақшұтап – 1944 жылы туған, ақын, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Бөпешанова Әлия – 1952 жылы туған, әдебиет сыншысы, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Елғондинова Заида – 1947 жылы туған, ақын, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Елубаев Смағұл – 1947 жылы туған, жазушы, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атақтарының иегері  
Жағанова Алтыншаш – 1945 жылы туған, ақын, драматург, III дәрежелі «Барыс» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Жайлыбай Ғалым – 1958 жылы туған, жазушы, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



Жанғалиев Төлеген – 1950 жылы туған, ақын, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Жолдасбеков Мырзатай – 1937 жылы туған, мемлекет және қоғам қайраткері, «Отан», I және III дәрежелі «Барыс», «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері  
Иманғазина Бибігүл – 1940 жылы туған, жазушы, I дәрежелі «Барыс», «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Исабаев Нұртас – 1954 жылы туған, ақын, «Құрмет» орденінің иегері  
Қабышұлы Ғаббас – 1935 жылы туған, сатирик, «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағының иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Қуатов Дәурен – 1973 жылы туған, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының түркі әлемі жазушылары сыйлығының лауреаты  
Мұқанова Роза – 1964 жылы туған, драматург, «Құрмет» орденінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Нұржан Светқали – 1962 жылы туған, ақын, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Нұржекев Бексұлтан – 1941 жылы туған, жазушы, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атақтарының иегері  
Нұрмағанбетов Тынымбай – 1945 жылы туған, жазушы, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Рахымжанова Айзада – 1991 жылы туған, ақын, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері  
Салғараұлы Қойшығара – 1939 жылы туған, жазушы, ғалым, III дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Салықбаева Гүлнара – 1963 жылы туған, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты  
Сүлейменов Олжас – 1936 жылы туған, ақын, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының, «Отан» және I дәрежелі «Барыс» ордендерінің, «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағының иегері  
Тұрғынбекұлы Серік – 1946 жылы туған, ақын, «Парасат» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған  
Шапай Тұрсынжан – 1957 жылы туған, жазушы, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері.

## ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Айтуаров Ерлан – 1950 жылы туған, суретші-кескіндемеші, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Асылханов Ермек – 1951 жылы туған, суретші-дизайнер, «Құрмет» орденінің иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған  
Ахметова Шайза – 1948 жылы туған, актриса, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері  
Әспетова Күлжахан – 1946 жылы туған, актриса, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері  
Әбілтай Шәмил – 1948 жылы туған, күйші-домбырашы, II дәрежелі «Барыс» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Байбосынов Қайрат – 1950 жылы туған, әнші, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының, «Парасат» және II дәрежелі «Достық» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Байсейітова Раушан – 1947 жылы туған, балерина, «Құрмет» орденінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Балаев Геннадий – 1940 жылы туған, актёр, «Парасат» орденінің иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған  
Беккүлова Айжан – 1954 жылы туған, колөнерші, «Құрмет» орденінің иегері  
Беркенова Әсия – 1950 жылы туған, айтыскер, III дәрежелі «Барыс» және «Құрмет» ордендерінің иегері  
Бубә Нәлли – 1949 жылы туған, суретші, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының құрмет медалімен наградалған  
Ерманов Жүрсін – 1951 жылы туған, ақын, «Отан», «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Еслямова Самал – 1984 жылы туған, актриса, «Құрмет» орденінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері, Канн кинофестивалінің ең үздік әйел рөлі үшін жүлдесінің және Азия киноакадемиясының «Азияның ең үздік актрисасы» жүлдесінің, Ресей кинематография өнері академиясының «Ника» сыйлығының лауреаты  
Жайымов Айтқали – 1947 жылы туған, дирижер, композитор, «Парасат» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атақтарының иегері  
Жақанов Илия – 1936 жылы туған, музыкантанушы, өнертанушы, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының, «Отан» және «Парасат» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Жаманбаев Базарғали – 1942 жылы туған, дирижер, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Жаманқұлов Тұңғышбай – 1948 жылы туған, актёр, III дәрежелі «Барыс», «Парасат» және II дәрежелі «Достық» ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Жанпейісова Лариса – 1947 жылы туған, суретші-кескіндемеші  
Жолжаксынов Досхан – 1951 жылы туған, актёр, кинорежиссер, «Отан» және «Құрмет»

ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Жүзбай Жанғали – 1961 жылы туған, күйші, «Құрмет» орденінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері Кесогол Пантелей – 1955 жылы туған, әнші, I дәрежелі «Барыс», II дәрежелі «Достық» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Клушкин Юрий – 1937 жылы туған, музыкант, «Парасат» орденінің иегері  
Крымская Валерия – 1942 жылы туған, актриса, «Парасат» және II дәрежелі «Достық» ордендерінің иегері  
Қалилабекова Хорлан – 1944 жылы туған, әнші, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері  
Қастеева Зарема – 1947 жылы туған, балерина  
Қасымов Қуандық – 1957 жылы туған, актёр, «Құрмет» орденінің иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған  
Қыдырбек Балнұр – 1955 жылы туған, композитор, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Ли Камилла – 1944 жылы туған, өнертанушы, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Максим Екатерина – 1990 жылы туған, актриса, II дәрежелі «Достық» орденінің иегері  
Мәлібекұлы Жандарбек – 1942 жылы туған, сәулетші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы, I дәрежелі «Барыс» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Молдағали Фархат – 1993 жылы туған, режиссер, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты  
Мудряк Мария – 1994 жылы туған, опера әншісі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері  
Мұқатаева Алтыншаш – 1991 жылы туған, әнші, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградалған  
Мұхамедқызы Майра – 1969 жылы туған, әнші, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атақтарының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Мышбаева Нүкетай – 1936 жылы туған, актриса, «Парасат» орденінің иегері  
Недлина Валерия – 1982 жылы туған, музыкантанушы, музыкалық сыншы  
Нұрбек Алтынай – 1985 жылы туған, актриса, «Шапағат» медалімен наградалған  
Нүсіпжан Нұрғали – 1937 жылы туған, әнші, III дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Обаев Есмұхан – 1941 жылы туған, режиссер, I және II дәрежелі «Барыс», «Парасат» ордендерінің иегері  
Оразбаев Сәбит – 1936 жылы туған, актёр, «Отан», I дәрежелі «Барыс», «Парасат» және I дәрежелі «Достық» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Өтекешева Меруерт – 1951 жылы туған, актриса, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері  
Разиева Гульвер – 1936 жылы туған, әнші, «Парасат» орденінің иегері  
Рахманова Махинұр – 1948 жылы туған, актриса  
Сұлтанғазы Бәзіл – 1998 жылы туған, актёр, режиссер  
Томанов Мұханғали – 1973 жылы туған, режиссер, «Құрмет» орденінің иегері  
Төлегенова Бибігүл – 1929 жылы туған, әнші, «Отан» және I дәрежелі «Барыс» ордендерінің, «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағының иегері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

**Серікқазы ҚОРАБАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, профессор

Алаштың ақырғы абызы деп халқымыздың ұлық перзенті, нағыз ғалым, жан-жақты дарын иесі Қайым Мұхамедханұлы тұлғасына байланысты айту ешбір артық етпейді. Арабша «абыз» сөзі «сақтаушы, қорғаушы» және «Құранды жатқа білуші» деген мағыналарды білдіреді екен. Қайым аға, шын мәнінде, ұлтын жан-тәнімен сүйген, ұлт мәдениетін қызғыштай қорғаған қайраткер болды. Екінші мағынасында кеңестік қырағы идеологияға қарамастан Құранды жатқа білді, ол білімін жүрек түкпірінде сақтап, қолдап келді.

Қазақша мағынасында «ғұлама, дана, әулие, шарапатты, көріпкел адам» ретінде сонау ықылым заманнан Тоныкөк, Әбунасыр әл-Фараби, Асан қайғы, Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, ХІХ ғасырдағы Дулат, Махамбет сияқты бабаларымыз, ұлы Абай мен Әлихан Бөкейханов бастаған алаш қайраткерлерін ардақты «абыз» сөзімен зерделесек, бұл сөзді Мұхтар Әуезовтей ғұлама абыздың сенімді шәкірті болған Қайым Мұхамедханұлы есімімен тығыз байланыстырамыз.

Азаттық пен ел бірлігінің ұраны «Алаш» ұғымына өмір бойы адал болып, ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу жолында қажымас қайраткерлік танытқан Қайым Мұхамедханұлы өзінің алаштық ұстанымын өзі туып өскен Алаш қаласында (Семейдің Жаңасемей бөлігі) туып тіккен Алашорда мұраттарымен тығыз ұштастырып, бүкіл ғылыми-жазушылық шығармашылығы мен ұстаздық қызметіне берік темірқазық етті. Әлихан, Ахмет, Міржакып сынды алаш көсемдері мен Шәкәрім, Мағжан сынды ақиық ақындарының көзін көріп, олардың ақ батасын алу бақыты бұйырған Алаш ұранды азамат сол ұлылар көшінің заңды жалғасы ретінде ел жадында қалды.

«Ұлт зиялыларының алдыңғы шебінде болып, қалам қуатымен халқы үшін аянбай тер төккен ардақты Қайым аға сегіз қырлы, бір сырлы жан еді. Алаш ардақтыларының алтын бесігі болған қасиетті Семей топырағынан нәр алып, Мұхтар Әуезовтің талантты да адал шәкірті болды. Ғылымның қия жолында ұлы ұстазымен бірге Абайдың ақындық мектебін таныту жолында талмай еңбек етіп, сол үшін де жазықсыз жапа шекті. Сонда да қайтпас қайсар Қайым аға мойымады, тәуелсіздік таңы атып, егемендік туы желбіреген шақта жаңа күш-жігермен сол тақырыпты қайта қолға алып, «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітабын оқырманға ұсынды, сөйтіп, Абайдың ақындық мектебін еліне жарқыратып танытты» деп жазған болатын академик Сейіт Қаскабасов Қайым ақсақалдың дүниеден өтуіне байланысты 2004 жылы 2 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абайтанудың беделді ақсақалы еді» атты мақаласында. Шынында да солай,

ол абайтанудың асқан білгірі болып қана қоймай, ұлт әдебиеті тарихын терең зерттеген ғалым болды.

Ұзақ жылдар бойы Семей педагогикалық институтында оқытушылық қызмет атқарған педагог-ғалым ұстаздығына қоса әдебиет тарихының өзекті мәселелеріне дендеп барып, орыс және өзге әдебиеттердің көрнекті өкілдері туралы ғылыми-танымдық мақалаларын сол кездегі Семей облысының қоғамдық-саяси үні ғана емес, әдеби-тарихи айнасы болған «Семей таңы» газетінде үзбей жариялап тұрды. Сол себепті де зерделі зерттеушінің осы байырғы басылым бетінде жарық көрген әр жаңа мақаласы немесе зерттеуі оқырман үшін өзіндік оқу курсына айналып, ұстаздарының еңбектерін іздеп, құмарта оқитын шәкірттері үшін ізгілік пен парасаттылық туралы баяндап, қазақ елі мен алаш жұртының өткеніне үніліп, ұлт мәдениеті мен әдебиетінен тың деректер берген әсерлі сабақтар ретінде есте қалды.

Профессор Қайым Мұхамедханұлының ғылыми-педагогикалық, әдеби және рухани мұрасы өте ауқымды. 2005–2011 жылдары белгілі жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың жетекшілігімен ғалымның онтомдық шығармалар жинағының жарық көруі ерекше атап өтуге тұрарлық оқиға болды. Ал, шын мәнінде, жазушы, ғалым, драматург Қайым Мұхамедханұлының мол мұрасы жиырма томнан да асып кетері бек мүмкін. Онтомдық бір ізге келтірілмей, асығыс дайындалғандай көрінді. Көптомдықты дайындаудың негізгі шарттары ескерілмеген, яғни шығармалардың хронологиялық реті сақталмаған, ғылыми түсініктемелер берілмеген. Әрине, ғалымның ғылыми-жазушылық лабораториясы біршама қамтылған. Соған қарамастан әдебиет тарихы мен мәдениет мәселелеріне байланысты көптеген құнды мақалалары бұл жинаққа енбей қалған. Мәселен, абайтанушы-ғалымның 1945 жылы «Екпінді» (қазіргі «Семей таңы») газетінің қыркүйек айындағы бірнеше санында жарияланған «Абайдың әдеби мектебі» атты зерттеуінің ғылыми-танымдық маңызы зор. Ғалымның ұстазы Мұхтар Әуезов кеңесімен Абайдың әдеби мектебі сияқты күрделі мәселені зерттеуге барар жолдағы өзі таңдап алған тақырыпты кеңінен қамтып жазған бұл мәнді де мағыналы тырнақалды еңбегін ескеріп, ғылыми айналымға енгізген жөн. Сондықтан алдағы уақытта өзі өмір бойы қызмет еткен қазіргі Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті онтомдық жинақты құрастырушылар тобымен бірлесіп, ғалым-ұстаздың көптомдық толық шығармалар жинағын дайындап шығарса, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі бұл болашақ ұрпақ үшін қажет игілікті іс болмақ. Тек қолжазба мұрасы ғана емес, облыстық, республикалық басылымдарда 1940–2000 жылдар аралығында жарияланған зерттеу мақалаларын тиянақты түрде іздеп қамтыса, рухани байлыққа кенелер едік. Бұл, біріншіден, ұлт әдебиеті мен мәдениетін зерттеумен айналысып жүрген жас ғалымдарға қажет, екіншіден, Қ.Мұхамедханұлының бай ғылыми мұрасы еліміздің жоғары оқу орындарының студенттері мен жалпы білім беретін мектептер оқушыларының рухани-адамгершілік, ұлтжандылық тәрбиесінде өзіндік орны бар баға жетпес қазына екенін назарға алу керек.

Қазақтың көрнекті ғалымы, әдебиет зерттеуші, абайтанушы, текстолог, ақын, жазушы-драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының

лауреаты, профессор Қайым Мұхамедханұлының туған халқының рухани қазынасына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Оны айтып тауысу мүмкін емес. Өйткені ғалым әдебиет, оның ішінде, абайтану саласында алпыс жылдан астам уақыт жемісті еңбек етті. Ғылыми-зерттеу еңбектер, көркем шығармалар жазды, көптеген аудармалар жасады. Туа біткен дарыны мен қалам қарымынан туған жүрекжарды дүниелері оны үлкен биікке көтерді.

Мұхтар Әуезовтің адал шәкірті болып, Абайдың әдеби мектебін зерттегені үшін де сталиндік лагерьде жандық азаттың талайын көріп, мандайы тасқа соғылса да, рухы жасымаған Қайым Мұхамедханұлы туралы көп айтуға болады. Қай қырын алсақ та, оның азаматтық тұлғасы жарқырай түсері анық. Оның есімінің қазақ тарихында ерекше аталуының тағы бір мәні – Қазақстанның тұңғыш Әнұранын жазған бірегей тұлға екендігі. Сол әнұранды бәріміз

шығармашылығын зерттеп насихаттауға арнайды.

Мұхтар Әуезов абайтанудың негізін қалап, оның тізгінін өзінің жолын қуған Қайымдай талантты шәкіртіне ұстатып кетсе, ол ғылымға бағыт берген ұстазының сенімін ақтап, алпыс жылдан астам уақыт бойы заңғар биіктен көріне білді.

Абайдың ақындық мектебін жеке нысан ретінде зерттеп, 1951 жылы осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Бұл еңбегінде Абай мен оның шәкірттеріне тағылған кінәнің негізсіз жала екенін дәлелдей отырып, әділ бағасын береді. Бірақ ғалымның бұл батыл ғылыми ұстанымы тырнақ астынан кір іздеген ғалымсымақтар мен саяси жүйеге ұнамады. Сонына шырақ алып түсіп, қуғынға ұшыратты. Алғы сөзін М.Әуезов жазып, мәтіндерін бірнеше жыл бойы Қайым Мұхамедханов жинап құрастырған «Абайдың шәкірттері» жинағы баспаға жетпей жойыл-

# АЛАШТЫҢ



Қайым Мұхамедханұлы мен Мұхтар Әуезов Семей қаласы 1940 жыл

де «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Бостандық өмірге ар үшін қиған жан» деп жаттағанымыз белгілі. Ал, шын мәнінде, оның Қайым аға жазған алғашқы нұсқасы «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» болып шыққанын ел енді ғана біле бастады.

Ғалымның абайтану ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ұлттық әдебиеттанудағы тың саланы өзінің басты ғылыми бағыты етіп алуының себебін айғақтайтын маңызды бір құжат бар. 1940 жылы Абайдың 100 жылдығын өткізуге байланысты құрылған мемлекеттік комиссияда Қайым Мұхамедханов ғылыми хатшы болып бекітіліпті. Сол кезде 24-тен енді асқан жас ғалым 1945 жылы Абайдың ақын шәкірттері туралы мақалалар сериясын жариялайды. Осылайша, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен оның достығы Абайды терең танауға, жан-жақты зерттеуге жол ашты. Ол өзінің бүкіл саналы ғұмырын ұлы ақын мен оны үлгі-өнеге тұтып, поэзияға бой ұрған талантты шәкірттерінің

ды, ал зерттеуші жас ғалым жазықсыз тұтқындалып, бірнеше жыл Карлагта жапа шекті, адам төзгісіз қорлық пен зорлықты бастан кешті.

Қайындай қайыспайтын Қайымды басқа түскен бұғау да, темір тор да мұқалта алмады. Жігеріне жігер қосып шындалып шыққан ол, ақталғаннан кейін бұрын бастаған сүйікті ісі – абайтану мәселелерін зерттеуге қайта құлшына кірісті. Содан беріде өткен алпыс жылдан астам уақыт ішінде ол, абайтану ілімін алға жылжытып, қыруар іс тындырды. 1959 жылы «Абай шығармаларының текстологиясы» зерттеуін жарыққа шығарды.

Ал, жалпы, Қайым Мұхамедханұлының басына төнген қара бұлт еліміз егемендік алған жылдардан кейін ғана ыдырағаны шындық. Абайтану саласындағы зерттеу еңбектері мемлекет тарапынан қолдау тауып, әсіресе Абайдың 150 жылдық мерейтойы алдында ғалым шығармашылығына баса назар аударылды. Абай шығармаларының екі-

томдық академиялық жаңа басылымын әзірлеп шығару үшін Қайым аға сонау Семейден М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына аға ғылыми қызметкер болып шақырылды. 1951 жылы тыйым салынып, баспадан алынып тасталған «Абай шәкірттері» жинағын қайта толықтыра әзірлеп, бір кітап қана емес, төрт кітаптан тұратын «Абайдың ақын шәкірттері» деп аталатын ұлы ақынның талантты ізбасарлары туралы өз зерттеулері мен олардың шығармалары енген құнды еңбекті оқырманға тарту етті. 1993–1997 жылдары аз таралыммен шыққан бұл жинақ бүгінгі күні әдебиет сүйер қауым іздеп оқитын зәру басылымға айналды.

ЮНЕСКО көлемінде дүркіреп атап өтілген Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында қазақ тарихында жеке тарихи қайраткерге арналған тұңғыш «Абай» тұлғалық энциклопедиясын құрастырып шығаруға, Абайдың екі-томдық академиялық жаңа басылымын

тарихын ерте дәуірден бастап қарастыру идеясын қолдай отырып, орта ғасырлардағы түркі халықтарына ортақ әдеби жәдігерлерді зерттеуге қызығушылық танытты, бұл жазба ескерткіштерді қазақ мәдениетінің бір мұрасы ретінде қарастыру керектігі туралы байыпты тұжырымдама жасады.

1967 жылы 23 желтоқсанда Семей педагогикалық институтының филология факультетіндегі кезекті сабағында әлемге әйгілі ғалым, қазақ даласында өмірге келген шығыс ғұламасы Әбунасыр әл-Фараби туралы әңгімелеген ұстаз келесі дәрісін Қадырғали Қосынұлы Жалайыриге арнап, «Қазақ халқының тарихшы ғалымы» деп нақты атап көрсетеді. Ғалым-ұстаз «Қадырғали – қазақ тарихында көрінбей келген адам. Тек соңғы жылдары ғана Қазақстан тарихшылары оған көңіл аудара бастады. Қадырғалидың еңбегін тұңғыш жарыққа шығарған татар ғалымдары. Татарстан тарихында Қадырғали Жалайыри –

# АБЫЗЫ

дайындауға қатысты. Сонау 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бірігіп шығарған «Абай» журналының 70 жылдан кейін қайтадан жарық көруіне көп күш-жігер жұмсап, өмірінің соңына дейін оны шығарушылар тобының құрамында жемісті еңбек етті.

Абай мен оның ақындық мектебін зерттеу Қайым Мұхамедханұлының абайтанудағы негізгі бір бағыты болса, екінші үлкен бір еңбегі – Абай шығармаларының текстологиясын жете зерттеп сараптауы. Ұлы ақын өлеңдерінің текстологиясын ретке келтіріп, бір ізге түсіруде ғалымның 1959 жылы жарық көрген «Абай шығармаларының текстологиясы» атты монографиясының маңызы зор. Себебі абайтануға қосылған елеулі үлес болып бағаланған бұл іргелі зерттеу қазір де Абай шығармаларының жаңа басылымдарын әзірлеуде арқа сүйейтін, тірек болатын бірден-бір ғылыми еңбек ретінде пайдаланылып келеді. Ол жай жорамалдар жетегінде кетпей, нақты қолжазбалар мен кітаптарға сүйене отырып, Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында жіберілген кемшіліктерді айқындап берді. 1985 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Маржанды тозақ тұтпасын» деген мақаласында бұл күрделі мәселені қайта қозғап, Абай шығармаларының соңғы басылымдарында орын алған олқылықтарды тайға таңба басқандай етіп саралап көрсетті.

Алдағы уақытта Абай мұрасын зерттеушілер абайтанудың асқан білгірі Қайым Мұхамедханұлы еңбектеріне үнемі сүйеніп, ғибрат алулары тиіс. Данышпан Абай – дүниеге бірер ғасырда бір келетін құбылыс десек, сол Абайды өмір бойы зерттеген профессор Қайым Мұхамедханұлын ұлттық әдебиеттану ғылымының жарық жұлдызы, Алаш қайраткерлерінің арманын бүгінгі ұрпаққа жеткізіп кеткен арысымыз деп білеміз.

Ғалым өзінің ғылыми қызметінде Абай мұрасы мен ақындық мектебін, Абай мен Шәкәрім шығармаларының текстологиясын зерттеумен ғана шектелмей, кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында-ақ көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың қазақ әдебиеті

әлдеқашан құрметті орын алған тарихшы ғалым» деп татар ғалымдарының Қ.Жалайыри мұрасын зерттеуде ілгері кеткеніне назар аударып, бұл жағынан «Шоқан Уәлиханов Қадырғали Жалайыридің кітабына «Қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи ғылыми еңбек» деп зор баға берген» деген уәжін келтіреді де, ең соңында «Қазақтың үлкен тарихшы ғалымы Қадырғали Қосынұлы Жалайыридің өмірі мен ұмытылмас еңбегін ғылыми тұрғыдан зерттеу – Қазақстанның тарихшы, әдебиетші ғалымдарының алдында тұрған абыройлы міндеті деп осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын үлкен мәселе көтерген еді. Бұл озық ойды арқау еткен осындай ұсыныс айтуға құзыреті бар республика Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институтында істейтін ғалымның емес, шалғайдағы облыс орталығында өз бетімен ғылыми жұмыстар жүргізген ғалымның батыл пікірі болатын.

Қайым Мұхамедханұлы осындай ізгі ниетті ойын 1968 жылы 26 қарашада әйгілі тарихшы, ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати туралы дәрісінде де ашық білдірді. «Біз бүгінгі әңгімемізді қазақтың дулат руынан шыққан, әлемге әйгілі ғалымы, сегіз қырлы білімпаз, өнердің сан алуан саласын менгерген дана – Мұхаммед Хайдар Дулатиге арнаймыз» деп бастап, ол өз еңбегінде Алтын орда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, XV ғасырдың орта кезінде бұрынғы қазақ тайпалары бірігіп, жеке өкімет құрғанын бірінші рет ашық, кең көлемде, нақтылы жазған» деп атап өтеді. Осы тарихи еңбек туралы кеңінен әңгімелеп, Қазақ хандығының құрылуы туралы баяндалған тұсынан құнды деректер келтіреді, бұл кітапты орыс ғалымдары мен Ш.Уәлиханов зерттеп, тарихи зор баға бергенін айта келіп, «Қазақстан ғалымдары Мұхаммед Хайдар Дулатиді зерттеу мәселесін соңғы кезде қолға алып отыр. Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақ халқының мақтанышы, тарихи ұлы тұлға» деп ой қорытады.

Осылайша, сол жылдары қазақ әдебиетінің тарихын орта ғасырлардан бастап оқыту үрдісін Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)



нағыз ұлтжанды ғалым Бейсенбай Кенжебаев бастаған шәкірттері, Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбеков сынды жас ғалымдар мықтап қолға алса, Семейде алаш ұранды ғалым Қайым Мұхамедханұлы еш нұсқаусыз-ақ осы өрісті бастаманы іліп әкетіп, студенттер құрметіне бөленді. Ал Б.Кенжебаев, Қ.Мұхамедханов алғаш рет әңгіме етіп жеке ғылыми нысан ретінде қарастырған М.Х.Дулати мен Қ.Жалайыри шығармашылығын жан-жақты зерттеу ісі еліміз тәуелсіздік алған жылдары ғана жүзеге асты.

Үнемі жаңа атаулының басы-қасында жүретін бастамашыл ғалым елімізде қайта құру кезеңі белең алып, Алаш арыстарын ақтау ісі басталған 1988 жылы бірінші болып Шәкәрім туралы көлемді мақала жазғаны өз алдына, одан кейін халқына қайта оралған алаш көсемі Әлихан Бөкейханов, алаштың арда қайраткерлері Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан туралы да бірінші болып өзінің жеке мұрағатында сақталған материалдар негізінде көлемді зерттеу мақалалар жазып, Семей облыстық «Семей таны», «Иртыш» газеттерінде қазақ, орыс тілдерінде жариялады, бұл мақалалардың біразы республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде де жарық көргені белгілі. Осылайша, оқырман қауым алаш зиялылары туралы алғаш рет толық мағлұмат алған болатын.

Өркенді ұстаз, өнегелі ғалым өмір бойы үлкен ізденіс үстінде болды. Жаналыққа жаны құмар жан өзінің басты жұмысы – абайтану өрісін кеңейтуді мақсат етіп, Абай мұрасын насихаттап зерттеушілер туралы ғана емес, Абайдың 1909 жылы Петербургте жарық көрген алғашқы жинағын кітап етіп шығарған баспагер Илияс Бораганский туралы ұзақ жылдар бойы көп ізденді. Бұрынғы Кеңес Одағының түрлі ғылыми мекемелері мен кітапханаларына сұрау салып, көптеген архивтерде жұмыс істеу өз нәтижесін берді. Түркі халықтарының мәдениеті тарихында ерекше орны бар тұлғаның өмірі мен қызметін жан-жақты ашып көрсеткен «Қадірлі есім, аяулы еңбек» атты көлемді мақала жазып, Абайдың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында «Семей таны» газетінің 1971 жылғы 21 мамырдағы санында жариялайды. «Абайдың асыл әдеби мұрасын ең

алғашқы кітап етіп баспадан шығарған – Илияс Бораганскийдің есімі мен еңбегін қазақ халқы қадірлейді, ұмытпайды» деп оның еңбегін әспеттеп, қазақ және башқұрт қаламгерлерін баспагер өмірінің соңғы беймәлім кезеңін тиянақты зерттеуге шақырады. Шын мәнінде, ғалымның бұл еңбегі І.Бораганский туралы жазылған алғашқы да бірден-бір жалғыз мақала болып қалды.

Профессор Қайым Мұхамедханұлы өмір бойы Семей педагогикалық институтында қазақ әдебиетінен дәріс берді, ұлт әдебиеті мен мәдениеті туралы көптеген ғылыми зерттеулер мен мақалалар жазды, абайтану ілімін дамытудағы жетістіктері үшін ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Оны атақ, мансап қызықтырған жоқ. Өзі бала кезден сүйіп, еліктеп өскен Алаш көсемдері сияқты, ұлы ұстазы Мұхтар Әуезов сияқты ұлтына адал қызмет етті, халқының болашағын ойлап, еліміздің тәуелсіздігін армандады. Осы жолда әдебиеттанумен қатар, рухани саладағы көкейтесті мәселелермен айналысты. Ғалымды Абай мен Шәкәрім, Мұхтар мұрасы ғана емес, Семейдегі кітапханалар тағдыры, Абай музейінің жағдайы және басқа да мәдениет мәселелері толғандырды. Ол, осылайша, Алаш абыздары денгейіне көтерілді.

Ұлттық рухты сақтап, ұлттық ойды дамытушы тұлғасы бар ел, ұлық ұстазы болған ұрпақ бақытты десек, Қайым Мұхамедханұлы осындай абыз ақсақал болатын, ол ізгілік пен ақиқаттың қызметшісі, ар-ұяттың қорғаушысы, сөз сардары болды. «Өмірде табанды, бір сөзді болудың қияметін Қайым ағайы көрген адам аз. Міне, мәнді, елеулі еңбекті осындай адамдар жасайды, оның қызығын халық көреді. Соның арқасында өзінің елдік сипатыңды танып, қуанасың, шаттанасың» деп көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы дәл танып айтқандай, ол сағы сынбаған, Алаш мұратына адал болған нағыз ғалым, ұстаз болатын. Қайым сынды адал перзентті қазақ деген ұлы халық тәрбиеледі, енді оның асыл мұрасы ұлт болашағы үшін қызмет етер қазақ мәдениетінің басты құндылықтарының бірі болып қала береді. Осы құндылықтар негізінде халқымыздың асқақ арманын жүзеге асыра алатын боламыз.

Өткен жыл талай тарландарымызды ортамыздан жұлып кетті. Соның бірі қазақ поэзиясының марқасқасы Темірхан Медетбек еді. Өмірінің соңғы кезінде ұрпаққа тағлым боларлық «100 ұлы адам» кітабын тәржімалап, беріп кеткен екен. Тамағанның жан жары Шолпан тәтеміз ұсынған сол еңбектерін жылашар нөмірімізден бастап жариялап отырмыз.

Редакциядан

Москваның «Вече» баспасы біраз уақыттан бері «100 ұлы» деген сериямен кітаптар шығарып келеді. Олар «100 ұлы адам», «100 ұлы әлем ғажайыбы», «100 ұлы қолбасшы», «100 ұлы ойшыл», «100 ұлы ғалым», «100 ұлы жазушы», «100 ұлы қазына» болып жалғаса береді.

Біздің көңілімізді айрықша аударған Майкл Х.Харттың «100 ұлы адам» кітабы болды. Ол кітапта адамзат тарихында өшпейтін із қалдырған ең ұлы тұлғалардың өмірлері туралы мақалалар берілген. Әрине, кітапқа енген жүз ұлы адамның бәрін жұрт сол қалпында қабылдай қоймауы сөзсіз. Олардың бірқатарының орнына басқа тұлғаларды лайық деп таңуы әбден мүмкін. Ондай ойды Майкл Х.Харттың өзі де жоққа шығармайды. Солай бола тұра, бұл кітап қазірдің өзінде әлемнің көптеген тілдеріне аударылып кетіпті, яғни әлем оқырмандарының дені кітапқа енген тұлғалар, негізінен, дұрыс іріктелген деп мойындаса керек.

Ал мұсылман қауымы үшін бұл еңбектің орны тіпті ерекше. Өйткені автор адамзат баласы тарихындағы 100 ұлы тұлғаның ең басына Мұхаммед пайғамбарымызды қойған, яғни автор өзге діннің өкілі бола тұра айдай ақиқаттан алыстап кете алмаған. Сондықтан да біз Мұхаммед пайғамбарымыздан бастап, тағы да бірқатар ұлы тұлғалар өмірі туралы әрі танымдық, әрі тағылымдық маңызы зор мақалаларды осы кітаптан аударып, оқырман назарына ұсынууды жөн көріп отырмыз.

Темірхан МЕДЕТБЕК

Мұхаммедтің тарихи ұлы тұлғалардың тізімінде ең басында тұруы біреулерді таңғалдыруы, енді біреулерді шамдандыруы әбден мүмкін. Алайда ол, дін саласында да, діл саласында да айрықша жолы болған тарихтағы бірден-бір адам.

Әлеуметтік шыққан тегі төмен бола тұра, Мұхаммед әлемдегі ұлы діндердің бірінің негізін қалаушы және ұлан-ғайыр табыстарға жеткен саяси көшбасшы бола білді. Бүгінде, дүниеден өткеніне он үш ғасыр өтсе де, оның жасаған ісінің дүниедегі ықпалы аса қуатты болып саналады.

Бұл кітапқа кірген кейіпкерлердің көбісі — мәдени орталарда туып, тәрбие алған, тарихты жаңғыртып, жаңартуда басты рөл ойнаған өркениетті халықтардың ортасында өмір сүргендер. Мұхаммед Арабияның оңтүстік бөлігіндегі Меккеде 570 жылы дүниеге келген. Ол кезде бұл өлке сауда орталықтарынан, қол өнерден, ағартылушылықтан қиыр алыста жатқан, кешен қалған өлке болатын. Мұхаммед алты жасында әке-шешесіз қалып, жоқшылықта өсіп, тәрбиеленді. Оның материалдық жағдайы тек жиырма бес жасында ауқатты жесір әйелге үйленгенде ғана жақсарды, тіпті ол қырықты алқымдап қалғанда да оның бойынан аса ірі тұлғаға лайық қарекет біліне қойған жоқ.

Ол тұста арабтардың біршамасы шамам дінінде болатын да, көп құдайға табынатын. Шындығын айта кетсек, Меккеде ол кезде ат төбеліндей ғана иудейлер мен христиандар бар болатын, бәлкім, Мұхаммед солардан алғаш рет ғаламды билеп тұрған біртұтас құдіретті

басы біріккен, Жаратқан жалғыз Құдайға деген сеніммен рухтанған арабтардың сол шағын ғана әскері кісі таңғаларлық шапшандықпен көп жерлерді жаулап алды. Арабияның солтүстік шығысында Сасанидтердің жаңа парсы империясының иелігіндегі алқабы созылып жатты да, ал солтүстік батысында Византия империясы орналасқан-ды.

Арабтар сан жағынан өзінің қарсыластарынан аз бола тұра жаңа дінмен рухтанып, азғантай уақыттың ішінде Месопотамияны, Сирияны, Палестинаны өзіне бағындырды. 642 жылы Византиядан Египетті тартып алды. Ал 637 жылы

рет ислам принциптерін өмірге енгізді. Оның үстіне, пайғамбар Құдай рухы сінген қасиетті Құранды жұртқа ұсына білді. Құранға енген Мұхаммедтің барлық айтқандары дерлік оның көзінің тірісінде жазылып алынып, ол дүниеден өткен бойда-ақ аяқталған біртұтас формаға айналып үлгерді.

Ал Христос ғылымының толық және дәл жазбалары сақталмаған. Христиандар үшін Інжіл қандай қымбат болса, Құран да мұсылмандар үшін сондай қымбат бола тұра, Мұхаммедтің Құран арқылы айтылатын идеяларының тікелей әсері аса зор. Сондай-ақ Мұхаммедтің мұсыл-

Майкл Х.ХАРТ

# Мұхаммед

(570 — 632)



Құдайдың бар екенін сезсе керек. Мұхаммед қырық жасқа толғанда періштелер арқылы жалғыз жаратушы Құдай Алла тағала ғана екеніне көзі жетті. Алла тағала оны адамдар арасында нағыз әділ дінді таратушы етіп таңдап алды.

Мұхаммед үш жыл бойы жаңа дінді өзінің туыстары мен достарының айналасында ғана насихаттап жүрді. Сонан кейін ол, 613 жылдан бастап жұрт алдына шығып насихаттай бастады. Біртіндеп оны жақтаушылар да табылды, ал Мекке өкіметі оған бүлікшіл ретінде қарады. 622 жылы қуғын-сүргіннен қауіптенген Мұхаммед Мединаға (Меккенің теріскей жағындағы 200 миль қашықтықтағы қала) жол тартты. Ол жерде Мұхаммед елеулі бедел мен билікке ие болды.

«Құжыра» деген атқа ие, пайғамбардың Меккеден бұл кетуі, оның өміріндегі айрықша кезең болып саналады. Егер Меккеде оның соңына ерген адамдар ат төбеліндей ғана болса, Мединада олардың саны әлденешеге артты. Оның ықпалының артқаны соншалық, көп ұзамай, шын мәніндегі шексіз билікке қол жеткізді. Азғантай жыл ішінде Мұхаммедтің соңына ергендер күрт көбейіп кетті де, Мекке мен Мединаның арасында әскери қарғыстар белен алды. Бұл соғыс 630 жылы Мұхаммед жеңімпаздың Меккеге салтанатты түрде оралуымен аяқталды. Сонан кейінгі пайғамбардың екі жарым жылы араб тайпаларының жаңа дінге толассыз кіруімен ерекшеленеді.

632 жылы, яғни өзінің дүниеден өтер қарсаңында Мұхаммед бүкіл Оңтүстік Арабияны билеп тұрды.

Араб бәдеундерінің аса алғыр да қатал жауынгерлер болғаны белгілі. Әрине, олар сан жағынан басқалармен салыстырғанда азғантай еді, олар бір-бірімен жиі-жиі қарғысып тұратын. Оларда диканшылықпен айналысатын отырықшы теріскейдегі мемлекеттердегідей көп әскер болған жоқ. Алайда Мұхаммедтің арқасында тарихта тұңғыш рет

Кадисияның, 642 жылы Нехавенданың маңындағы шешуші шайқастарда парсы әскері талқандалды. Мұхаммедтің жақын достары мен оның ісін жалғастырушылар — Әбубәкір мен Омар жүзеге асырған бұл жеңістер одан әрі жалғаса түсті. 711 жылы арабтар Солтүстік Африканы жаулап алып, Атлант мұхитына дейін жетті. Содан кейін Гибралтар бұғазын жүзіп өтіп, Испанияны бағындырды.

Мұсылмандардың бүкіл христиандық Еуропаны да бағындырып ала алатын сәттері болғанын айта кеткен жөн. Тек 732 жылы ғана Франция орталығына дейін жеткен мұсылмандар әскері франктерден жеңіліс тапты. Солай бола тұра жүз жылдың ішінде, пайғамбар сөзімен рухтанған бұл бәдеун жауынгерлері сол замандағы ең үлкен аймақты — Үнді шекарасы мен Атлант мұхиты аралығын алып жатқан жерде империя құра білді.

Әрине, жаулап алған жердің бәрі тастүйін берік боп қалды дей алмаймыз. Парсылар пайғамбарға деген сенімін сақтай тұра, кейінірек арабтардан тәуелсіздік алып шықты. Испандықтар жеті ғасырдан кейін барып азаттыққа қол жеткізді. Ал көне өркениеттің көне бесіктері болып саналатын Месопотамия мен Египет, Солтүстік Африка секілді аймақтар арабтардың қол астында қалды. Келесі дәуірлерде бұл жаңа дін өзінің өрісін үздіксіз кеңейтумен болды. Қазіргі кезде Африкада, Орталық Азияда ондаған миллион, ал Пәкістанда, солтүстік Индия мен Индонезияда одан да көп мұсылмандар өмір сүріп жатыр. Индонезияда бұл жаңа дін елді біріктіретін факторға айналды.

Мұхаммед тұлғасының адамзат тарихына жалпы ықпалын қалай бағалауға болады? Басқа да әлемдік діндер секілді ислам да өзіне сенетін пенделер өміріне аса зор әсер етеді. Сондықтан да бұл кітапта әлемдік діндердің негізін қалаушыларға ерекше көңіл бөлінген. Дүниеде христиандар мұсылмандарға қарағанда екі еседей көп, яғни біреулер үшін Мұхаммедтің Исаның алдында тұрғаны біртүрлі боп көрінуі мүмкін. Оның екі маңызды себебі бар. Біріншіден, Исаның христиан дінін дамытқанынан гөрі Мұхаммедтің исламды дамыту рөлі аса биік. Христиан дінінің моралі мен философиясының негізін қаласа да, оның қалыптасуына, өрісінің кеңеюіне негізгі үлес қосқан әулие Павел болып есептеледі.

Мұхаммед, тұтастай алғанда, исламның дін ретіндегі ғылыми жүйесі мен моралін дүниеге келтірді. Ол сонымен бірге бұл дінге сенушілердің қатарын көбейтуде басты рөл атқарып, тұңғыш

мандарға ықпалы, Христос пен әулие Павел екеуі қосылып христиандарға жасаған ықпалынан әлдеқайда күшті, таза діни деңгейлерін салыстырып қарағанның өзінде де Мұхаммедтің адамзат тарихына ықпалы Христостың ықпалынан артық болмаса, кем емес. Одан басқа, Мұхаммед пайғамбардың Христан тағы бір ерекшелігі, ол тек діни ғана емес, биліктің де көшбасшысы бола білді. Егер оның араб жаулап алушыларын жігерлендіре білген рөлін еске алсақ, онда оны дүние жаралғалы бергі ең ірі ықпалды саяси көсем болды деуге толық негіз бар.

Маңызды-маңызды деген тарихи оқиғалардың ішінде белгілі көшбасшыларсыз-ақ өзінен-өзі пайда болатындары аз емес. Мәселен, Оңтүстік Америка елдері испандықтардың билеп-төстеуінен Боливарсыз-ақ азат боп шығар еді, бірақ арабтар жаулап алған жерлер туралы бұлай айтуға болмайды. Мұхаммедке дейін мұндай оқиға болып көрген емес, оның үстіне, ол жаулап алудың бәрі онсыз да жүзеге асырылар еді деуге негіз жоқ. Тарихта онымен теңдесетін бір-ақ мысал бар: ол — ең алдымен Шыңғыс ханның арқасында XIII ғасырда жүзеге асқан жаулап алулар. Бірақ ол жаулап алулар, кеністігі жөнінен арабтардан гөрі артық бола тұра, уақытша ғана болып шықты. Қазір моңғолдар Шыңғыс хан тұсындағы аймақты ғана мекендеуде.

Арабтар туралы олай айта алмайсың. Ирактан Мароккаға дейін, тек ислам дініндегі ғана емес, сонымен бірге бір тілде сөйлейтін, тарихы мен мәдениеті ортақ араб мемлекеттері орналасқан. Ислам үшін Құранның араб тілінде жазылуының ерекше маңыздылығы сонда, ол әртүрлі диалектіде сөйлейтін бұл тілдің он үш ғасырдың ішінде күйреп-бітуіне жол бермеді. Әрине, араб елдерінің арасында айырмашылықтар да, қарама-қайшылықтар да бар. Бірақ ол айырмашылықтар ешуақытта оларды біріктіретін басты-басты қасиеттерді көлегейлей алмақ емес. Мәселен, Иран да, Индонезия да, ислам мемлекеттері мен мұнай алпауыттары да 1973 — 1974 жылдардағы қысқы мұнай эмбаргосына қатысқан жоқ. Ал араб мемлекеттері бірауыздан бұл эмбаргоны қабыл алды. Мұны жай бір кездейсоқтық деп қарауға болмайды.

Сонымен, VII ғасырдағы араб жаулап алушыларының салдары бүгін де адамзат баласының өміріне елеулі ықпал етіп отыр деп айтуымызға толықтай негіз бар. Аса зор діни үстемдік ету тұрғысынан қарағанда осындай берік тұтастық, Мұхаммедті сирек кездесетін тарихи тұлға деп айрықша бөліп алуыма мәжбүр етті.

# ҰЛЫЛАР ЖҮРГЕН ЖОЛ АДАСТЫРМАЙДЫ

Көзі қарақты оқырман қауым жазушы-журналист Мамадияр Жақыпты жақсы біледі. Жарты ғасырдай қызмет атқарған «Егемен Қазақстан» газетінде оның жазғандары жиі жарияланып жататын. Әсіресе «Дүбірге толы дүние» айдарымен шығатын халықаралық жағдайға арналған мақалалары жұрт назарын аударғаны анық. Сонымен бірге осы газетте, басқа да басылымдарда «Мергенбайдың айтқандары» жиі көрінер еді. Журналистика мен жазушылықты қатар алып жүрген ағамыздың қаламынан оннан астам кітап жарық көрді.

Атап өтер бір жай Мамадияр ағамыз шығармашылық жұмыспен қатар саяси қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Бүгін біз соның бірі – алғаш дүниеге келгеніне 30 жыл болған «Ұлылыққа тағзым» жаяу сапарлары жайында, оны ұйымдастырушы Мамадияр Жақып ағамызбен әңгімелесуді жөн көрдік.

– Алдымен, «Ұлылыққа тағзым» жаяу сапарларының қалай дүниеге келгенін айтсаңыз?

– 1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдығы аталып өтті. Енді соған қандай үлес қоссақ екен деген ой әркімнің көңілінде жүргені анық еді. Біз, бір топ журналист-жазушылар ұлы ақынымыздың басына жаяу баруды ойладық. Мынау техника заманында екі жүз шақырым қашықтыққа көлікпен сапар шегу түк те емес. Ал сол қашықтықты жаяу өту әжептәуір шаруа. Бұған алматылық біраз қаламгердің айтарлықтай біраз дайындығы бар еді. Біз үнемі демалыс күндері тауға шығып, шынығып жүретінбіз. Оған Зейнолла Серікқали екеуміз ұйытқы болушы едік. Ұлы Абайдың басына жаяу барып зиярат етуді естігенде, солардың көпшілігі сапарға қосылғысы келетінін білдірген. Әрине, бәрін ертуге мүмкіндік жоқ, көпшілігі өкініп қала берген. Бір өкініштісі, осынау бастаманы қостаушының бірі Зейнолла да кенеттен бір жағдаймен алғашқы сапарға қатыса алмай қалды.

«Ұлылыққа тағзым» жаяу сапарлары – «Егемен Қазақстан» газетінің бастамасы деген жөн. Редакция басшылығы біздің ұсыныстарымызды құп алып қана қоймай, оны ұйымдастыруға белсене араласты. Жергілікті билік орындары мұны еліміздің бас газетінің шарасы ретінде қабылдап, сапаршыларға жағдай жасауға тырысты.

Ең бастысы, ұлы Абайға арналған жаяу сапарды қарапайым халық құп алды. Семей қаласынан ұлы ақынымыз жатқан Жидебайға дейінгі жолда сол халықтың ықыласын да, таңданысын да, ризашылығын да көрдік. Біздің сапарларымызды ақпарат құралдарынан бірінен-бірі естіген халық қара жолдың бойында бізді айрықша ықыласпен қарсы алып, шығарып салып отырды.

Осы жолда кімдермен кездеспедік! Бәрін айту – ұзақ әңгіме. Біреуіне тоқталайын. Сонымыздан қуып жеткен «Волга» автокөлігі қатарласа тоқтады. Одан түскен адамдарды жазбай таныдық. Абай мұражайының директоры Тәкен Ибрагимов бастап келе жатқан ғалымдар екен: академик Рахманқұл Бердібаев,

ғылым докторлары Шәкір Ыбыраев, Фарифолла Есімов. Сөзді Рахан бастады. «Парсыда «пешкадам» деген сөз бар. Ол озық болу, алда жүруді білдіреді. Сендер «пешкадамсындар!» Игі істі сендер бастадыңдар. Жапондар Фудзияма тауын кие тұтады. Біздің әулиеміз – Абай, киелі мекеніміз – Жидебай. Қазақ енді сендер сияқты Жидебайға жаяу барып, тағзым етіп жатса, арман қайсы!»

...Сөйтіп, алтыншы күні сәске түсте Жидебайға келіп жеттік. Ауыл қарсы алды, ел қарсы алды. Мұндай құрметті, мұндай ықыласты бұрын көрген емеспіз. Жолда шаршағанымыз, аяқтың қажалғаны ұмытылған.

– Сол алғашқы сапарға кімдер қатысты?

– Иә, бұған тоқтала кеткен жөн. Бұл сапар ұлы Абайдың құрметіне арналғандықтан да, оған Семейдегі «Абай қоры» белсенді араласқан. Сол қордың басшысы, Абай ұрпақтарына жиен болып келетін Балтабек Ерсілімов тізімге бірінші болып ілінген. Менің сол құрдасым етженділеу адам еді, жаяу жүрісте айтарлықтай қиналды, бірақ шыдады. Оған жанымыз ашып, бір сәт мәшинеге міну жөніндегі ұсынысымызды қабылдамай, Қарауылға бізбен бірге жетті. Ал бәрімізден жасы үлкен Алматыдағы Мұхтар Әуезов мұражайының ғылыми қызметкері, ғылым кандидаты Талатбек Әкімов ағамыз әрқашан алдымызда жүрді. Осы жерде айта кететін бір жай: кейінгі сапарлардың барлығына сол Балтабек Ерсілімов, «Егеменнің» Семей облысындағы тілшісі Дәулет Сейсенов және Зейнолла Серікқалиұлы – бәріміз жұбымыз жазылмай қатысып жүрдік.

– Келесі сапарларыңызды жыр алыбы Жамбылға арнаған екенсіздер. Оның қандай ерекшеліктері болды?

– Жамбыл музей-үйі Алматыдан алыс емес. Оған Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сияқты асылдарымыздың барлығы барған ғой. Көзі тірісінде ұлы ақынның өзіне сәлем берсе, кейін жатқан жеріне бастарын иген. Ол жаққа олар көлікпен барған. Біздің жаяулатып жеткенімізге жұрт басқаша қараған. Біздің сол жаяу сапарымызға қатысқан жергілікті журналист-жазушылардың ерекше тебіренгендері бар.

Айрықша есте қалған бір жай: соңғы күні аудан орталығы Ұзынағаштан ұлы жаяудың кесенесіне қарай жолға шыққанда, бізге көп адам қосылған. Бірге жүрді. Бәлкім, бұдан кейін олар осынау қасиетті орынға өздері де жаяу келіп, бас иіп жүрген болар деп ойлағанбыз.

Содан біраз уақыт өткенде, сол сапарға қатысқан Жұмабай Шаштайұлы бауырымыз (онда ол «Заман Қазақстан» газетінің редакторы еді) «Ауылға келгенде, сіздердің сол сапарларыңыздан кейін халықтың ұлы жерлестеріне ықыласы да, мақтанышы да артқандай көрінетін» дегені бар. Соған қуанғанбыз.

Сол алғашқы екі сапар кейінгілеріне арқау болды десек те болады-ау. Өздерінің ұлы жерлестерін қасиеттеп келген бізге жергілікті жұрт айрықша ықыласпен қарады. Біз бұл сапарларды одан әрі жалғастыру қажеттігін сезіндік.

– Бұдан кейін сіздер Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ғабит Мүсіреповтердің туғанына 100 жыл толуына, бертінірек Шәкәрімнің 150 жылдығына, Махамбет пен Сүйінбайдың 200 жылдықтарына, Түркістан қаласының 1500 жылдығына орай сапарға шықтыңыздар. Қарап отырсақ, осы сапарларыңыз арқылы бүкіл



қазақ жерін аралағандай екенсіздер...

– Дұрыс аңғарған екенсің, Жүніс. Осы сапарлар кезінде біз елімізді де, жерімізді де таныдық жаяу жүріп. Көлікпен жүру мен жаяу жүрудің арасы жер мен көктей. Кейбір журналистер, соның бірі өзімің, көлікпен бүкіл Қазақстанды шарлайтын да шығар, бірақ жаяу жүргендей қайдан болсын. Ұлылардың табанының ізі қалған топырақты басып өткенге, олардың жанын баураған табиғат сұлулығын сезінуге не жетсін. Шығыстың ормандары, Баянауылдың таулары, солтүстіктің жасыл желек жамылған жазықтары, Атыраудың ақ шағыл адырлары ұлыларымыздың жүрегін баураса, саған әсер етпей қала ма?

Түркістанға көктемге салым сапар шеккенбіз. Дүние құлпырып тұр. Жол жазыққа ауысқанда екі жағымыз жайқалған қызғалдақтардан қып-қызыл алауға айналды. Арқаның азаматы Абай қорының төрағасы Балтабек құрдас жағасын ұстады: «Құдай-ау, мен оңтүстік өңірді анық адырға балаушы едім, мынау керемет қой! Жеріміз қандай көрікті еді!»

Біз жаяу сапарымыз кезінде көп нәрсені көрдік. Елімізді көрдік, жерімізді көрдік.

– Сол жаяу сапарлар кезінде есте қалатындай тосын жағдайлар болды ма?

– Тосын жағдайлар дегенде, алдымен, көңілге қаяу түсіретіндері ойға оралады ғой. Ондайлар болған жоқ. Біраз қызық жайлардың кездескені бар. Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығында Павлодардан Баянауылға жол тарттық. Жауын-шашын біраздан бері болмапты. Құрғақшылық қысып-ақ тұр екен. Баянтаудағы қарағайлардың жапырақтары сарғая бастапты. Жұрттың көңілі жүдеу. Біз келген күннің ертесіне жауын құйып берсін! Жұрт мұны біз алып келген құттай көрген. Елдің алғысына бөленгенбіз.

Тағы бір оқиға ойға оралады. Махамбеттің 200 жылдығына арналған сапарымызды тамыздың аптабында өткізуге тура келген. Біраз жол Жайықты жағалай өтсе, ақырында жазыққа шыққанбыз. Мына аптапқа қалай шыдар екенбіз деп абыржығанымыз да бар. Бірақ сол жазықтағы үш күн бойы шақырайған күннен қорғап, бір бұлт төбемізде үйірілді де жүрді. Біздің жергілікті бастаушыларымыз мұны «ұлы ақынның аруағының қолдауы ғой» деп түсіндірді.

– Шет жағасын айттыңыз ғой. Сөйтсе де, осы сапарларға қатысқан, оны белсене қолдаған азаматтарға тоқтала кетсеңіз?

– Иә, ұйымдастырушы ретінде өзім, сондай-ақ Зейнолла Серікқалиұлы, Абай қорының жетекшісі Балтабек Ерсілімов және журналист Дәулет Сейсенов барлық сапарларға қатысты десек болады. Ал қатысқысы келгендер көп-ақ еді. Белгілі саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, ғалымдар тілек білдіріп жатты. Академиктер Өмірзақ Айтбаев, Бүркітбай Айдарханов, Ерлан Сыдықовтар белсенді мүшелеріміз де, қолдаушыларымыз да болды. Фототілші Нұрғожа Жұбанов ағамыз жетпістен асса да қатарымызда жүрді. Өтініштерін қабылдамаған біраз адамның өкпелерін арқалауға тура келген.

Сонан соң, сол сапарлар өтетін өңірдің адамдарына көбірек көңіл бөлдік. Жалпы, әр сапарда онға тарта адам жүрдік.

Алғашқы жеті сапарға 64 адам қатысқан екен. Бірақ біраз жерге дейін шығарып салғандар, бір күн бірге жүргендер, сондай-ақ алдымыздан шығып қарсы алғандар қаншама!

– Мұндайда жергілікті орындар қалай қарады дейтін сұрақтың көңілге оралатыны бар...

– Біздің бұл шарамызға көп қаржы кетпейді. Тек өтетін өңірге жету үшін пойыз билетіне шамалы ақша керек. Оны көбіне өзіміз-ақ тауып алатынбыз. Павлодарға барарда Сәтбаев қорының төрағасы Кәкімбек Салықов ағамыз және Махамбет сапарына барарда Мереке Құлқенов қалтамызға шамалы жолпұл салғаны бар. Әдетте, мен өзім күні бұрын сол өңірге барып, облыс әкімімен сапарды қалай өткізу жөнінде жан-жақты келісіп қайтатынмын. Барлық әкіммен тілталыстық. Қолдады. Әсіресе екі сапарды өткізген өңірдің басшысы Бердібек Сапарбаев айрықша қолдау көрсетіп, барынша жағдай жасады.

Осы жерде бір оқиға көңілге оралады. Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығына арналған сапардың алдында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қажымұрат Нағымановпен кездесіп, шараны қалай өткізуді жан-жақты ойластырғанбыз. Сапар алдында әкім ауысты. Қалай болар екен дегенбіз. Жаңа әкім Афанасий Смирнов біз сапарда жүргенде арнайы келіп амандасып, ыстық ықыласын білдіргені бар.

Жалпы барлық жерде де әкімшілік орындары бізді қолдап отырды. Өкпеміз болған жоқ.

– Енді сол жақсы бастаманың жалғасы болмай қалғаны қалай?

– Ұлыларды бағалаудың әртүрлі жолдары бар. Соның бірі – солардың жатқан жеріне барып бас ию, тағзым ету. Бұл – халықтық дәстүр. Әулиелердің, тұлғалардың басына барып, зиярат ету, қасиетті орындарға тағзым ету бәрімізге таныс жай. Біз соны шамалы түрлендіріп пайдаландық. Әдетте, бір нәрсеге оңай жеткеннен гөрі, оған күш жұмсап барып жетсе, оның құны арта түседі. Біздің «Ұлылыққа тағзым» жаяу сапарларымыздың негізінде сол жатыр. Атақтыларымыздың басына ұланғайыр қазақ жерінің әр тарапынан адамдар келіп тағзым етіп жатса, ол бағалаудың да, құрметтің де үлкені ғой.

Жалпы, ұлылар жүрген жол адастырмайды. Біз ұлыларымызды ұлықтай білуіміз керек. Үлкеніміз де, кішіміз де. Ал біздің бастамамыздың жалғасының шектелгені бізге қатысты емес. Біз өз борышымызды өтедік. Сол бастамамыз үшін, мен Мамадияр Жақып, Зейнолла Серікқалиұлы, Балтабек Ерсілімов, Дәулет Сейсенұлы Абай ауданының Құрметті азаматы атандық. Зейнолла мен Балташ жоқ. Менің жасым тоқсанды жағалады.

– Жүрекжарды сұхбатыңызға мың да бір рақмет, Мамадияр аға!



**Серікқали БАЙМЕНШЕ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Қазақстанның құрметті  
журналисі, кенжегалитанушы

«Алашорда қозғалысына қатысушы», «халық жауы» деген кесірлі атақтары кеңестік кезеңде ақын, педагог, журналист Кенжеғали Абдуллиннің есімі мен өнерін де, азаматтық бейнесін де қоғам көзінен қаға беріс қалдырды. Отыз жетінің от-жалынына оранып ғайып болған қаламгер тұлғасы 1989 жылғы 11 сәуірде ғана дүние есігін қайта ашты.

Ол — XX ғасырдағы қазан төңкерісіне дейін екі өлең жинағын («Қазақтың қамы», «Ұран») шығарып, қазақ балаларына арнап бірнеше оқулық («Қазақ балаларына жәрдем», «Өнеге яки нәмуна», «Ислам негізі», «Қазақша самоушитіл») жазған адам. Белгілі жазушы Ғалым Ахмедовтың: «...20-жылдары... Кенжеғали Ғабдуллин деген ақын жігіттің жақсы аты шығып жүретін. Ұмыттым ғой, әйтпесе өлеңдері қуатты әрі әсерлі болатын... ақын төрт өлең кітабы мен әліппе тәрізді оқулығын қазан төңкерісіне дейін-ақ жазған деуші еді...» — деп ағынан жарылуы тегін емес.

Рас, бұрынырақ Кенжеғалидың ататегі әртүрлі жазылып, негізінен, «Ғабдуллин», «Ғабдуллин» түрінде кездесетін. Оның көзі тірісінде жазылған ең соңғы құжатты — қылмыстық ісін және өзі қол қойған қағаздардағы қолтанбасын басшылыққа ала келгенде, ататегі бұдан былай тұрақты түрде «Абдуллин» деп айқындалып жазылғаны дұрыс болады.

Кенжеғали Абдуллин 1896 жылы Орынбор облысының Қуандық (Башқұртша — Кыуандык) ауданындағы Әлімбет елді мекенінде (бұрын Ақтөбе уезіне қараған, қазір Ақтөбе облысының Қарғалы ауданының аумағында) дүниеге келген. Қазақ қаламгерлерінің бүркеншік есім ретінде көп жағдайда туған жерінің атауын, арғы атасының есімін, шыққан руын пайдаланған тарихи тәжірибесін ескерсек, Кенжеғалидың «әл-Әлімбети», «Әлімбетов», «Серғали әл-Әлімбети» сияқты бөгде есімдерді пайдаланғаны осы негізден шығады.

Әуелі ауыл молдасынан сауатын ашқан Кенжеғали кейін Қазан қаласындағы жаңа әдіспен оқытатын «Мұхаммадия» медресесінде білім алды. Сол кезде-ақ:

*Шәкірттері қазақтың  
Нақ «торында» ғазаттың.  
Тиер екен қолына*

*Қашан туы азаттың,* — деп жазды. Сондай-ақ осы тұстағы әліппе пікірсайысы кезінде «Қазандағы қазақ шәкірттері «Қазақ» емлесін қабыл еттік» деп хабарлады Орынбордағы «Қазақ» газетіне. Ал алғашқы туындысының бірі — «Қайғым һәм үмітім» деген өлеңінде:

*Қайғым бар, сөзім халыққа өтпес деген,  
Сөйлеуге тіл мүңімды жетпес деген.*

*Үміт бар, қанды жас төгіп,  
хақтан сұрап,  
Айтқан сөз құр далаға кетпес деген.*

*Қайғым бар, жұрт ойымды білмес деген,  
Тәнімді дерт басқанын көрмес деген.  
Түсініп тілекшілерім халыққа шашса,  
Ойда жоқ құлаққа жұрт ілмес деген.*

*Қайғым бар, аяқ алға бармас деген,  
Нұр-бақыт сөнген қайта жанбас деген.  
Түсініп ел пайдасын бір ұмтылса,  
Үміт бар, ешбір арып-талмас деген,* —

деп толғанды. Бұл ойларын «Елім» деген өлеңінде:

*Сен өссең,  
Күнде жасап, өсем, елім.  
Су сепкен оттай өссең,  
Өшем, елім!..*

*Күннен күн бақ-дәулетің арта берсін,  
Рақмет, жән айттың десең, елім.  
Әйтеуір заманың дауылынан,  
Тілегім, қалсаң болды есен, елім!* — деп жалғады.

Қараңғылық құшағындағы еліне жарық жол іздеу, басқа замандастары сияқты, Кенжеғали ақынның да арман орбитасында айналыста болды. Ғасыр басындағы мерзімдік басылымдарда Әлихан, Ахмет, Міржақып қаламынан төгілген кең тынысты, терең ойлы, мақсаткер мақалалар Кенжеғалидың көңіл пернесіне дөп келді. Сол рухта:

*...Аһ, өттің, соны өріске қонған күнім,  
Ақ шығып, мал семіріп оңған күнім,  
Жапырған қалың шалғын көкорайды,  
Жан-жағым төрт түлікпен*

*толған күнім*

*Қайғыдан қан төкпесін неғып көзім,  
Кеткен соң тап осындай қолдан күнім?!* — деп жырлай бастады.

Медреседен кейін Кенжеғали өзі туған өңірде оқытушылық қызметін бастады. 1916 жылғы қазақтарды қара жұмысқа алу науқаны кезінде әлеумет ісінің бел ортасында жүрді. Сол тұстағы бір мақаласында қара жұмысқа кеткен жігіттерге азық-түлік, киім-кешек апару үшін әскери бастықтың рұқсатымен жолға шыққандары жайында баяндайды. Көрнекті зерттеуші, ғалым Тұрсын Жұртбайдың зерттеулерінің бірінде Дамулла Битілеуов есімді алаш азаматынан 1929 жылғы 5 қаңтарда алынған жауаптың мәтіні келтіріледі. Онда: «1915 жылы жәдитше бала оқыту үшін біздің ауылға өз болысымыздың (Әлімбет — С.Б.) ішінде тұратын Абдуллин Кенжеғали мұғалімдікке келді... Абдуллин бізге келісімен мен ескі медресені тастадым да, Абдуллиннің мектебіне ауыстым... Ол Ахмет Байтұрсын пен Міржақып Дулатовты бәрінен жоғары қоятын. Одан дәріс ала жүріп мен соның ықпалында кеттім де ұлтшылдық дертіне шалдықтым» деп жазылған. Жерлес інісі Дамулла басқа бір жауабында Кенжеғалиды өзін «Алашорда жаққа шығып, «Алашорда» жасағына енуге үгіттеген адамның бірі» деп атайды.

1937 жылғы «қылмыстық іс» құжаттарында Кенжеғалидың осы қарсаңдағы өмірі былай мәлімделген: (*мәтін тілі бойынша*): «Перед Февральской революцией учительствовал он в начальной частной школе «Сауле» («Луч»), организованной и содержавшейся на средства баев-капиталистов бывшей 2-ой Буртинской волости Актюбинского уезда (ныне территория Оренбургской губернии) Бейсембая Тныштыкбаева и др. Школа была алашординская и Тныштыкбаев был алашординцем. В этой же школе он издавал в 1917 г. шапирографическим способом газету «Балапан», то же алашординскую. В Алашординской газете «Казак» помещал свои стихотворения... работал вместе с вышеназванным Б.Тныштыкбаевым в алашординском суде секретарем».

Ауыл мектебінде жүріп шәкірттер күшімен газет шығаруға деген талпынысы

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ тұрмысы үшін аса жаңалықты дүние және қолжазба газетті таралымдау мақсатында бүгінгі таңдағы ксерокшірме әдісімен тектес шапирограф аспабын пайдалануы білімді, білікті, зиятты мұғалімнің өз дәуірінде замандас-әріптестерінен көш ілгері тұрғанын көрсетеді.

1917 жылғы Ресейдің саяси жағдаяты аясында қалыптасқан жаңа ахуалды тәуелсіздік аңсаған қазақтың ғасырлық бостан мұратымен сәтті байланыстыра біліп, өзін-өзі басқаратын Қазақ елінің болашағына жол ашқан атаулы Алаш қозғалысы елім деген ердің, ұлттың деген ұланның жүрек жалауын желбіретті, көкірегіндегі жанған отты маздатты. Кенжеғали Абдуллин сияқты ұлттың

Ахмет Байтұрсын, Смағұл Сәдуақасов, Ерғали Алдоңғаров үшеуі шығарған «Өртең» газеті. — С.Б.), ею руководили Абдрахман Байдилядин, разоблаченный 1929 г. и Беимбет Майлин» деп жазылған.

Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға көшкен кезде Кенжеғали Ақтөбеге қоныс аударды. 1925 жылдан бастап Ақтөбе педагогика техникумының алғашқы ұстаздарының бірі болды. Сонымен бірге губерниялық «Кедей» (*қазіргі «Ақтөбе»*. — С.Б.) газетінің жауапты қызметкері міндетін қоса атқарды, ал 1929—1930 жылдары газет редакторы болды.

Қаламгерлік қызметінің келесі кезеңі «Шымкент аудандық партия комитетінің, аудандық атқару комитетінің және ау-

## КЕШІККЕН

мақсаты мен мүддесін саясат аясында саралай алатын сауатты, көзі ашық, зиялы оқытушының жаңа қоғамдық салт орныға бастаған кезеңде бұқара ісінен шет қалуы мүмкін емес еді. Оның бұдан арғы өмірі сол дәуірдегі күллі қазақ зиялысы сияқты ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысымен тығыз бірлікте болды.

Шынында да, 1917—1919 жылдар — жеке-дара азаматтар өмірінің де құбылмалы, құбылысты кезеңі. Кейбір кейінгі зерттеушілер «тап күресін жырлаушы» деп күмәндана қарайтын атақты Бейімбет Майлиннің өзі де осы кезде (1918 жылы) «Қазақ» газетінде:

*Құтты болсын, алаш ұлы, теңдігің,  
Көп жыл жүріп қолға түскен кеңдігің.  
Атқа мініп, ұраныңды шақырып,  
Бірлік үшін басты қосқан елдігің...*

*Жұртты сүйер ерлер шығып қол басы,  
Сағ азамат бағлан болып жолдасы.  
Жарық сәуле ендіретін қазаққа,  
Мәңгі жылдар жасасын Алаш ордасы!* — деп толғанды.

Алаш мұратына адал Кенжеғалиды кеңес өкіметінің жауы ретінде көрсетуге себепші болған өте салмақты бір дерек бар. Ол тарихта қатталған, ақ пен қызылға бөлінген алыстағы аласапыран тұсындағы екіұдай кезге тән.

1929 жылы Николай Мартыненко құрастырып шығарған «Алашорда» жинабындағы (*мәтін тілі бойынша*): «Для сообщения о событиях, разоружения и уничтожения отряда был для связи со штабом отдельной Оренбургской армии командирован их представитель, некий Габдуллин Кенжеғали, который явился в штаб армии 11 мая 1919 г.» деген жазу оны өле-өлгенше өкшелеп жүрді. Бұл 1929 жылғы 3 қаңтарда Міржақып Дулатовтан алынған жауаптың хаттамасында қамтылатын: «...Таранның отряды қарусыздандырылғаны және олардың көзі жойылғаны жөніндегі оқиға туралы мәлімет беру мақсатында біздің өкіліміз Кенжеғали Ғабдуллинді Дербес Орынбор армиясының штабына хабарлау үшін жібердім, ол Армия штабына барды...» деген мәтінге негізделген еді.

1919 жылы Алашорда қозғалысына қатысушыларға рақымшылық жарияланды. Кенжеғали өмірінің бұл кезеңі туралы 1937 жылғы «Қылмыстық істе» (*мәтін тілі бойынша*): «...работал в Оренбурге преподавателем Каз.института нар. Образования (КИНО), где преподавали почти исключительно алашординцы: Байтұрсунов, Дулатов, Шонанов и др., а также он работал сотрудником молодежной газеты с явно националистическим направлением. Газета эта называлась «Уртенг» (1922 жылы Орынбор қаласында

дандық кәсіпшілер бұйрасының тілі» — «Ленин жолы» газетінде жалғасады. Газеттің 1930 жылғы көптеген нөміріне Кенжеғали редактор Жанәлі Барқиевтің орынбасары ретінде қол қойды.

1932 жылы аудандық «Ленин жолы» газетінің негізінде бүгінгі облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті шыға бастады. Облыстық мәртебе алған «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тұңғыш жауапты редакторы Бейсембай Кенжебаев газеттің 1932 жылғы 9 сәуірдегі нөмірінен бастап қол қойды. Газеттің сақталған, сарғайған парақтарын саралағанда, 1933 жылғы ондаған нөміріне уақытша жауапты редактор (15 мамырдан 10 шілдеге дейін), редактордың орынбасары Кенжеғали Абдуллиннің қол қойғанын көруге болады.

Түркістан облысының Кентау өңірлік мемлекеттік архивінің құжаттар қорында Созақ аудандық кеңесінің отызыншы жылдардағы отырыстарына аудандық редакция менгерушісі (аудандық редакция бастығы, газет редакторы, аудандық баспаханың редакторы) Кенжеғали Абдуллиннің төралқа мүшесі ретінде қатысқаны туралы деректер хатталған.

1936 жылғы партиялық құжаттарды тексеру науқаны кезінде Созақ аудандық газетінің редакторы Кенжеғали Абдуллин «Алашорда сапында болғаны үшін», «ұлтшылдық топқа қатысқаны үшін», «билетін ұқыпты сақтамағаны үшін» деген айыппен партия қатарынан шығарылды.

Созақтан осылай сокқы көрген Кенжеғали содан кейін амалсыз Алматыға қоныс аударды. Құдайберген Жұбановтың көмегімен 1936 жылғы наурызда Ұлттық мәдениет институтына жұмысқа тұрды; институт Ғылым академиясының филиалымен біріктірілгеннен кейін аталған филиалда жұмыс істеп жүрді. Сонымен бірге Жоғары коммунистік ауыл шаруашылығы мектебінің оқытушысы болды (отбасымен бұрынғы Ленин даңғылы бойындағы жатақхананың 110-бөлмесінде тұрған екен).

Ғылым академиясының филиалында жұмыс істеп жүрген Кенжеғалидың 1937 жылғы жазда кенет қызметінен босатылуы сол кезде болып жатқан жаппай қуғын-сүргіннің, алда күтіп тұрған алапат азаптың хабаршысы еді. Өз басына бір тықырдың таянғанын анық сезінсе де, Кенжеғали осы кезде дәстүрлі ұстаздық ісін жалғастырады. 1937 жылғы 20 қарашада аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен «Сталин колхозы жанындағы №7а мектеп менгерушісі» болып бекітілді.

Кенжеғали Абдуллин 1937 жылғы 22 желтоқсанда ұсталды. Алматы облыстық НКВД басқармасының үштігі бірден «халық жауы» деп танып, 1937 жылғы

29 желтоқсанда ату жазасына кесті, 30 желтоқсанда үкім орындалды.

\*\*\*

Кенжеғали Абдуллиннің 1912–1914 жылдары Қазан қаласынан «Ислам негізі» атты аударма (татар тілінен) еңбегін, «Қазақ балаларына жәрдем» деген қазақша әліппені, «Өнеге яки нәмуне» деп аталатын дауыстап оқуға арналған оқу құралын, «Қазақша самоушитіл» жинағын, сондай-ақ «Қазақтың қамы» және «Ұран» деген атпен екі өлеңдер жинағын жеке кітап етіп шығаруы — құбылыстық тұрғыда назар аударатын жайт.

«Қазақ балаларына жәрдем» жарық көрген кезінен бастап он жылға дейін, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарын-

толғанысы халықтың сол таңдағы халіне («Болған соң қорқынышты қазақ халі...») бағышталған.

*Уайымсыз біздің қазақ тоқ болған соң,  
Білмейді алдын ғылымы жоқ болған соң,  
Білгендер күні-түні қорқынышта,  
Дүние жанып тұрған шоқ болған соң.*

*Бұл оттан сақтау керек әркім жанын,  
Өкінер сақтанбаса соғып санын.*

*Білгенге қарсы келіп болсақ дұшпан,  
Дүниенің көре алмайсыз жарық таңын,*  
— дей келе, шоктай жанып тұрған мынау алмағайып дүниеде — білген адамның пайдалы тілін алу, сол айтқанмен өнер табу, ұл мен қызды іске баулу, солардың бостандығы мен келешегі маңызды екенін білдіреді және ойын былай түйеді:

қатар болып кетер еді деп толғанады; «ғылым шашқан бір елден үлгі алмасак», «көлденең бір зауалға ұшырармыз» деп ескертеді; «намысымызды, арымызды қазақ болып қозғайық», басқаларға мазақ болмайық, «дін менен өнер біліп», «ғылым оқып, ғазаптан сақтанайық» деп «ғазиз еліне» сөз арнайды.

Кенжеғалидың «Ұран» жинағы «Қазақтың қамы» қозғаған замана жайын, әлеуметтік тыныс-тіршіліктің сын-сипатын одан әрі тереңдетіп ашты. Өлең сөз құрсаулы қазақ өміріне, заманы тілін алмай зарыққан жұрттың арман-мұратына қарай өрлей түсті. Көкіректі кернеген көңіл сөзін, жүректің дамылсыз үнін — осы жазғандарымды ел құлағына жеткізші, оқушы да көзін салсыншы деп

Кенжеғали Ғабдуллин, Илияс Жансүгіровтің осы тұста «мағжаншыл» болулары тегін емес», — деп жазды.

«Қазағының қамын» ойлап, алашының алдағы арманы үшін «Ұран» салған қаламы жүйрік Кенжеғали ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында кеңестік дәуірдің өлеңі шежіресін жасауға қатыспады (әзірге «Алақай!», «Жас ұлан» деген екі өлеңі ғана белгілі); өлеңді орта жолда тастап, бірыңғай педагогикаға бет бұрды, жазу өнерін журналистикада жалғастырды.

Ақынның өлең жазудан бас тартуының әр түрлі себебі болуы мүмкін. Оның біріншісі — сірә де жырдариядағы «еміле білмей жатып, еңіреп жыр жазған» (Қошке Кеменгеров) өткініш нәсердей, ұраншыл науқаншылықтан сырт тұру арманы болса керек; ал екіншісін — «дыбыстан сөз тудырған, сөзге жан бітірген» (Жүсіпбек Аймауытов) «мағжаншыл» сипатты қазақ жырының басына келген нәубеттің тасыр тәсірі деп ұғуға болады. «Кешегі шешек жарған қазақ гүлі сарғайып, бір су тимей солып жатқанда» (Мағжан Жұмабаев) өресі биік өлеңнің өріне не деп шабады?! Кеңестік боспасөзде көп көрінбеуінің бір себебін осылай пайымдап көргенде, екінші жағынан, Алашпен байланысты «қонырауының» да құр жатпағанын сезгендей боламыз.

Кенжеғали да — Ахмет Байтұрсынұлы жазғандай, «қазақ баласын ұлтым, жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған» қазақтың бауырмал қалам қайраткерінің бірі. Оның кеңестік поэзиядан кенже қалуының ең басты сыры осы «бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмаған» табиғатынан танылады. Өлең майданына қайта оралмауының себебін ұлтжанды сөз өнерінің заманның қызыл тезіне амалсыз көнген мәжбүрлігінен, елім деген әктілекті ұланның елжандылық шебінен шегінуге тура келген кезеңінен іздей аламыз. Қызылға мойынсұнбасқа, ақтан шегінбеске табылар тәсіл жоқ болды ол кезде...

Зерттеушілер ХХ ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиеттің бірнеше бағытын тиянақтаса да, осы кезеңде өмір сүрген Кенжеғали Абдуллиннің есімі мен шығармашылығы бұл бағыттардың ешқайсысының аясына алынған емес. Кенжеғали ақын туралы жазушы Ғалым Ахмедовтың естелігінде, белгілі ғалым Қабиболла Сыдықовтың мақаласында ғана айтылды және, негізінен, біздің жарияланымдарымызда сөз болып келеді.

Шығармашылығы өткен ғасыр бастауындағы ағартушы ақындармен де, демократ жазушылармен де ұштасып жатқан, оның үстіне отызыншы жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газеті басқармасында қатар қызмет атқарған Кенжеғали Абдуллинді көрнекті оқымысты Бейсембай Кенжебаев та «ХХ ғасыр басындағы әдебиет» еңбегінде атай алмады. Дүниенің біресе ағарған, біресе қызарған өзгеше бояулары Бейсекеңдей байсалды зерттеушіні сол заманның қатал шеңберінен шығармай, алашордашыл атанған басқа арыстармен бірге Кенжеғали әріптесінің есімін де хатқа түсіртпегені сөзсіз.

Қазір Кенжеғалиды көрген адамның табылуы екіталай; оның есімі қалың жұртшылыққа беймәлім; ол туралы, негізінен, әдебиетшілер қауымы ғана біліңкірейді; ал отбасы мен ұрпақтары (зайыбы Фатима, қыздары Лена мен Сәуле, ұлы Нариман) туралы дерек жоққа тән.

ХХ ғасырдағы алағай-бұлағай саясаттың салдарынан қазағына аты-жөні кешігіп жеткен Кенжеғали Абдуллиннің туғанына 2026 жылы 130 жыл толады. Алаш ұранды азамат-ақынның бұл атаулы күніне енді «кешікпей келетініне» сенеміз.

# КЕНЖЕҒАЛИ



да да қазақ мектептері үшін өзекті оқу құралы ретінде пайдаланылып келді. Алайда уақыт өте келе, әсіресе дінге деген коммунистік көзқарас күшейіп, бұрынғы қазақ қоғамының құндылықтары басқа сапада бағалана бастаған тұста әрі емлелік ескіруі байқалған соң, «Киргавлит», яғни цензура 1923 жылғы 27 қарашадағы отырысында бес кітапты бұдан әрі таратуға жарамсыз деп тапты, соның бірі — Кенжеғалидың «Қазақ балаларына жәрдем» әліппесі еді, ресми құжатта «букварь Абдулина» деп нақтылай жазылды.

Бұл — емле жағынан ХХ ғасыр басындағы қазақ әліппінен кейбір өзгерістері бар екеніне қарамастан, қазақтың ағартушы азаматының қазақ баласын қазақша оқыту үшін қазақ тілінде әзірлеген әліппесі мен оқу құралдары әрі осы бағыттағы алғашқы ұлттық оқулықтардың бір үлгісі.

Қазақ шәкірттеріне арналған аталмыш алғашқы оқулықтар Кенжеғали Абдуллиннің ұлттық педагогика саласында өзіндік әдістемесі мен тәсілдемесін қалыптастырғанын көрсетеді; сол заманда-ақ білім беруді жай сауат ашу деңгейінде қалдырмай, ғылыми-шығармашылық негізде дамытуға ұмтылған жәдитшіл-жанашыл тұлғасын көз алдымызға әкеледі.

Бүгінде бойтұмардай бойға тартып жүрген «Қазақтың қамы» және «Ұран» деген екі кітап — Кенжеғалидың ХХ ғасырдан жинақталып жеткен жырлары. Жалпы саны аз болса да (тоғыз), «Қазақтың қамы» жинағына, негізінен, ұзақ өлеңдер енгізілген. Беташардағы кітап атына сай келетін «Қазақтың қамы» өлеңінде ақынның күллі

*Ей, қазақ, ойласайшы елдің қамын,  
Айырмай партия мен елдің жамын.  
Болғанша қиямет күн дұға еткендей,  
Жағыңдар нәсіліңе ғылым шамын.*

Бұл ғасыр басындағы ағартушылық идеяны ұстанған көптеген қалам иесіне тән қолтаңба болса-дағы, Кенжеғалидың тебіренісі қазақтың қамын алдымен, «Ел қамын ойлайтұғын асылдар» ескеруі қажеттігіне барып тіреледі. Ол халықтың алдағы жаңаша тынысының кілтін дәл осыдан көреді. Алаш көшін бастаған арыстардың ізімен жүрген кейінгі жолы осы өлең мұратымен де үндесулі деп пайымдауға болады.

Жинақтағы «Жиырмасыншы ғасырдың жастарына» деп аталған өлеңі мезгілдік қайырылуы тұрғысынан қарағанда оқырман үшін бек мәнді.

*Ей, жастар біз жатпайық  
қарап текке,  
Оқиық әр ғылымды талап шетке.  
Оқуға бір жақсы үлгі біз де іздейік,  
Көз салып газеттегі түрлі кепке.  
Үгісіз, тәртіпсіздік, надандықпен,  
Дұшпанға ұрғызбайық күнде бетке.*

*Әр пәннен хаза алайық ғылым іздеп,  
Халықтың қор болмайтын жолын іздеп,  
Оқытып түрлі пәнде дін-дүниені,  
Айтайық осылайша болыңыз деп.*

*Сөйлейік жинап халықты уағыз-құтпа,  
Осылар шырағ(ы) дағы жолыңыз деп ...*

— осылай басталған өлеңінде «айқайлап сөздің туын тіккен» ақын «жарық болған танды көріп», «тегістен ұйқыны ашса», «мағлұматты жанды көріп, содан үлгі алса», «жастар өнерге тартып өссе», «әр шаһардан оқып білім алса», мәдениетке тенелмеген қазақ та өнерлі жұртпен

Жаратқан иеге жалбарынады.

Соның бірі — «Аһ, күнім!» өлеңі. Ақын өлеңдеріндегі «күн» әдеттегі (шығатын, бататын, тоқырайтын, тұтылатын, күйдіретін, т.б.) көп мағыналы «күн» сөзінің ішінен уақытты, кезенді, өмірді, тіршілікті бейнелейтін тұлғасында тұрып кең қолданылады; өткен шақта, осы шақта және келер шақта түрлене отырып, Кенжеғалидың «күні» біртіндеп лирикалық кейіпкердің түпкі ойы болып орнығады әрі әдеби тәсіл ретінде жетіледі. Әсіресе «өткен күн» мен «осы күн» арасындағы «айырмашылық» аталмыш өлеңде ақынның өзіне тән салғастыру мәнерімен одан әрі ашыла түседі.

Тілазар заманнан көңілі қалған кейіпкер «осы күннің» өзгеріп, жақсаруына «талаптылар» жәрдем береді, солар жұртын ойлап қайғырады деп сенеді. Бұл — ХХ ғасыр басындағы барша шығармашыл зиялы қазақ баласының заманауи жырларының көбіне тән ғибрат. Сол дәуірдегі ұлтым деген санагөйлік аясындағы парасатты қауым Кенжеғали ақынның сөзінде «талаптылар» үлгісінде тіркеліп тұр. Жинақта сол кездегі қоғам жағдаятына орайласатын, ұлтқа жөн сілтейтін, дұрыс жолға бағыттайтын, жақсы мінез-құлыққа шақыратын, адамның рухын көтеретін, жарқын үмітке үндейтін өлеңдер аз емес.

*Жастарды ағартайық дін білдіріп,  
Қоймайық жат миллетке құр күлдіріп.  
Орысша оқытпайық дін танытпай,  
Алармыз қапияда дін бүлдіріп,* — деп жазған Кенжеғалидың ақындық сөзі арналған арнаулы тақырыптың бірі — ислам дінінің жайы болды. Соған сәйкес сөзстанында діни ұғымдар көп қолданылады. Бұл — ақын өмір сүрген кезеңнің тұлғасынан туатын заңдылық. Бұдан басқа да қазіргі қолданыс аясынан тыс жатқан сирек сөздер (жам, хаза, миллет, шаһбаз, адалат, шапағат, шапикат, т.б.) кездеседі.

Кеңестік билікке бас иемей, онымен идеялық күресте болған ұлтшылдық, байшылдық дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдерін атап-түстеп берген Сәбит Мұқанұлы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» аталатын зерттеу кітабында (1931) Кенжеғалиды да осы сапқа қосады; оның өлеңдерінен мысал келтіреді.


«Сайыс» атты кітабында профессор Тұрсынбек Кәкішев: «...Мағжанның Ташкент дәуірі керемет жемісті болуы үстіне творчестволық бәсекеге жалғыз Сәкенді ғана емес, бүкіл қазақ ақындарын шақырып, көркемдік байрағындай желбірегенін теріске шығара алмаймыз. Әрине, өз шәкірті Бернияз Күлеевтің дүниеден өтіп кетуі өкінішті болғанмен, қаулап келе жатқан өрендердің ішінен

# АЙТЫЛҒАН ЖӘНЕ АЙТЫЛМАҒАН

## АҚИҚАТТАР



Биыл ұлы жазушы Мұхтар Әуезов тебірене жазған «Қилы заман» повесіне арқау болған 1916 жылғы Қарқара ұлт-азаттық көтерілісіне 110 жыл толады. Осы айтулы жылда Мұхтар Әуезовтің 1928 жылы жарық көргеннен кейін 45 жыл қапаста қалған аталмыш шығармасына жазған алғы сөзінде Шыңғыс Айтматов айтқан және айтылмаған ақиқаттар астарын іздеп көрген жөн.



Алғы сөзде Ш. Айтматов «царизмге, оның зорлықшыл аппаратына деген өшпенділікті жас Әуезов... соншалық суреткерлік нанымдылықпен көрсеткен...» дейді.

«Зорлықшыл аппараты» дегенде, Шыңғыс Айтматов мына шындықты айтып отыр. Патшаның зорлықшыл аппараты Орталық Азияны отарлауды Иван Грозныйдың 1552 жылғы қазан жорығынан бастады. Одан кейін Ермактың 1585 жылғы «Сібір жорығымен» жалғастырды. Сол жылдардан бастап Айтматов айтып отырған патшаның зорлықшыл аппараты әуелі әскери отарлауды, яғни казак пен қырғыз және өзге де Орталық Азия елдерінің атақоныстарына әскери бекіністер, камалдар мен форттар салуды қолға алды. Бұдан кейін дипломатиялық жолмен отарлауды, басқаша айтсақ, жер-жерге елшілер мен тыңшылар жіберіп, хан, сұлтандармен келісімдер жасасып, сұрқия саясатын індеге жүргізді. Бұдан кейін әскери-зерттеу экспедицияларын жіберу арқылы отарлай бастады. Одан соң жаппай қоныстандыру науқанын бастап кетті. Атамзаманнан өмір сүріп келе жатқан жергілікті халық өз жерінен айырыла бастады. Ең шұрайлы қоныстар келімсектерге тартып әперілді. Бұдан кейін көп ұзамай бұратана елдерді басқару жүйесін реформалау арқылы өз саясатын жүргізуді толықтай қолға алды.

Патшаның зорлықшыл аппаратының осы құйтұрқы саясатының нәтижесінде казак пен қырғыз секілді еркіндік сүйгіш халықтар өз бостандығынан айырылды.

Ш. Айтматов жас Мұхтар Әуезов «...патшаның отаршылық саясатының безбүйрек қаталдығы мен айуандығын соншалықты ашына әшкерелеген...» дейді.

Ш. Айтматовтың бұл сөзінің астарында мына ақиқат жатыр: патшаның зорлықшыл аппараты құрған «Қоныстандыру қорының» шабындығына кірген қазақтың он жылқысының біреуі казак-орыстарға берілді. Тіпті ең тандаулы қоныс қана емес, «ең жақсы атқа тек патша әскерлері ғана мінуі керек» деген желеумен кез келген казак пен қырғыздың астындағы атын тартып алып, қарсылық танытса, атып тастап кете берді.

Осындай қаталдық, қатыгездік және айуандық әрекеттерге деген халық өшпенділігі өршіп тұрған сәтте 1916 жылы 25 июнде Германиямен соғысқа жарамды ер-азаматтарды соғыс майданына алу жарлығы шықты. Бұл жарлық шыға салысымен жаппай 19 бен 43 жастағы еркектерді ешбір алдын ала түсіндіру, үйрету, кепілдік берусіз тізім жасап, сол тізім бойынша майданға жөнелту асығыс, жабайы жүргізілді.

«Бала өлгенше, шал өлсін» деген ұранмен Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір, Тұр-



лықожа, Оразай секілді тағы басқа да ел басшылары анттасып, патшаға қарсы көтерілді. Бұндай оқиға қырғыздарда да басталды. 20-ғасырдың басында Қырғызстанның қазіргі Нарын, Шу, Ыстықкөл облыстары мен Қазақстанның Жамбыл және Алматы облыстарының үлкен бөліктері біріктіріліп, бір Жетісу облысына қаратылды. Орталығы Верный қаласы болды. «Қилы замандағы» ұлт-азаттық көтеріліс осы облыстың барлық жерінде жаппай өршіді.

Шыңғыс Айтматов тағы да (Мұхтар Әуезов) «...көтеріліске шығып, сонысы үшін қан жоса қырғынға ұшырап, туып-өскен жерінен қуылған қарапайым халықтың қасірет-қайғысын ет жүрегі езіле отырып айтып берген...» дейді.

Айтматов айтқан бұл ақиқатын астарына үнілсек, патшалық зорлықшыл аппарат казак-қырғыз ұлт-азаттық көтерілісін басып-жаншу үшін «Жетісуға 8750 найзалы мылтығы бар 95 рота, 3900 қылышы бар 24 жүздік, 16 зеңбірек, 47 пулемет жіберді» бұған және Жетісудың өзінде мобилизацияланған 14 190 казак-орыс пен мұжықты қосыңыз. Кей деректерде «Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісті басуға адам саны 30 мыңдай қарулы күш жұмылдырылды» деп те айтылады.

Ш. Айтматовтың «қан жоса қырғын» деген сөзіне бір-екі ғана айғақ келтірейік: Қарақол түрмесінің бастығы Хромыхтың бұйрығымен тұтқындарды ешбір үкімсіз есіктің терезесінен жатқан жерлерінде жаппай атқан. Сол атудан 80 тұтқын оққа ұшқан;

К.Эрискин деген командир бастаған 15 солдат жаяу айдап келе жатқан 13 адамды «Ақшоқы» деген төбенің жанында ешбір себепсіз түгел атып тастаған;

Жазалаушы отрядтың бастығы Фон Берг үш күннің ішінде Қарақолдан

Текес өзеніне дейін саны 1110 адамды өлтіргенін мақтана жазады. Мұндай жазалаушы отряд көп еді. Жазалаушы отрядтар командирлері Волков, Иванов, Масловтар да жаппай қырып, жойғанын, тонағанын, тонағаннан қалғанын өртегенін өздері мақтана рапорттап, құжаттап қойған.

Ротмистр Кравченко «соғыс үстінде 2 мыңнан астам көтерілісшілерді қырып салдық» деп мақтана рапорт береді. Қырылғандарды кім түгендеп, санапты?

Осындай қырғыннан кейін Шыңғыс Айтматов айтқандай, «...жазалаушылардан қашып құтылу үшін бүкіл халық боп қар кешіп, асулардан асқан...»

Ресми мәліметтер бойынша Іле аймағына өткендер саны 300 мыңнан, Қашқар, Ақсу, Үштүрпан өңіріне барғандар саны 120 мыңнан асыпты. Сөйтіп, Жетісу облысының 420 мыңдай тұрғылықты халқы Қытайға ауып кетуге мәжбүр болыпты.

Осындай ақиқаттар көркем тілмен кестеленген «Қилы заманды» Шыңғыс Айтматов жоғары бағалап, «...мұндай шығарманы мен шығыс әдебиеттерінен сирек кездестірдім...» дейді.

Осылай айтқаннан кейін Шыңғыс Айтматов мынадай да пікірді ортаға салады: «Қилы заманды» оқи отырып, егер Октябрь революциясы болмаса, көшпелі қазақтар мен қырғыздардың одан арғы тағдыры не боларын мезгіл өткен соң ойлаудың өзі қорқынышты. айтуға аузым бармайды, мүмкін, тіпті біз болмас та едік...»

Бұл – ақиқат еді. Айтматов осы ақиқатты айтқаннан кейін медальдың екінші жағындағы, яғни Ұлы Қазан төңкерісін жүзеге асырған большевиктер партиясының кейінгі көшпенділерге жасаған қасіреттерін ауызға алмайды. Әйтпесе ол, әлбетте, 1928 жылы басталған байларды жаппай кәмпескелеу науқанының қандай зардаптар әкелгенін білетін;

осы науқаннан кейін 1931–1933 жылдары Қазақстанды голощекиндік аппарат қолдан ұйымдастырған аштық жайлағаны, аштықтан миллиондап адам қырылғаны да санасында болатын;

одан кейінгі сталиндік-голощекиндік репрессия жылдарында Алаш жұртының көсемдерінің, жер-жердегі ел басында жүрген зиялы тұлғалардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырағаны да (олардың ішінде, Шыңғыстың өз әкесі Төрөқұл да бар-тын) жадында жаңғырып тұрған еді;

1954 жылдан тын және тыңайған жерлерді игеру деген жоспармен Қазақстан жерін бірте-бірте иелену мақсатында сырттан өзге ұлт өкілдерін солтүстік облыстарға қоныстандырғанын да білетін;

ұлттық тілдің, салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың мансұқталып, жаңа совет адамын қалыптастыру науқанының көзсіз жүргізіліп жатқанын да көзі көрді.

Бірақ дәл осы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманына» жазған алғы сөзінде олар туралы ештеңе демейді.

Ақиқаты сол – егер олар туралы айтса, ұлт-азаттық көтеріліс туралы жазылған «Қилы заман» повесі жарыққа шықпайтын еді. Ұлы ұстазының алдындағы шәкірттік бір парызы орындалмай қалатын еді.

Ақиқаты сол – Шыңғыс Айтматов ұстаз алдындағы шәкірттік парызын ғана орындаған жоқ, ол азаттық үшін патшаның зеңбірегінің ұңғысына жалаңаш кеудесін тосқан, көтерілісте жазықсыз құрбан болған батыр аталардың аруағының алдындағы перзенттік парызын да өтеді; ол сондай-ақ кеңестік тоталитарлық жүйе ұлтсыздандырып бара жатқан казак пен қырғыз халқының ұрпақтарының алдындағы азаматтық міндетін де атқарды.

Кеңестік жүйе 45 жыл жарыққа шығармай келген ол кітап жарық көрсе, тарихи шындық ашылар еді;

егер ол кітап жарық көрген болса, онда казак пен қырғыз халқының азаттыққа деген ұмтылысы мен ұлттық рухы қайта оянар еді;

егер ол кітап жарық көрсе, кеңестік тоталитарлық жүйе кейде ашық, кейде астыртын жүргізіп келе жатқан ұлтсыздандыру саясатының және біртүрлі совет адамын қалыптастыру науқанының быт-шыты шығар еді!

Шындығында, солай болды да: 1972 жылы Шыңғыс Айтматов алғы сөз жазып шығарған «Қилы заманды» оқыған ұрпақтардың ұлттық рухы оянды.

Сол рух көтеріле келе 1986 жылы Алматыдағы желтоқсан көтерілісіне ұласты!

Міне, сол ұлы оқиғадан кейін-ақ Кеңестер Одағының құрамындағы туысқан республикалар өздерінің тәуелсіздігіне ұмтылды. Ұлы Мұхтар Әуезовтің Қарқарадағы ұлт-азаттық көтерілісті суреттеген «Қилы заман» повесіне жазған Шыңғыс Айтматов алғы сөзінің астарындағы ең басты ақиқат осы еді.

Биыл казак елі өз Тәуелсіздігінің 35 жылдығын атап өтеді. Ол Тәуелсіздіктің келуіне Мұхтар Әуезовтің ұлы арманынан туған рухты шығарманы қайта жарыққа шығару арқылы адамзаттың Шыңғыс Айтматовы да өз арманын орындағаны сөзсіз.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,

М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

**Қалдыкүл  
ОРАЗҚҰЛОВА,**  
Т. Жүргенов атындағы  
ҚазақҰОА профессоры,  
өнертанушы

Өзі туып-өскен ауыл бала  
Болат Тұрғынбайдың есінде  
ерекше қалды. Оның балалық  
шағы ауыл шетіндегі сырты тү-  
гел қоршалған, іші түрлі жеміс  
ағаштарына толы қорғанмен  
байланысты. Анасынан  
дәстүрлі аңыз-әңгімелерді де  
алғаш рет сол жерде естіген.

Оның өнерге қызығушылығы, Таш-  
кентте өнер академиясында оқып жүрген  
кездесінің суреттерін көрген кездегі  
таңғалысынан басталады. Міне, сол кез-  
ден бастап, небары төрт-бес жастағы бала  
Болат Тұрғынбай өзінің қиялынан туған  
суреттерді қағаз бетіне түсіре бастады.  
Салатын суретіндегі бейненің келбетін  
әжептәуір ұқсатуды үйренді, ал мектепке  
барғанда сурет сүйікті пәніне айналды.  
Суретші болуды да сол кезден бастап  
армандады. Біртіндеп бейнелеу өнерінің  
қыр-сырымен танысып, оны салудың  
әдіс-тәсілдеріне қолын машықтандырды.

Мектепті бітірген кезде ол өзінің  
суретші болатынына нық сенімді еді.  
Кәсіби білім алу үшін Әбілхан Қастеев  
атындағы өнер училищесінде 1977 – 1981  
жылдар аралығында оқыды. 1984 жылы  
Мемлекеттік театр және көркем сурет  
институтына оқуға түсті. Оны 1989 жылы  
бітіріп, кәсіби өнер жолына қадам басты.

Бүгінгі күні өз шеберханасында көпте-  
ген шәкірттер тәрбиелеп, түлетіп отырған  
белгілі суретші Болат Тұрғынбай мерейлі  
65 жасқа толып отыр. Өзіндік қолтаңбасы  
бар қылқалам шеберінің кескіндемешілік  
шығармашылығынан ізденістер легі бір-  
ден көрініп тұрады.

Болат Тұрғынбайдың «Базарлық»  
картинасына тұтастай қарасак, әсем  
козғалыстағы әйел қоржын толы ба-  
зарлықты алып келе жатқандай әсер  
береді. Картинадағы бейнелер қазақы  
киізде өрнектелетін композицияға ұқсас.  
Кескіндемеші бейнелерді бірінің артына  
бірін орналастырып, қатпарлы жазық  
бетті композицияда орындаған. Әйелдің  
киіміндегі, қоржынындағы өрнектер мен  
артқы жағындағы стильденген жануар  
мотивіндегі бейнелер – бақуатты қазақы  
дәстүрлі мәдениеттің көрінісі. Сонымен  
қатар қызыл, жасыл, көк, сары түстер  
сәнді ұлттық стильді одан әрі айқындай  
түседі. Ерекше көзге түсетіні, қазақтың  
киіз өрнегіне ұқсас әрбір кескіннің



## ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ ТУЫНДЫЛАР

сыртынан жүргізілген қара түсті сызық  
бейнелерді айқындай түседі. Қазақ  
халқының дәстүрінде киіз басқанда ал-  
дымен қара түсті жүннен иректөп өрне-  
гін сызып алып, оның ортасын әр түске  
боялған жүнге толтырып барып басады.  
Содан өрнектер қара түспен жиектеліп,  
анық, дара-дара болып көрініп тұрады.  
Бұндай тәсіл өрнекке даралық, монумент-  
альдылық береді.

Картинадағы әйел бейнесі қа-  
зақтың дәстүріндегі ошақ иесі, да-  
налық пен дәстүрдің сақтаушысы, ұрпақ  
жалғастырушысы ұғымын айшықтап  
тұр. Сондықтан картинаның негізгі  
мазмұны рухани-мәдени байлықты шаш-  
пай-төкпей тарихи кезеңдерден алып  
келе жатқан қазақ әйелінің символдық  
бейнесін тұспалдайды деуге толықтай  
негіз бар.

Кескіндемешінің тағы бір туындысы  
«Ғұмыр» – өрнекті әрі нағыз сәнді  
стильде жазылған шығарма. Туынды  
ритм мен символизм принципінде және  
метафоралық, философиялық мазмұнда  
жазылған.

Композицияда ашық жасыл және  
қызыл түсті киім киген, басын иығына  
түсіріп, өзінің ішіне үніліп, ойға шомған  
адам бейнесі суреттелген. Оның айна-  
ласындағы балықтар мен құстарды шах-



матты тәртіпте орналастырған. Мұндағы  
құс – жер мен аспанды жалғастырушы,  
еркіндіктің, адам жанының, ал балық –  
интуицияның, бейсаналықтың, өмірдің  
мәңгі козғалысының, судың символы.  
Сарғыш-жасыл, көк, қызыл түстер кар-  
тинаға кереғарлық дарытып тұрғанымен,  
туындыға вибрациялы козғалыс берген-  
дей, өзара үйлесімділік тапқан. Бояулар  
арқылы кеңістікті екіге бөліп, жер мен  
аспан, рух пен материя сияқты әлемнің  
дуализіне баса назар аудартады. Болат  
Тұрғынбай туындыдағы түстердің не-  
гізінде құрылған ырғақты козғалыспен  
адамның ішкі рухани мазмұнын да ашып  
көрсеткен. Жалпы, суретші адам мен та-  
биғат және космос тыныштығының мәңгі  
қарым-қатынаста болатынын аңғартып,  
әлемді рухани жүйе ретінде өрнектеген.

Болат Тұрғынбайдың шығарма-  
ларының көбі стилизациялы, декора-  
тивтік стильде жазылған. Оны әсіресе  
«Көкжайлау» туындысынан айқын  
көреміз. Суретші көрерменнің бар зейінін  
қара контурлы сызықтармен жазылған  
қою қара шыршалармен біртіндеп  
жоғарыға қарай өрлетіп, көкжиектегі  
таулы алқапқа жетелейтін пейзаждың  
орталығына аударған. Картинаның  
алдыңғы бөлігіндегі айқын сызықпен  
сызылып, әсем иілген үлкейтіліп берілген  
өсімдіктердің пластикасы көзге бірден  
түседі. Мұндай жазу мәнері модерндік

суретшілердің витражды немесе аппли-  
кациялық картиналарының мәнеріне  
келеді.

Мұндағы шыршалардың ырғақты  
қайталануынан стильденген орман сәнді  
әрі өрнекті әсер береді. Болат Тұрғынбай  
үшін табиғаттың көшірмесінен гөрі, одан  
алған әсерді бейнелеу маңызды. Бейненің  
сыртқы жиегін қара сызықтармен жүргізу  
– модерн мен постмодернге тән стиль  
(бұл Ван Гог, Гоген және «Наби» тобының  
суретшілерінен байқалады).

Модерн суретшілері академистік  
сурет салудың қатаң ережелерінен бас  
тартқанымен, бейнелеудің сезімдік, те-  
рең рухани бастауларын туындыларын-  
да ұтымды қолдана білген. Сол сияқты  
Болат Тұрғынбай да өзінің ерекше жазу  
мәнерін дәстүрлі бейнелеу мен ұлттық  
сәнді стильдің тоғысынан іздестіреді.

Әдетте суретшілер кеңістікті берудің  
перспективалық заңдылығына жүгінеді,  
ал Болат Тұрғынбай ондай тәсілден  
саналы түрде бас тартып, өзінше жана-  
ша тәсілдерге бой ұрады. Суретшінің  
о бастағы мақсаты өзгеге ұқсамайтын

жеке қолтаңбасын қалыптастыру бо-  
латын, сол бағыттағы ұзақ ізденістердің  
нәтижесінде сәнді-символды, стильді  
қолтаңбасын қалыптастырды. Оның  
ерекшелігі табиғатты бақылау арқылы  
көріністі өзінше пайымдау. Оның пайым-  
дауынша, шынайылық табиғаттың, за-  
ттың сыртқы пішініне қарағанда, оның  
ішкі мазмұнында сақталады, ал мазмұн  
әрқашан да астарлы, сан қырлы болып  
келеді. Оның ойы қандай терең болса, та-  
биғатты бейнелеу де мистикалық сырға,  
асқан ұлылыққа толы.

Болат Тұрғынбайдың көптеген карти-  
наларына ортақ қолтаңбалық ерекшелік  
– вибрациялы козғалыс. Оның түстерді  
пульсивті-вибрациялы жазу тәсілі кар-  
тинадағы фигуралар мен табиғат көрініс-  
терін козғалысқа енгізеді. Козғалысты  
берудің ырғақты, динамикалы деген  
дәстүрлі түсініктері бар. Дегенмен Бо-  
лат Тұрғынбайдың картиналарындағы  
козғалыс ғаламның көзге көрінбей-  
тін, денемізбен сезінбейтін тоқтаусыз  
козғалысына ұқсас. Картинаға алыстан  
көз салсаңыз, «Көкжайлау» туындысында  
жер дөңгеленіп тұрғандай көрінеді. Өнер  
дегеніміз қайталау емес, оны көре білу,  
сезіну және ой елегінен өткізу десек, Бо-  
лат Тұрғынбайдың әр туындысында әлем  
мен табиғаттың, жан баласының сыры,  
сұлулығы түстер мен козғалыстар арқылы  
үлкен философиялық мән үстейді.





Сүлеймен МӘМЕТ

«Кемедегінің жаны бір» дегендей, ем-хана төсегіне таңылған пенделердің мұң-зары бір. Бір-біріне мүсіркей қарайды. Қиналып жатқандарға араша түскендегі тірлігі — «Алла дем берсін», «тынысын ашылсын» ғана.

Отаға түсіп, онала бастағанда екі көзін есікке телміреді. Дәлізден ары-бері өткендерге қыла қарайсын. Солар құсап жүріп кетсем-ай дейсін.

Тәңір жарылқап оған да жеттік-ау. Тұсаулы аттай кібіртіктеймін. Сықырлауық төсегіме келіп, отыра бергенімде: ежелгі танысымдай, селдір мұрты, жүзін әжім торлаған, қарулы кара торы казак сәлем беріп, қол ұсынды.

— Тәубе, тұрыпсыз. Сәл жүріпсіз, енді шапқылап кету қалып тұр екен. Алла соған жеткізсін, — дейді.

Барлай қараймын, бұрын көрмеген адам.

Соны сезе қойған ол:

— Иә, бұрын жүздеспеген, кездеспеген адаммын. «Бұл кім еді?» деп отырғаныңызды сұраулы жанарыңыздан ұқтым. Мен де отадан шықтым. Бір бүйрек кетті. Шүкір, аяққа тұрдым. Екі бүйірім ауырып, қиналып келіп едім, ол күндер де артта қалып, енді үйге кетсем деп тықырышып жүрмін.

Жаңа танысым сөйлеп отыр. Көңілінде кір жоқ. Терезенің алдында жатқан бірер кітапқа, бірнеше газетке көз қиығын салып:

— Мен — кара жұмыстың адамымын. Бірақ тілдің түбін түсірем. Әжемнен жұққан ғой ол. Қолымды қараңыз. Тыртық көп, — екі алақанын жайды, — не көрмеген алақан дейсіз бұл, қу тақтай секілді. Әлгі СССР-ыңызда тақым қотырланып қой бақтым. Шопан деп әспеттейтін еді. Кәдімгідей атакты шопан болдым. Қазір балаларыма айтсам, ой, қойыңызшы деп сенбейді. Мына кеудеме орден тақты. Әй, сол қайда қалды екен?

«Әлгі пәле, әйелімді айтма, «асыл темір көрінеді, темір қабылдайтын жерге өткізсек, көп теңге санап береді» дегенде: «Тәйт, ол менің еңбегімнің өтеуі. Немерелерім «атамыз орденді малшы болған» деп мақтанып жүреді» деп тойтарып тастап едім.

Тәңір ауырып, жаның күйзеліп тұрғанда сөз тындауға құлық қайдан болсын. Дидары күнге күйген азаматым еш нәрсеге мән берер емес. Амал жоқ, құлақ қоям. Арасында селдір мұртын сипап қояды. Бетіндегі әжім мойнынан да байқалады. Ол білек арқылы қолындағы тыртықтарға жалғасып жатқандай.

— Ары-бері өтіп жүргенде байқадым оқымысты, а, жоқ кітап пен газетті көп оқитын секілдісіз. Шопан болып қой соңында жүргенде мен де оқитын едім. Бауыржан Момышұлының кітаптары қолымнан түспейтін еді. О, әлгілер, шоллақ белсенділер бума-бума газеттерді үйіп тастайтын. Мен оқи беремін, ермек қой. Әйелім онымен от тұтады. Ол да қарық, мен қарық дегендей. Оқи жүріп көп нәрсені біліп алдым. Заң-зәкүн бойынша талаймен тайталасқа түстік. Қойшы болғанмен, біздегі сөзі көп «ойшылардан» кем түспейтін едім. Алып-ұшпа жастардың да мысын басып қоятын едім. Айтпақшы, атымды айтпаппын ғой. Атым — Жалғас. Ерейментаулықпын, —

деп жанарын бұрды. Атыңыз кім дегені болар деп, есімімді айттым.

— Аты-жөніңізді естіген секілдімін. Газетшік емессіз бе?

Сөзінің астары у қорғасындай. Басымды изедім.

— Кешіріңіз, біз қой бағып жүргенде бастықтар тілші десе, тітіреп кететін. Сыртынан сөз айтатын. Газетшік деп кемсіткендей болатын. Мен де газетшік деппін ғой, айыпқа бұйырмаңыз. Ой, талай тілші талай бастықты допша домалатты ғой. Обалдары не, бізді мақтап жазатын. Құрым киіз үйімізді ақ шаңқан деп көсілгенде, ынғайсызданатын едік.

Жалғас әңгімесін жалғастыра берер еді, емдеуші дәрігер келіп үзіліп қалады.

— Тағы келем, Алла жақсылығын берсе, ем қонса, күн санап, көкке аузы тиген арық-тұрық секілденіп көтеріле бересіз, — деді шығып бара жатып.

Қарапайым казак, қарапайым тіл кең даланы көз алдыма әкелді.

\*\*\*

Бүгінгі жүрісім кешегіден ширақ, көңіл күйде көтеріліп тұрғандай.

— Тфә, аға! — деп Жарас жетті. — Тілшімін деңіз. Ауыл қирағанда келдік. Қалаға. Базар жағаладық. Алып-саттық. Алып-сатар атандық. Бүйір бұлтимады. Әйелді базарға қалдырып, «Су арнасы» деген мекемеге кара жұмысшы болдым. Қуат бар, ат үстінде жүрген соң ба? Қол қайратты, тақым мықты дегендей. Күндіз-түні тыным жоқ. «Ана жерде апат, пәлен жерде су кетіпті».

Қыста бел шешпейсің. Осы күнгі жастардың көбі көлеңкеде өскен сары шөп секілді, әлжуаз. Өздері шетінен мұздауық. Баяғыда қоралы қойдың ішіндегі азын-аулақ ешкі жаңбыр қатты жауса, бұршақ төгіп өтсе, бақылап келіп аттың бауырына тығылатын. Қыста бүрсеңдеп үйге ұмтылады. Осы күнгі өрімдей жастар сол секілді. Жыным келеді, артынан «неге бұлай?» деп маңдайымды ұстап отырып қалам.

Қарапайым казактың жасандылықтан ада кара сөздері қабырғамды қайыстырады. Қайрат беріп, жұбатқан болам. «Ертеңгі күн керемет болады, сеніңді жоғалтпа» деймін.

— Қайдам, сіздер сенесіздер, менен сенім кеткені қашан?! Алпыстан асқалы әр жерім сыр бере бастады. Бір ескі көлігім бар. Сынады, жөндеп алам. Ал денсаулыққа ондай жөндеу жүрмейтін секілді.

Ол ойға шомып отырып қалды. Кара торы дидары күреңтті. Әжімдер толқын секілді дірілдегендей болды. Әжімде де қон бар ғой. Сол бұлақ суындай бұлқынды-ау шамасы. Бір көзіне түскен ақ қарашығын жауып кеткен секілді.

— Көзіңе?.. — деп қалдым. Сыздаған жараның аузын тырнағандай болдым.

— Бір көз жоқ. Жалғыз көз. Жалмауыз емеспін, — бір келістіріп күліп алды. — Ат тағалап жатқанда сынған шегенің ұштығы ағызып түсірмін. Орнын шел емес, ақ басқан. Шел басатын мен кіммін? Алла берген қуат, туған жерім киелі Ерейментаудың қасиеті шығар осы күнге дейін бас ауырып, балтыр сыздамапты. Енді сыздауықтай әне жер, мына жер сыздайтын болды. Үйдегі кісі «үйдің қасындағы емханаға бар» деді. Бардым. Кіре берсінде бір шөпжелке қыз отыр екен. Жағдайымды түсіндіріп жатсам, жүре тындайды. «Қайда тіркелгенсің?» дейді дүңк етіп.

Жалғыз көзді қадап тұрып: «Бастығың қайда?» десем, «бұл бөлімше» дейді ежірейіп. Ауылдың-ақ қызы. «Жаман атқа жал бітсе...» баяғы.

Сөйтсем, бір мықты, бірінші қабатты жекеге алып, емхана ашқан. Дәрігерлері жалдамалы. Құрал-жабдық жоққа тән. Тексерілуге қаланың төрт бұрышына жібереді. «Неге?» десем, «келісім солай жасалған» дейді. «Тіркелген емханадан неге мұнда құжатты алдырыңдар? Ол жерде жақсы еді. Ана сәбеттен қалған ескі

де болса құралдар бар еді ғой?!» деймін күйгелектеп.

— Сіз осы үйде, не осы маңда тұрасыз ба, — дейді.

— Тұрсам, ары-бері неге сандалуым керек?

— Оны мен білмеймін.

— Кім біледі? Басшы қайда? Аты-жөні кім?

— Ол жоғарыда көрінеді. Өзіміз де көргеміз жоқ.

— Айлық бере ме?

— Иә, береді. Тендерден өкіртіп алатын көрінеді ғой.

Қыздың беті бері қарады.

Содан меңгерушіге бардым. «Құрысын!» — дейді ол екі қолын төбесіне қойып, екі ортада өлетін болдым. «Айлық аласын, жұмыс істе, неге отырсың? «Халық жеп жатыр» деп сылтау айтпа, оларға иліге берме, есебін тап та шығарып жібер, иліге берсең илейді», — дейді.

Дәрігердің көзі балбұлдады. Менің

# ӘЖЕ

бүйіріме қадалған шаншу ине дерсін, жанымды шығарып барады.

«Құлдықтамын, — саусағын басынан асырып жоғары шошайтты, — басқа жерге барсам да осы құлдықтан құтылмаймын-ау!» — дегенде меңгерушінің жанарынан нөсер жауды. Аядым. Менің аяғанымнан не пайда? Анау аямаса, құдай аямаса. Әжем марқұм бір тарынған кезінде: «Құдай да қудың жағында» деп күйіп-пісуші еді, мына тірлік солай болып тұрған жоқ па?

— Ауруханаға барып жатайын, — дедім. — Ой оған квота керек?!

Тұмылдықтаған бұзаудың күйін кештім. Тіл байланды.

«Біткен екенбіз, ә?! — деймін. — Қалай тез бітіріп жіберді, а?»

\*\*\*

— Не болды? — дейді үйдегі мықты. Сүмірейіп табалдырықты аттағанда.

— Не болушы еді. Дәрігердің, құл дәрігердің көз жасын көрдім.

— Ойбай, қайдағы көз жас? Қатты бірдеңе айттың ба? Оңтүстікке еліктеп шешеден жіберетінді шығарып едің. Құдай-ау, боқтағанға да салық барын естен шығардың ба? Баяғы салық — иманды салық екен. Қазір түкірсең де, сиырың жапаласа да салық салады, сорлы-ау!

Әйелім жылаудың алдында тұр. Өзім де біртүрлі күй кештім. Заман ақыр таяғандай дегбірсіздендім.

— Боқтағам жоқ, осы сен қашанға дейін ақымақтардың қатарына қоса бересің, а? Әйелім күліп жіберді.

\*\*\*

Анау айтқан, мынау айтқан әйел білетін ем-домды үйде жатып үш күн қолдандым. Онала қоймадым. Екі бүйірім суыртпақ суырғандай жеп тұрады. Бүйректің кеселі болу керек. Өзімнің топшылауым осыған саяды. Көзімнің алды көлкілдеп, ертеңгісін баланың саусағындай білеуленіп тұрады.

Үйдің астындағы жеке емханаға тағы бардым. Қу жан үшін шипа іздеп. Кіреберістегі тіркеуші қызға жағдайымды айтып, жалбарындым. Басқа қыз екен. Ол да: «Жазылу керек алдын ала, онсыз дәрігер қабылдамайды», — дейді жаттанды мақаммен.

— Жаз онда? — деймін.

— Біз жазбаймыз, — деп бір қағаздағы телефонды нұсқады.

Түсімді суытып:

— Сен телефон шал? Менде қайдағы телефон.

— Қыз жақтырмаса да телефон тұтқасын көтерді. Сөйлесті. «Алдағы аптаның жұмасында, кешкі бесте қабылдайды», — деді.

Қызбен салғыласпадым. Өткенде болған бөлімше меңгерушісінің бөлмесіне қарай бұрыла беріп едім, әлгі қыз шок басып алғандай: «Бастыққа бара жатырсыз ба? Болмайды. Бос емес», — деп түп етегіме орала кетті.

Тындай қоймадым. Сөзімді де шығындамадым. Тақылдаған қыз, менен бұрын тықылдатып басып, алдыма түсті. «Рұқсатпен кіру керек», — деді.

— Өткенде болғам, — деймін.

— Ол кісі кетіп қалған, мына кісі жана бастық, қатал адам, — деді ұрпип, үрейі ұшып. Аядым. Бір уыс болды. Бірақ кіруім керек.

— Бар кінәні өз мойныма алам, — деймін.

— Неге жібересің дейді ғой! Жұмыстан қуып жіберсе далада қалам ғой, — деп қыз

жәудіреді.

— Мені тындамады де.

Жәудіреген қыз бастығының есігін менен бұрын ашып: «Бұл кісі мені тындамады», — деді.

Еркек пішінді, шашы дудыраған, танауы таңқы кеспелтек әйел, көзін алайтып, сұп-сұр болып: «Қабылдай алмайын, уақытым жоқ. Тәртіп бар, соған бағыну керек, сендер ме, беттеріңмен кеткенсіңдер!» — деп жәудір қызды жеп жіберердей зіркілдесін келіп.

— Тындамады, айтудай айттым, — деп жәудір қыз көз жасын төкті.

Көздің жасынан жасқанар түрі жоқ әйелдің. Қайта қамысқа тиген өрттей өршіп барады. «Жаз арызыңды. Жұмыстан кетесің!» — дегенде шыдай алмай: «Кінәлі мен, бар жазаны мен мойныма алайын!» — дедім.

«Сенде шаруам жоқ, менің ісім өз қызметкерімде, — деді сазарып. — Бұл жердегілер бетімен кетіпті, мен тәртіп орнатам, тапсырма солай. Бұл жекеменшік мекеме», — дегенде:

— Қаржыны қайдан алып отыр? — дедім.

— Тендерден ұтады.

— Иесі сіз бе?

— Иесі жоғарыда, мен орындаушымын.

Жаным қиналып барады: «Орындаушы орныңды біл. Келер аптаның жұмасына дейін, менің жаным бар жан ба, жоқ жан ба? Дәл телефон Президентке үндеу жіберем!» — деп телефонды қолыма алып, меңгерушіге қараттым.

Баж ете түсті. «Аулақ, не істеп тұрсыз, сіз?!» — дейді. Сеннен сізге көшті.

Мен балаларым үйреткен жолға түсіп: «Құрметті президент!» деп сұңқылдай жөнелдім.

— Бұл не сұмдық! — деп бетін басады. Сөйлеп жатырмын тоқтаусыз.

— Тұра тұрыңызшы, сөйлеселік, — дейді.

Жәудіреген қыз екі оттың ортасында қалғандай.

— Мына қыз жұмысында қала ма, бұл туралы да айтайын ба? — дедім. Менікі бопса. Түсіп жатыр ма, ол жағы белгісіз.

— Қалады, тимеймін. Бара бер орнына, — деді.

Қыз кетті. Жалмауызға да жан керек екен. Меңгеруші мен-зең болып қалғандай. «Апырай, бұл пәле орынға мені айдап келген қандай сор, а? Ананың айтқанын қайталағаным қалай, өз сөзім қайда? Не істесем болды?» дейтін секілді іштей.

Дудыраған шашын түзеген болды.

— Түсіргеніңіз шын ба?  
 — Әрине, кетті барар жеріне, — деймін. Бүріп тұрған бүйрек босансығандай. Бірақ қозғалсам қанжардай қалады.  
 — Өттеген-ай, ә! — деді дәрігер: — Алдандым. Ауылдан көшіп келіп, жұмыс болмай отбасында отырып қалып едім.  
 «Отбасылық емханаға басшы болып барасың ба?» — деді бір танысым. Басшы десе, көзіміз жанып кетеді ғой. Келістім. Үлкен бастыққа апарды. Жалына қол апарпайтын асаудай кісі екен. Өктем. Тақымына ешкімді толтыра қоймайды. Дәрігер бармағын тістеді.  
 — Бәрі менің жеке дүнием, — деді ол, — ешкімнің қосқаны жоқ! Өзіңе барлық жағдайды жасаймын. Тек бөлімшені мықтап ұстасаң болды. Халық деп, халықтың ығына жығыла берме, — дегенде: «Әлгінде бәрі халық үшін» дедіңіз ғой, — деп едім:



«Ол сөз жүзінде, іс жүзінде өзінді ойлау керек. Мына заман соған әкеліп отыр. Ұл-қызды ойла алдымен».

Басым зеңіп кетті. «Халықтың қайыршы болуы осыдан екен ғой, ә?» деймін күбірлеп. Бастығым сөйлеп отыр екен, көзімді ашсам.

«Солай, айналайын билікті қолға аласың, қол астындағыларды еркінсітпе, қыңқылдаса қу да жібер. Басқалар ойлай жүреді. Жұмыс іздегендер шұбырып келеді, шекесінен шертіп аласың. Қалада қулық сақтау керек. Әлгі бір ақынның айтқаны ақиқат. «Ауылдағыдай аузыңды ашып отыра берсең аузыңа түк те тамбайды», — дейді.

«Әлгі ақыныңыз Абай емес пе?» — деп едім, «болса болар, ақынның заманы өткен, ақшаның заманы туды. Ақша бәрін шешеді».

Әлгінің сөзі кәдімгідей майлы жал берді. Жаман торы көңілім өскендей болды.

Әкеліп таныстырды. «Иіліп жастық, жайылып төсек боласыңдар», — деді. Мөңді-мөңді болып отырғандарға.

«Сенің орнында болған бір қияли екен өзі. Маған ақыл айтады. «Адамдарға қарайласайық» дейді. Иә, қарайласу керек. Бірақ нарық талабы жалпақ шешейлікті көтермейді. Сен соны ескер. Тік бақай бол, байпандама».

Оны ойыннан шығар. Шығармасаң жағдайың қиындай береді», — деді жалпақ сары бастығым, жалтыр басын қақшандатып. Сол жондануым, бір күнде жонарқамды тілім-тілім етті. Үндеуіңіз үрейімді алып барады. Не істеймін, ә? Токтатудың қандай жолы бар?» — деді. Біреуге телефон шалды. Орта жастағы ақжеленді әйел кірді.

— Мына кісіге бір көмек беру керек, — деді оған.

Әйел басын төмен салып сәл отырды да:

— Қандай көмек? Дәрігер қабылдауына ма? — деді.

— Қабылдаудың ауылы алыс болып, бұл жұмада емес, алдағы жұманың

жұмасында болып тұр. Ауруханаға жатқызудың жолы табыла ма?  
 — Квота алу керек, — деді де, — біз өз аумағымыздағы ауруханаға қойылған диагноз бойынша тез арада бір-екі адамды кезектен тыс жатқыза аламыз. Соған қам жасайық. Диагнозы қандай?  
 — Екі бүйрегі дұрыс жұмыс істемейтін көрінеді, — деп алдындағы менің қағаздарымды көрсетті. Оқыды.  
 — Осы уақытқа дейін дәрігерде болдыңыз ба?  
 — Жоқ, бұрын аз ауыратын еді, енді суырып жеп тұрады.  
 Қағаздарды алып кетті әлгі ақ халатты әйел. Көпті көрген секілді. Жүрісі де жылдам. Туа қалалық білем, не сыннан да сүрінбей өткен түрі бар.  
 Еркек пішінді дәрігер қалаға толық сіңе қоймаған тәрізді, қулық-сұмдыққа

қарай айтқаным ғой. Бұл қалалықтар неше түрлі былыққа, адам айтса сенгісіз қылыққа барады екен. Сіз ауылдан келдім деген соң, өзімсініп айтып жатқаным ғой. Ерім де: «ауылдағы үйді сатпаймын, кетем», — дей береді. Балалар қасымызда боласындар дейді. Мен де солар жаққа шығып, мысын құртып отырмын, — дейді еркек кейіпті әйел.

Орнынан тұра бергенде төрт аяғында дөңгелегі бар орындық жылжып кетіп, құлап қала жаздады. «Ой, тәйірі, танаға мінгендей боласың, бұлтақтап тұрмайды», — деп кейіді де: «Осы жолдамамен осы өңір қарайтын №2 ауруханаға қазір барсаңызда, ертең барсаңыз да болады», — деп шығарып салды.

Ауыл адамын аядым, қалаға үйрене алмай берекесі кетіп отыр. Менің жалған үндеуімді де ұмытты. «Бұл қазаққа тән қасиет қой. Бұл жәй қасиет емес, жақсы қасиет, залымдығы жоқ ақ пейілдіктің, арамдықтан ада адамилықтың белгісі емес пе?» деп ол маған көз қиығын салатындай.

Сөйтіп, осында келіп қалдық. Қолыңда жолдама болса бітті екен. Қабылдайды. Тексерді. Бір бүйректі бердік. Бүйірімнен қалған пәле азайды. Енді кетсем деп тықыршимын. Зейнетке бір жыл қалды.

Еңбек адамымын ғой. Бәрін қимылға жеңдіруші едім. Жата берсең ауру иектейтін секілді. Бір жерге апарып еді, «жүрегіңізде бір ақау бар» деді. Одан бір дәрігер келіп, «қауіпті емес, спортпен айналыссаныз, түк те етпейді» дейді. Қара жұмыс спорттың көкесі емес пе, а?

\*\*\*

Бейтаныстықтан танысқа айналған жігіт, сәске түсте тағы келді. «Сізге басты айтайын дегенім мынау еді, — деді қараторы жүзіне қан жүгіріп, әжім торлаған маңдайы жадырай түсіп, қой көзі ұшқын шашқандай, бір аударылып, бір төңкеріліп барып, — әкемнің анасы менің әжем Аю апам туралы. Аю жанама аты болатын, шын аты Күміс еді. Аю атаған себебі, қорбандап жүретін. Жай сөзінің өзі айқайдай естілетін. Атам да осал адам болмапты. Қара дәудің өзі көрінеді. Білетіндер айтатын. Екі қара шомбал бабымен қосылған деп. «Бірі басқа күйеуге тиіп, екіншісі басқаға үйленсе жараса қоймас. Жаратылыстары бөлек қой бұлардың» дейтін.

Атам соғыстан мүгедек болып оралған. Сөйте тұрып, бес ұлдың әкесі атанған. Келбеті менің есімде көп сақтала қоймаған. Елесі ғана бар. Қасы қалың еді.

Әжемнің бауырында өстім. Оның айбынды-адуынды мінезінен өзгелер ығатын. Тура келмей, шеттеп жүретін. Ал мен тура тартам. Етегіне орала түсем. «Күнім!» деп құшағына алады. Шөпілдетіп екі бетімнен кезек сүйеді. «Құдай берген төлім!» дейді. «Төлі несі?» — деймін. Тұңғыш немере болған соң солай атайтын болар.

Әжем әңгімешіл еді. Сөйлеп бір кетсе, арнасынан асқан өзен суындай лықсып кететін. Әшейінде ығып кететіндер мұндай ашылған сәтінде төңіректетін. Мен екі тізесіне кезек отырып әңгімесін тыңдаймын.

Біз қызылдарды, кенес кезіндегі қызыл батырларды мақтан етсек, менің әжем: «Олар аяқ астынан жылт етіп шыға келгендер, қырып-жоямыз», — дейтін едірендеп. Е, кедей-кепшік қой. Тойып тамақ ішті дейсің бе? Қолына тисе, қолдырата салатын. Әйел затына әкіреңкі көп еді. Ол кезде тұлымды қыз едім. Бәрі есімде.

Ақтар қамшы үйірмейтін. Орынсыз тиіспейтін». Әжем осылай дейді.

Мен қызылдар жағындамын. Себебі, жазған-сызғанның бәрінде ақылман солар. Ақтар албасты кейпінде. Әжеммен таласып қала беретін едім.

Ол кісі де өз дегенінен қайтпайды. Мен де қарысып бағам. Кітаптарды оқып берем. Мұғалімдерімнің айтқанын тізбелеймін.

Әжем: «Мен өтірікке жоқпын. Көргенімді айтам. Көрген шын ба, оқыған ақиқат па?» — дейді.

Басында шын мен ақиқат — екі сөздің қайсына жіп тағарымды білмей, ақыры өзімдікін ақиқатқа шығарып, оны дәлелдеген болам.

Әжем өз сөзіне құлпыдай бекіп қалған. Кейде ата-анам әжеме ондай даулы әңгіменің керегі жоғын айтып, саясат жайын көлденеңдетсе, «Әй, сенің саясат-маясатыңды ұқпаймын, көргенімді айтам, ол үшін басымды кессе, балтасы мен шөлкесін әкеліп, шапсын да тастасын, сол заманда кеткендердің басынан менің басым әулие ме еді?» — деп шарт сынады. Әке-шешем «уақыт, заман» деп күнкілдейді.

Әжем: «Уақыт, заман, сендердің не теңдерім, а, бәрін ойдан құрастырасыңдар!» — деп бет бақтырмайды. Тіпті: «Соның иесі әлгі парторгің бе? Әдірам қалсын ол, атасының басын сол қызылдар қырыққан. Одан қалған шикі өкпе, өз әкесі Қожаш емес пе. Атасы туралы айтпады дейсің бе, айтты ғой. Қызыл билет оның үнін өшіріп тұрған. Аяғы тайған күні, сайрайды әлі. Атасын айттып. Баяғы бірін-бірі көрсететіндер азайып, тыныштық орнады ғой. Бұл тыныштықтың қаншаға дейін созыларын, қайдам, бір өрт лап ете түспесе екен».

Әжем бір ағытылса, байлау бермейтін асаудай еді. Ондай тұста естиар төңірегі үнсіз қалады. Қарсы шығудың қарасы өшеді. Мен ғана әр нені шатып, ашуын қайтаратын. Кейде мені де қағып тастайды, майқұйрықтан тартып-тартып жібереді. Сонда да түп етегінен алып, аяғына оралам. «О, түйнек!» деп жерден іліп алып, арқасына салады.

Одан кейін терең ойға шомып барып, тершіген мұрнының ұшын сұқ саусағымен орай сұрттіп: «Осы мұрным баяғыдан тершіп тұрады. Мектепте жүргенде, сумұрын да атандым ғой», — деп екі иығы селкілдеп, жанары құдықтың түбіндегі судай тұнық көрінетін еді.

Әкем бес ағайынды, бес ұл еді. Бес ұлдың бірлігі, тірлігі әжемнің бағытымен жүретін. Бұра тартқаны жазаланатын. Бұрынғысын білмеймін, ес белгеннен көргенім, бес ұл көз алдында. Құрдай жорғалайтын. Менің әкем ұлдың үлкені еді. Бес ұл шетінен отау тіккенмен, ұялы бәйтеректей болғанша, бір дастарқаннан ас ішетін.

«Әлі-ақ бөлек-бөлек кетесіңдер, менің көзім тіріде бөлінуге жол жоқ» дейтін әжем.

Бес баласына қатар-қатар үй салдырды. Алдымен, қазан асатын үлкен ошақ жасатып еді. «Одан бес үйдің баласы тойып тамақ ішуі керек. Жұтаған қазан, тар дастарқан әдірам қалсын. Құдай ниеттеріңді алмаса, тарылтпаса, бәрі орнымен келеді. Балаларды бөлмендер, алаамандар, бүтін құртты бөліп, жарты құртты жарып беріндер. Бауыр екенін ұқтырыңдар, жат болып кетеді. Жаттыққа кетсе, бітті тамыр үзіледі» — деп отыратын әжем.

Ашуы келсе, ешкімді аямайтын. Ақырса дауысы зор еді. Көңілінен бір іс шықпаса, ойындағы орын болмаса, ұрсу жайына қалып, қолына түскен шыбық, таяқ, оқтаумен жон арқадан салып өтетін. Әсіресе ұлдарын аямайтын. Жауыр аттай қирендетіп жіберетін. Біреуі сөз қайырып, мыңк етпейтін.

Келіндеріне де кейде қырғидай тиетін. Әсіресе үлкен келіні, менің шешемнің түте-түтесін шығаратын. Өзге келіндері әжемді көргенде, аяқтарының ұшымен басатын. Сөйтсем, оның арғы жағында тәрбие жатады екен ғой. Бір жолы нан жайып жатқан шешемнің қолындағы оқтауды жұлып алып шекеден түртіп қалғанда, қан бұрқ ете түсті. Қанша жерден әжемнің баласымын деп шолжандағанмен, қан тартты ма, көзімнің жасын төгіп жіберіп, оқтауға жабыса түскенім бар.



Фәтхи БУРНАШ

Ақ Жайықтың жөңкіген қақ жарыла,  
Жайғасып ап бір оқшау ақ жарына,  
Ойға шомып отырған қазақ қызы,  
Елең қағып, қарайды жан-жағына.  
Маңай мүлгіп... сандуғаш сайрамайды,  
Шыр-шыр етіп, қоналқы сайламайды.  
Шалғын кеуіп жүретін жайсаң жігіт,  
Шыңылдатып шалғысын қайрамайды.  
Тау тасалап, алтын Күн әрі ығысып,  
Орман асып кеткенде жанып, ысып,  
Ең ақырғы сәулесі ойнақшиды,  
Шапшауында сұлудың шағылысып.

Сілкінбейді ағаштың желегі де,  
Гүлге, шөпке у-шудың керегі не,  
Ақ Жайықтың шолп еткен толқыны жоқ,  
Шортан, шабақ жұтылып тереңіне.

Жалғыз өзі қалқыған жар басында,  
Жұмбақ қызда не тылсым бар, расында?  
Аңсары не? Арзу боп күткені кім?  
Қырағы көз қиянды шалмасын ба?

Әлде бейбақ үрке ме «Жау шапты» деп,  
Сірә, дұшпан ел-жұртын қаусатты кеп.  
Иә болмаса қашатын жол іздей ме,  
Қиялдағы үмітке саусақ тіреп.

Бәлкім, оның ұзамас үйден зары,  
Жоғалтып ап шолысын күйген жаны?  
Кім біледі, келе ме өзен бойлап  
Алыс кеткен жолаушы — сүйген жары?  
Бақ-талайын жауыздар тұсады ма?  
Жазмыштан ба іштегі құса мына?  
Дүниені тәрк етіп ғазиз жаны,  
Ақ Жайықтың кірмек пе құшағына?  
Бізғырық жел алдынан ескен бе екен?  
Жүрек қабын қайғы-дәрт тешкен бе екен?  
Туған елден әйтпесе безіп шығып,  
Арып-ашып, бұл жаққа көшкен бе екен?  
Су жағалап, неліктен сенделеді,  
Жауды, жолды ойға алмас пенде ме еді?  
Айналған ба әдетке жалғыздығы,  
Мүмкін, солай болғанын жөн көреді?

Тоқта! Әлдекім байқалды арғы беттен,  
Арғымағы арнадан қарғып өткен,  
Атылған оқ, соққан жел ілеспестей,  
Қамшы үйірсе, тіресіп қалды көкпен.  
Суда жүзген балықтай ептілігі,  
Сүңгіп, сырғып... көретін жетті күні,  
Сұлу қызға туралап келді, міне,  
Жардан түсіп, қарсы алып, өпті мұны.  
Деді жолшы: «Сенбісің? Әпке, жаным!  
Омырауыма білесің кек толғанын,  
Бір орыннан тапжылмай күткенің бе,  
Жаудан алған өшімнің көп болғанын?»

Тынбай шаптым, әпкежан, түз бөктеріп,  
Қалды ақ боз үй — ауылдар тізбектеліп.  
Шыр айналдым жауымды таба алмастан,  
Шарасызбын тағы да... іздеп келіп.

Тоқта, тоқта, мақұл көр бұл ісімді,  
Менің үшін сынақтың бірі сынды.  
Айлап, жылдап жортармын,

тоқтамасын,  
Жау қанына суармай қылышымды.

Білісін дұшпан, жан сауға сұрап егер,  
Жалынса да, жайым жоқ сірә көнер.  
«Кек» деген сөз кеудемнің көрігінде,  
Жүрегіме шоқ салып тұра берер.

Олар біздің тұқымды қорлаған-ды,  
Жас көңілді түнек қып, торлап алды.  
Көрсін енді жаңа ұрпақ құдіретін,  
Бабам таудан қашаған зор қамалды.

Татар әдебиетінің классигі Ғалымжан Ибраһимовтің «Қазақ қызы» романы көпшілікке біршама танымал. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Жақан Сыздықовтың аудармасымен жарық көрген шығарма туралы сол кездегі жап-жас студент, кейінгі атақты академик Рымғали Нұрғалиев Қазан қаласында ғылыми баяндама жасап, айды аспанға бір-ақ шығарғаны бар. Сөйтсек, татар ағайынның сөз өнері қорында осы атас және бір дүние бар екен. Ол — осы елдің тағы бір ғазиз перзенті, сталиндік құғын-сүргін құрбаны, ақын, драматург, аудармашы, көсемсөзші, театр қайраткері Фәтхи Бурнаштың (1898–1942) он сегіз жасында жазған «Қазақ қызы» атты поэмасы. Біз жұртқа беймәлім бұл туындыны Қазанға ғылыми сапарымыздың барысында XX ғасыр басындағы татар басылымдарының бірі — «Аң» газетінің 1916 жылғы 22-санынан ұшырастырып, көшірмесін жасатып алғанбыз. Осы мұраны қазақ тіліне аударуға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне академиялық ұтқырлық бойынша келіп дәріс тыңдаған Қазан федералдық университетінің студенті Ихтияр Қиямов қолғабыс берді. Бір жағы, «Безнең мирас» журналында қызмет істеп жүрген, әдебиеттің арғы-бергі тарихынан мол мағлұматы бар, ғылымға икемі зор талапкер жас поэманың татарша толық мәтінін араб қарпінен кирилл графикасына түсіріп, жұмысымызды жеңілдетті. Сол еңбегі үшін тәңір жарылқасын дейміз. Фәтхи Бурнаш (толық аты-жөні — Фәтхелислам Закирұлы Бурнашев) Қазандағы «Мұхаммедия» медресесінің, содан соң мұғалімдер семинариясының шәкірті бола жүріп, қазақ арасына барып, бала оқытқан. Жиырмадан артық пьесасы, отыздан астам поэмасы мұраға қалған қаламгердің рухы қазаққа жақын «Қорқыт» атты поэмасы да тәржімалану үстінде екенін айтқымыз келеді. Ұлтымыздың мәдениетін жетік білген қайраткердің 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі туралы да арнайы мақала жазғаны белгілі. Фәтхи Бурнаштың «Қазақ қызы» поэмасы — романтикалық сарында жазылған, отарлық саясаттың қазақ халқына әкелген қасіретін көрсететін шығарма. Онда әкесі де, анасы да жау қолынан қаза тапқан, кек қайтару үшін жорыққа аттанған туған бауыры да құрбан болған қазақ қызының трагедиялық тағдыры суреттелген. Поэманың көркемдік кестесінде ретроспективалық баян, тыныштық пен түн символикасы, монолог пен диалог пішіндері, ұлттық жад, ер серігі — арғымақтың бейнесі т.б. көрініс тапқан. Оқиғаның бір фоны ретінде Үргеніш аймағы алынғанына қарағанда, поэманың тарихи негізі Ресейдің 1873 жылғы Хиуаға жасаған басқыншылығымен байланысып жатқан секілді. Әрі қарайғы зерттеулер бұл поэманың сыр-сипатын тереңірек тануға жол ашады деген ойдамыз.

Амантай ШӘРІП,  
филология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі

Жау — жазасыз, серт пен сөз бұзылғанда,  
Еле қарар сол сәтте жүзім бар ма,  
Қазақ емес, мені жұрт қашақ десін,  
Бөктірсем қамшыымды қызыл қанға.

Сау бол! Қайта ерттеймін ақбозымды,  
Жауымды іздеп, түгесем тақ төзімді,  
Тағдыр жетіп, қайтпасам... Қош мәңгіге!  
Жеңем яки жеңдірем жатқа өзімді...»

«Жолға шығып, бауырым, сен барасың,  
Сілкінтем деп қазақтың кең даласын,  
Кек қайтарсаң, өр бейнең танытады,  
Аруағы үстем жұртымның бел баласын.  
Сорлы әкемді өлтірді бүлік қылып,  
Анамды да мерт қылды күліп тұрып,  
Жәбір, жапа... Кемітті ханның бәсін...  
Жібермек пе барлығын ұмыттырып?  
Арғымаққа мін — бағың бұл бұйырған,  
Таудан аттап, олжа сап бір қиырдан,  
Жаудың басын әкеліп таста алдыма,  
Қанға толы көзіне құм құйылған!  
Келеді олар — даңқың не, жеңісің не,  
Жыр төгерсің шаттанып ел үшін де,  
Бас жарылса, бөріктің астында боп,  
Қолың сынса, қалады жең ішінде!  
Шолпан жұлдыз туғанда — шырақ ерен,  
Түн ағарып, таң атар мына менен,  
Күтіп, бауырым, міне, осы жар басында,  
Жауды жеңіп келгенше тұра берем...»

\*\*\*

Әпке сөзін қалайша аңғармасын,  
Қамшы білеп, тербетіп жанды арнасын,  
Кесіп өтті Жайықты, сүрте-сүрте  
Ат жалына көзінен тамған жасын.

Қазақ қызы болмас деп бос тілегі,  
Тауға қарап, бір хабар тосты үнемі,  
Кісінеген дауысы арғымақтың.  
Тымық кеште алыстан естіледі.

Жайық бойын әлдебір тылсым басқан,  
Түнекпенен қырат-қыр құр сырласқан,  
Батқан күннің бояуын сіңіре алмай,  
Күңгірт тартып, бейуақта курсінді аспан.

Ымыртты шақ осылай жанды жепті,  
Жас ұланды жаһанда жалғыз етті.  
Көкжиекте адасқан ақбауыр бұлт,  
Оралтады ойына барды, жоқты.

Ыңылдайды, қолына тимес ырық,  
Ақ көбік ат, шаршаған күйде сұлық.  
Дыбыс берсе жарқанат, байғұс жүрек,  
Дыз етеді алғандай ине сұғып.

Айтса өжет қазақтың ертегісін,  
Кетер бағзы сарындар өртеп ішін,  
Керім күндер жоғалды, майдан кешіп,  
Сыдырғандай жойқын жау жон терісін.  
Күйіп-жанып, ол үшін шеп бұзардай,  
Аңсары ауып, тынбайтын топты

жармай,

# ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ



Ақ білекті арудан айырылған,  
Бір тәңірге тілегін жеткізе алмай.

Әке қабірі көз алдын тұмшалады,  
Ана, әпкесі... кімге енді мұң шағады.  
Көкірегі барды қарс айырып,  
Ақ шарбы бұлт, тыныштық, түн самалы.

Еске түссе дұшпаны, сұғынып кеп,  
Көзін жұмып, сабырға жүзініп көп,  
Ыза буып, толқиды, тасынады,  
Түйіледі жүрегі жұдырық боп.

Тұлпарымен тілдесе, сауығар-ды,  
Кең далада бұғынып жауы қалды.  
Биік таудың беткейі — бұралаң жол,  
Тар соқпақты бір уақыт тауып алды.

«Арғымағым, ардағым, торыққан ба!?  
Бұл соқпақпен адымда, қорықпа, алға!  
Білесің бе, бізді алда не күтіп тұр?  
Кеуде тосып, барамыз жорықтарға!»

Үрейленіп, неліктен күмәндандың?  
Пысқырынып, не жаман сыр аңғардың?

Тың тыңдайсың, үнсіз қап дір етесің,  
Бәлкім, оқыс сезімге шын алдандың?

Әлде дұшпан жаққан от жарқырай ма?  
Көріп соны, өн бойың қалтырай ма?  
Алдын ала ажалға бойсындың ба,  
Әзірейіл төнсе, тірліктің парқы қайда?

Сынық көңілің бір нәрсе сезгені ме?  
Бұл өмірден суынып безгені ме?  
Жайлы күндер тіреліп тығырыққа,  
Жау елесі тау ішін кезгені ме?

Жүрекке тар шыдамның қалыбы да,  
Өткір көзің жетер ме анығына?  
Темір таға қағылған туяқтарың,  
Жаудың жортқан жерлерін таныды ма?

Сақтадың сен дұшпанға күлкі қылмай,  
Сыр бермедің, мінезің бір құбылмай.  
Тау мен дала тулады табаныңда,  
Құстай ұштың, туар ма жылқы мұндай!

Өткен шақтың сәттері есінде ме?  
Сағынбаймыз жаз жайлау тосін неге?

Бала кездің бақытты бір күнінде  
Бәйге болды, ауылдың көші іргеде.

Аламанға қосылды бәйге аттары,  
Бір сапта тұр, шетінен жайдақ тағы.  
Жақтырмадым жүйрікті сенен басқа,  
Шаба алмайтын көрінді маймақ бәрі.

Бір-бірімен таласып, қаны ысынып,  
Қалың нөпір ағылды жан ұшырып.  
Өзіңді ойлап, жанарым жасқа толды,  
Қалмаса деп жар жолда сағы сынып.

Қанат бітіп бір кезде самғап ұштың,  
Оза шаптың, білдірмес таңданыс кім?!  
Қуанышым қабысты қорқынышпен,  
Құшағына кіргендей алданыштың.

Желдей естің, желпінтіп көп көңілді,  
Жарысқандар шаңыңа тек көмілді.  
Ұмытпаймын шомылып ақ көбікке,  
Алғашқы боп көмбеге жеткеніңді...

Арғымағым, аришындап, аңқылдаған,  
Арыстаннан кем емес даңқың маған,  
Жібек жалың желбіреп, желмен ойнап,  
Күміс жүген басыңда жарқылдаған.

Есіңде ме: демеймін бостық мүлде,  
Жайық кешіп, қарамай еш түкпірге,  
Малға жайлы көк шүйгін өріс іздеп,  
Үргенішке — шығысқа көшіткі бірде.

Кім біліпті, бір қарғыс дарығасын,  
Не жазмыштың болды ма заңы басым,  
Күнбатыстан жау келді деген хабар,  
Үргеніштің шулатты кәрі-жасын...

Шашасына шаң жұқпас сәйгүлігім,  
Бастан кешіп тағдырдың қайғы-мұңын,  
Жер тартыған қуатың семіп-солып,  
Көк тіреген рухың тайды бүгін.

Бауыр жазып шапқансың, кең көсіліп,  
Қапталыңнан жарыса жел қосылып,  
Ауыздықпен алысып, аласұрып,  
Жауға қарсы тұрар ең, өрге шығып.

Сен екеуміз аң аулап, саят құрдық,  
Жауды құдық жыраққа — тоят тірлік.  
Бізсіз өткен бәйге жоқ! Ұлы тойда  
Жұлдені алып, әлсізді аяп тұрдық.

Тағдырға сен көрдің бас игенімді,  
Қалың жауға жасындай тигенімді.  
Ел қорғауға аттандым, қимай-қимай  
Туысымды, досымды, сүйгенімді.

Ойнап-күлген баяғы бекер ме күн?  
Қасыма ерген көп жігіт — нөкерлерім.  
Құба шөлде бір жұтмы су таппадық,  
Соны еске алсам, дегбірім кетер менің.

Жау қоршады, ышқындық сен де, мен де,  
«Алға!» десіп сарбаздар дем берерде,  
Абайламай желкеңді жараладым,  
Төбіңіз қап, қамшыымды сермегенде.

«Кешір!» — дедім, мұрсат жоқ сызылғанға,  
Жақсы нышан көрінсе, ой бұзылған ба?  
Ақбілегім сыйлаған ақ орамал  
Сұрткен бойда малынды қызыл қанға.

Жын секілді дұшпанды иектедің,  
Тұяқпенен иледің сүйектерін.  
Ақырзаман, айқай-шу, қан менен шаң,  
Сонда маған арқаңды сүйеп пе едің?!

Қайсы қамал шын төтеп бере алады?!  
Үргеніштің болды ойран кең алабы...  
Жау жеңілді... Оқ бітті, садақ сынды,  
Жас төгілді, талай бас домалады...

Екпінніңнен тау күйреп, тас жанатын,  
Жауды жайпап,  
қайратың бас жаратын!  
Қарап тұрсам, қазіргі кейіпін басқа,  
Ешкімнің де жайы жоқ жасқанатын.

Солай, достым, тірліктің әуресі көп,  
Марғаулалып, қоясың зауде есінеп.  
Шау тарттың ба, мүжіліп тұяқтарың,  
Жанарыңның бұл күнде сәулесі жоқ?!

Үркек болдың, кеткендей бәле қаптап,  
Жаудан қашып, өзіңді және баптап.  
Қараңғыдан неліктен шошынасың,  
Адымыңды аша алмай, әрең аттап?

Әлде шаршап қалғаның жай ғана ма?  
Шапқаның ба қарамай айналаға?  
Кеш батқанда, бәлкім, мен жаңылыстым,  
Жағаласып ойыммен айдалада?

Жо-жоқ, достым, сезіммен құр аңдыспай,  
Бойда күшің, қалайша тұрар қыспай,  
Тік көтерсең еңсеңді, тұғырды аңсап,  
Қияға әлі шырқайсың қыран құстай.

Көрдің бе, эне, шомылған ай нұрына,  
Шайқас орны... тым ауыр қайғылыға.  
Тізілген үй, алдында от жағылған...  
Тау бөктері бейнесін жайды мына.

Перун\* дәуірі секілді мерекесі,  
Бүгін, міне, тасыған берекесі,  
Күлкісі шат, қуаныш, у-шуы мол,  
От жарқылы... оларға керегі осы.

Арғымағым, алға бас, тауға қарай!  
Арда тұрған шаппаймыз жауға қалай!  
Қорықпа! Ондағы дұшпанның қуаты кем,  
Кек аламыз, босқа бас сауғаламай!»

Толған Ай да тауға бет бұрыпты асқақ,  
Көк жүзінің пердесін түріп тастап,  
Алтын кірпік Күн тұрды ұйқысынан,  
Шуақ шашып, сапарын күліп бастап.

Жұлдыздар да кезегін біліп кепті,  
Жымың қағып, ырза қып тұнық көкті,  
Амандасып ақ таңмен, содан кейін  
Әлдеқайда білінбей сіңіп кетті...

Биік шыңдар аспанның сырын баққан,  
Жасыл тоғай төскейде қырын жатқан...  
Саф ауаны тербеткен сандуғашпен  
Жарысам деп торғайлар шырыл қаққан...

Сұлу, сәнді табиғат — мәңгі көрік,  
Жұпар иіс маңайды қалды көміп.  
Жанды, жансыз бір-бірін құттықтайды,  
Ұлы тәңір сыйлаған таңды көріп.

\*\*\*

Қазақ қызы қалққан жар басында,  
Тау жақта ойы, ешкім жоқ дәл қасында.  
Дірілдейді, қорқады... Неге екенін...  
Елестеді бір бейне... алғашында...

«Арғы беттен, қарашы, кім келеді?  
Бауырым ба, таусылған дүрбелеңі?  
Бейтаныс жан?.. Әлде бір жолаушы ма?  
Қарақшы ма, қашқын ба — бұл дегені?..»

Ол кім екен?.. Әлде бір бақташы ма?  
Жамандықтың жөн білмес жақтасы ма?..  
Бәлкім, аңшы? Елші ме? «Әулие» ме?  
Ұры ма енген ел-жұрттың қақпасына?..

Бауырым ба? Кім?.. Көзім жат көре ме?..  
Інім десем, бекер ме, «әттегене»?..  
Тоқта!.. Тоқта! Анау не? Уа, Құдайым!..  
Әлде ол жақтан жалғыз бір ат келе ме?..

Ол... анау сол!.. Кеудеме жар құлады,  
Тау бөктері, Жайықтың арғы жағы...  
Жалғыз түйір! Бір өзі! Келе жатыр!..  
Бауырымның сормаңдай арғымағы!..

Не нәрсе бар?.. Мұнан шер тарқасын ба?  
Ұйықтап кеткен бе үстінде? Ер қасында...  
Аһ, сұм ажал! Аяусыз! Не көрсеттің?..  
Арғымақтың аруақ арқасында!..»

\*\*\*

Міне, жігіт!.. Міне, оның тамған қаны...  
Қасіретті тағдырдың жанды алғаны...  
Қазақ қызы бауырын құшақтайды...  
Еңірейді... үміттің алданғаны.

Тағы... кенет мұңды зар жаңғырады,  
Тына қалған Жайықтың арғы жағы...  
Жалғызсырап, қайғырып кісінеген —  
Жас ұланның бақытсыз арғымағы...

\*Перун — ежелгі славяндардың соғыс құдайы.

● ПІКІР

## ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ БОЛУЫ – ЗАҢНЫҢ БІРКЕЛКІ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысының тапсырмасымен дербес кассациялық сатының құрылғаны сот төрелігі жүйесін дамытудағы тарихи кезең деп бағалауымызға болады. Астана қаласында 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс істеп жатқан дербес Кассациялық соттың жұмысына бюджеттен қосымша қаражат бөлінген жоқ. Ол қолданыстағы бюджеттен үнемделген қаржы есебінен құрылып, өз жұмысын жүргізуде.

Дербес Кассациялық соттың ұйымдастырылуы, құрылуы, соттың қоғамға тигізетін пайдасы туралы, онда жұмыс істейтін білікті басшылар мен тәжірибелі судьялар конкурс арқылы іріктеліп алынғаны туралы материалдар БАҚ-та ұдайы жарияланды. Ашық дерек көздерінде бар. Әлеуметтік желі арқылы да көпшілік толық хабардар. Дегенмен Президенттің бастамасымен құрылған соттың жұмысына жарты жыл өтпей, түрлі сипатта пікір айтылып жатқанын аңғарып отырмыз. Ол пікір бойынша ұстанымдармен толықтай келісу қиын деп есептеймін.

Авторлар өз пікірлерін судьялар мен қызметкерлердің санын арттыру — халықтың салықтан жиналған бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау, сондай-ақ азаматтарды кассациялық қарау үшін Астанаға баруға мәжбүрлеу болып табылатынын; апелляциялық қаулыларына келтірілген кассациялық шағымдарды әр өңірдің өзінде құрылған кассациялық алқа қарауы мемлекетке де, жұртшылыққа да қаржылық шығын әкелмейтінін, егер Жоғарғы сот істерді іс жүргізу барысында қараса, «сот қателігі» деген ұғымның азаюына ықпал ететініне негіздеген.

Аталған үш мәселе — кассацияға қарсы пікірлердің негізгі өзегі, қалғандары қосымша уәждер деп ойлаймын.

Осы пікірлермен таныса келе, бірінші мәселеге байланысты қысқаша мынадай жауап бергім келеді. Бұрын арыздардың аз қаралу себебі кассациялық істердің жаппай емес, жеке судьяның ұсынуымен қаралу тәртібі енгізілген болатын. Нәтижесінде, кассацияға түскен арыздардың шамамен 10 пайызы ғана іс жүргізуге қабылданып, қалған 90 пайызы «қаралуға негіз жоқ» деген уәжбен кері қайтарылып келді.

Енді Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша жана реформаны іске асырып, кассацияға түскен шағымдардың 100 пайызы сот отырысында алқалы құрамда қаралады және әрқайсысы бойынша толық әрі уәжді қаулы шығарылады. Оған қоса, шешімнен бөлек әр ұйғарымға келтірілген шағым да алқа құрамында қаралуда.

Кассациялық соттың негізгі міндеттерінің бірі — сот практикасын зерттеу, ал талдау және біріздендіру жұмысы Жоғарғы соттың құзыретінде қала береді.

Бұқаралық ақпараттарда жарияланған мәліметтер бойынша, жарты жылғы жұмыстың нәтижесінде ғана кассациялық шағыммен Жоғарғы сотқа жүгінгендердің саны бұрынғы 9 747-ден, бүгінгі Кассациялық сотқа — 14 131-ге дейін, яғни 45% пайызға өскені — жана дербес соттың көпшіліктің сұранысына ие екеніне айқын дәлел.

Сонымен қатар тек азаматтық істер жөніндегі Кассациялық сот түзеген сот актілерінің көрсеткіші 3 пайыздан 18 пайызға дейін, ал қылмыстық істер бойынша 8 пайыздан 29 пайызға дейін едәуір артқаны, шағымданып жатқан азаматтар мен заңды тұлғалардың сенімдері ақталып, құқықтары мен бостандықтарының қалпына келтірілгенінің нақты белгісі.

Жалпы, әрбір азаматтың құқығының қорғалуы және әділ сотқа қол жеткізу мүмкіндігінің артуы маңызды емес пе? Осы



орайда, еліміз басшылығы бұл реформаны қолдап, оған қажетті қаржы соттардың өз резервінен қарастырылып, ел бюджетінен еш қаражат бөлінбегені бәрімізге мәлім. Оның үстіне, авторлар мысалға келтіргендей, «қазіргі заманда кассациялық сот отырыстарына қатысу үшін Астанаға бару» міндетті емес, себебі процестердің басым бөлігі онлайн-форматта өтуде. Бұл азаматтар мен олардың өкілдерінің өз сұраныстары бойынша қолданатын ыңғайлы тәсіл.

Сонғы сот реформасы азаматтардың құқықтарын үш сатыда қорғауға мүмкіндік береді: бірінші саты — аудандық сот, екінші — облыстық және оған теңестірілген соттар, үшінші — жаңадан құрылған кассациялық сот. Осылайша, кассациялық сот істің соңғы нүктесін қояды.

Бұл ретте, Жоғарғы сотқа немесе халықаралық ұйымдарға жаппай шағымдану қажеттілігі туралы пікірмен келісу қиын. Мемлекет нақты үш сот сатысын белгіледі, ал қоғам сол заңды түсініп, орындауы тиіс. Бұл — құқықтық мемлекеттің қалыптасқан қағидаты.

Сондықтан аталған нәрсені бұрмалап, «тағы бір төртінші саты пайда болды» деген негізсіз ақпарат таратып, жар салып жатқандарға, алдымен, заңмен толық танысып, Жоғарғы соттың заңда нақты белгіленген құзыретін түсініп алулары қажет дегіміз келеді.

Атап айтсақ, Жоғарғы соттың «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңының 17-бабына сай үш құзыреті белгіленген. Ол өзінің қарауына жатқызылған істер мен материалдарын қарайтыны, оның ішінде, Орталық сайлау комиссиясының әрекеттерін даулағанда немесе ерекше жағдайлар бойынша ғана Бас прокурордың наразылығы немесе Жоғарғы сот судьясының ұсынымы бойынша қарай алатыны, екінші — сот практикасын зерделеп, оны жинақтаудың қорытындылары бойынша соттардың заңдылықты сақталу мәселелерін қарап түсіндіретіні, үшінші — нормативтік қаулылар қабылдайтыны шегелеп көрсетілген.

Үшінші ұсынысқа келсек, әр облыста кассациялық сот алқасын құру — құқық қолдану практикасының бірізділігіне кері әсер етуі мүмкін. Әр өңірде әртүрлі практика қалыптасса, бұл құқықтық теңдік қағидатына қайшы болар еді. Сонымен қатар кассациялық сот жергілікті облыстардағы әкімдерден, атқарушылық органдар мен облыстық соттардан тәуелсіздігі істер бойынша бейтарап, әділетті және заңды шешім қабылдауға ықпалын тигізеді. Дербес кассациялық соттың болуы — заңның біркелкі қолданылуының кепілі.

Осы жайттардың барлығын ескере отырып, Жоғарғы сот пен Парламент қабылдаған шешімдер халықтың мүддесіне бағытталған деп ойлаймын. Жоғарғы соттың құзыреті мен жұмысы заңмен нақты айқындалған, бұл жүйенің ішкі ерекшеліктерін онда қызмет атқарған адам жақсы түсінеді.

**Серіккелді ӘБДІРАХМАНОВ,**  
сот жүйесінің ардагері,  
отставкадағы судья

**Гүлжаһан ОРДА,**

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы*

**Қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі – Момбек Әбдәкімұлы шығармаларына ХХ ғасыр басындағы Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі алуан түрлі оқиғалар арқау болған. Ол – ХХ ғасыр басындағы зұлматтар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қаһармандары, кеңес өкіметінің орнауы, басмашылармен, жөйітгермен күрес, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық, Қараман, Сүлеймен қарақшылар өмір сүрген дәуірдегі өлке тарихы туралы шығармалар жазып, қазақ әдебиетінде Оңтүстік өлкесінің көркем шежіресін жасап жүрген жазушы.**

«Зобалан» романына 1931–1933 жылдардағы ашаршылықтың басталуы мен оның зардаптары, ҚазАКСР-ы және ӨзбекКСР-ының халкомкөнестері мен орталық атқару комитеттерінің шешімімен салынған Шымкент – Ташкент төте теміржол құрылысы туралы мәліметтер нақты деректер негізінде көркем суреттелген. Жазушы деректілік сипаты басым романда архив деректері мен ашаршылықты көзімен көрмен көнекөз қариялардың естеліктері негізінде зобалаң жылдарға жан бітірген.

«Қараман қарақшы», «Сүлеймен қарақшы» хикаяларында ел ішінде «Қарақшы» атанып, аттары аңызға айналған Қараман мен Сүлейменнің ерлігі жан-жақты суреттелген. Жазушы бала күнінен құлағына таныс кейіпкерлер туралы ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді жинай жүріп, көз көргендердің әңгімелерін тыңдай жүріп бүкіл өмірін қазаққа арнаған батырлардың көркем бейнесін жасаған. Олардың өмір сүрген кезеңдері де ел басына күн туған ХХ ғасырдың бірінші жартысына тура келді. Патшаның қара жұмысқа қазақтан жігіт алуы, Қазан төңкерісі, кеңес өкіметінің орнауы, байлар мен ауқаттылардың дүние-мүлкін тәркілеу, колхозға ұжымдасу, 1920–1921, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық, екінші дүниежүзілік соғыс – елді тұралаң қасіретті жылдар еді. Жаужүрек батырлар ат үстінде жүріп қанішерлер мен баскесерлерді, байларды тура жолға салу үшін тонап, қолға түскен дүние-мүлкті кедей-кепшікке таратып беріп, халықтың сүйікті қаһарманына айналды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанның астанасы Ташкенттегі адам жегіш жөйітгермен, Тәжікстан тауларындағы басмашылармен алысқан кейіпкерлер өмірі ертегілер мен эпостардағы батырлар өмірін есімізге салады. Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын батырлардың бұл өмірде болғанын Сүлеймен мен Қараманның жорықтарынан көруге болады. Он бес жасынан бастап тас төсеніп, мұз жастанған Қараман, Сүлеймен батырлардың Қазақстанмен бірге Орта Азия халықтарының сүйікті қаһарманына айналуы хикаяларда нанымды бейнеленген. Екеуі де жеке көзқарасы кеңес

өкіметіне жақпағандықтан, казак пен өзбек елінде жүріп, бірнеше рет тар қапасаға отырып шығады. Алайда бір дәуір мен бір өңірде өмір сүрген қазақ батырларының Тәшкенде тізе қосып, жауларымен бірлесе алысқаны – өмірден алынған, ел аузында атадан балаға аңыз болып жеткен шындық. Аңыздың артында өмір шындығы жататыны тәрізді, екі батырға қатысты аңызға бергісіз әңгімелердің де өмірден

рақшыларға жылқышыларды байлап тастап, бір үйірді алдыға салып айдап кету қиынға түскен жоқ. Бес-алты кісі атымен сыйып кететін ебелектен там жасау, ағысы қатты Шыршық өзенінен атпен өту тәрізді барымташылардың ісі олардың батырлығы мен шалт кимылдарын, өз істерінің кәнігі шеберлері екенін толықтыра түседі. «Әр ұрының сезгіш ит сияқты бөлекше бір сезімі болады. Бірақ оны басқаларға

Сүлейменге бүкіл Жетісу, Сырдария облысының ең мықты түйе балуаны деген атақ оңайлықпен келген жоқ.

Келесі көңіл аударарлық мәселе – қазақтың игі-жақсылары халқын жаттан да, жаудан да аман алып қалғаны, бай-болыстары ауыл аймағын асырағаны. Оны Досалы бидің ашаршылық кезінде қамбада астығы, қорада малы таусылғанша ел-жұртын асырағаны растайды. Бұл жұтта бидің

# ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТІҢ

*(М.Әбдәкімұлының «Сүлеймен қарақшы» детективті хикаяты жөнінде)*

алынғаны күмән туғызбайды.

«Сүлеймен қарақшы» – Төле бидің алтыншы ұрпағы Сүлеймен туралы детективті хикаят. Детективті дейтініміз шытырман оқиға толы шығармада қылмыстан аяқ алып жүру оңай емес. Олар мемлекеттік дәрежеге көтерілген сыбайлас-жемқорлықтың түп тамырына балта шабу үшін бүкіл өмірлерін арнады. Қашан да әділдік үшін ат үстінен түспей, атыс-шабыспен өткен батырлардың өмірі бір қарағанда Мысырда жүріп ұры-қарысы, алаяқтары жоқ бейбіт мемлекет орнатам деп шарқ ұрған Сұлтан Бейбарыс бабамыздың өмірін көз алдымызға елестетеді.

Негізгі оқиға Сүлейменнің ата-бабаларын таныстырудан басталады. Батырлар тәрізді Сүлейменнің де өмірге келуі тосын құбылыстарға толы. Анасының аюдың жүрегіне жерік болғанының өзінен болашақта аю тәрізді бір алыптың дүниеге келетінін байқауға болады. Оны жазушы екі кейіпкердің диалогіне сыйғызған. «Мұны естіген Мәмен дереу Қырыққызға жол тартып, сол жерде аңшылар жалдап, бір еркек аюды аттырып алады да, жүрегін ауылына алып келеді. Қаны тамған келтекті жүректі көргенде Жұмакүл ай-шайға қарамай, апыл-ғұпыл шайнамай жұта салады. Содан бір күн өтпей-ақ жанын қинаған жерік сап басылыпты». Жерік асын жемесе басыла қоймайтын жеріктікі бесінші аюдың жүрегі ғана басқанының өзі ерекше құбылыс еді.

Сегіз айдан кейін туылған ұлға Сүлеймен деп ат қойылды, бірақ ол тоғыз жасында әкесі Мәменнен, он бір жасында анасы Жұмакүлден айырылып, тұлдыр жетім болып өсті. «Тірегім – Төле, түбім – Қожамжар, атам – Дауылбай бай болса да, әкем Мәменнен мұралыққа бір тышқақ лақта қалмағанына ренжімін кейде» дейтін Сүлеймен ешкімге алақан жаймай, өз күнін өзі көріп ержетеді.

Сүлеймен он алты жасында нағашысы Көбектің айтуымен асау құнанды құрықсыз-ақ жерге жығып салғанымен таныла бастаса, он жетіге келгенде қарақшы атанған нағашысы мен Әріпбай, Тастан, Әмір, Кендір тәрізді жаужүрек барымташылардың қатарына қосылады. Алғашқы сапарда барымтаның не екенін білмейтін, ұзақ сапарға шығып көрмеген балаң жігіт оқырманның көз алдында жауырыны күжірейіп тұлғаланып өсе береді.

Досалы бидің тапсырмасымен Досыбай, Қосыбай бектің ауылындағы сыбайластары Елсапа арқылы жылқының жайын білген қа-

айтпайды» деген Көбектің Әулиетасты қалай табуды айтпауынан, Елсапаның арқыраған тажал судың ортасындағы өткелдің құпиясын ашпауынан ұрылардың өз заңы барын байқауға болады.

Екінші көзге түсетін жайт – батырдың өзіне лайық ат таңдауы. Шыршықтан жылқы айдап келе жатқанда жолда туған биенің құлынын сойдырмай, қоржынға салып алып келгені, төрт жылдан соң оның өзіне лайық қарагер ат болуынан батырлар тәрізді өзіне ат таңдауы көрінеді. «Ат жақсысы иесінің иісінен жаңылмайды» дегендей, Қазығұртта қасқырлар қамағанда оған көмектескен қарагер ат Сүлеймен басмашылардың зынданынан қашып шыққанда артынан іздеп келген болатын. Қарагерінің арқасында қасқыр мен Зүндің жөйтке жем болмай, басмашылардың оғынан аман қалуы, батырдың жанына серік атының бейнесін дараландыра түскен.

Шығарманың этнографиялық бояуын тойдағы Шақпақ, Жуантөбе, Батырөлген жырасынан айналып өтетін аламан бәйге, отыз-қырық атты шабандоз бірден лап қоятын көкпар, түйе балуандардың күресі суреттелген эпизодтар қанықтыра түскен. Ордабек болыс қосқан сегіз құнанның ешқайсысы бәйгеге іліне алмауы оның намысын қайраса, Сүлейменнің түйе балуан атануы атын асқақтатты. Ордабектің атбегісі баптаған ақжал ат аламан бәйгеден екінші болып келіп, бес жылқы, елу сомды қанжығасына байлады. Осы сәтті жазушы былай суреттейді: «Бір күннен кейін күрес пен көкпардан ешкімге дес бермеген жігіттеріне разы болып, көңілі масаттанған Ордабек байбатша Билікөл жерімен қош айтысып, би-болыстарын, шабандоз-атбегілерін, атқосшы-қызметшілерін, жалпы, өзімен бірге тойға келген үш жүздей қалың нөкерін ертіп, елге, Қазығұртқа қарай бет түзеді». Ордабектің осы жүрісінен оның сән-салтанатын ғана емес, мамыражай замандағы қазақ даласының келбетін көреміз. Араға көп жыл салмай осы көрініс оқырманның көз алдына адам танымастай өзгереді.

Түйе балуандардың күресіне Верный ұлығы алып келген екі орысқа екі қазақ қарсы шықты, соның бірі Сүлеймен болатын. Бірінші қазақ алғашқы күресте жеңілген соң, Сүлейменді Төле би бабасының аруағы қолдап, өзіне ғана көрінетін елес-адамның ақылымен тізеден шалып, дию орысты бірінші белдесуде жер қаптырды. Он жеті жасар Сүлейменге жиырма бестегі Некалайды алу оңай соқпады. Бір тойда үлкен қаладан келген екі орысты жеңген



мініс аттарынан басқа төрт түлігі түгел ашыққан жұртқа таратылса, оның ішінде Сүлейменнің «түйе балуан» бәйгесінде алған үш жылқы мен үш танадан көбейген біраз малы қоса кетті. Осындай сәтте Досалы Көбек бастаған барымташыларын қырғыз елінен мал айдап келуге жұмсайды. Осы сапарда Көбектің мертігіп өмірден озуы, бар сүйенішінен айырылған Сүлейменге оңай болған жоқ.

Сеніміне кірген Сүлейменге қыз айттырып жүрген Досбол би өмірден өткен соң, Ордабек болыстың Арғынның алтай тармағына жататын Мөңке деген кісінің Балдықыз атты қызын Сүлейменге әйелдікке алып беруі, бай-болыстар туралы қалыптасқан біржақты көзқарасты жоққа шығарады.

Кеңес өкіметі орнаған соң, Ордабектің Оралға жер аударылуы, онымен қоймай, мілісә нәшәндігі болып жүрген баласы Ноғайдың қудалануы, Қазығұрт, Бадам болыстықтарын билеген Сүгірәлі, Жүндібай, Құрбанәлі болыстар мен Естемес, Баймұса, Тоқбай билердің ел билеуден шеттетілуі, кеңес өкіметінің адамы Құлтанлы көкпарша сүйреген, байлардың қолшоқпары болған Сүлейменнің он жылға сотталуы, жаңа өкіметтің ел басқару жүйесіне алып келген озбырлығы еді.

Көркем шығармада қолданылатын көркемдік әдіс-тәсілдің бірі – түс. Жазушы түсті болашақты болжау ретінде алған. Әулиетас үңгіріндегі түсінде «Балам, тиіспе оларға! Олардың күні сенен кем емес» деген апасының, ақбоз атқа мінген қара киімді, қара сақалды шалдың «Әй, балам, жарадың! Бола-

шақта үлкен балуан болады екенсін. Бірақ ылғи мал қуып, болмаса қанға араласып жүресің-ау деймін» дегені және «Отырған өзін, ал анау майдан ортасында жүрген сенің өмірің» деп Тәшкен түрмесінде көрген түсінде айтқан сөздерінен оның болашағын болжауға болады. Үнемі өзі қан майданның ішінде атойлап жүретін түсті он реттен аса көруі қаһарман өмірінен хабар береді.

Тәшкенде адам жейтін жөйіттермен күресуі, Қоканда екі жыл жүргенде Исламқұл мен Шалпар адамдарының қастандық жасауы, Сүлейменнің олардан кек алуы, Қоканды қарақшылар мен баскесерлерден тазалауы, өзіне қастандық жасағандардан кек алуы, тәшкендік Бекаба жұмсаған Құрақты тұтқындауы, Тұрдақтың қол-аяғын сындырып, тілін тілгілеп жазалауы, өзін түрмеге жапқан Құлтанды неше

Парманқұл түрмеге тоғытылып, Сүлеймен он жылдан аса түрмені билеген таулық Ахмадпен кездеседі. Түрмеде ешқандай заңның жоғын Ахмадтың Низамның басын кесіп алып келуінен, түн ішінде баракқа келіп төбелес шығаруынан көруге болады. Бұл жерден екі батырды үлкен қызметтегі қазақ азаматы Мамажанның құтқарып алуы арқылы олардың үшеуі де қазақ үшін жанын беруге даяр азаматтар

Оқиға өткен Бадам өзені, Біркөлік жазығы, Қырыққыз, Шыршық өзені, Өгем, Кетік, Сыр, Шаян, Құркелес, Шыршық, Құрама, Қазығұрт, Алатау таулары, Қаржан асуы, Ақтас, Құмдытас құздары, Аюқұлаған құзы, Теректі шатқалы, Қотырбұлақ, Жылақ Ата, Мыңжылқы, Әулиетас үңгірі, Аққорған, Сайрамсу, Түлкібас, Кермербастау тәрізді жер-су атаулары сол өңірдің тарихынан хабар береді. Жекелеген эпизодтардың үлкен міндет атқаратынын «Әліксендіріпқа» деген жердің атауынан көруге болады. Қокандықтардан кейін қазақты билеген орыстардың жазықсыз адамды атып салған мергендігі үшін жерді соның атымен атауынан олардың жаңа өкіметті қазақтың даласын қанға бөктіріп орнатқаны байқалады.

Оның қазақ аштықтан қырылатын жылдары ұрылардың Өзбекстаннан, Қырғызстаннан айдап келген жылқыларын ауыл-ауылға таратқаны да, колхоздың малын елге бөліп бергені де өмірден алынған шындық. Ленгірдің мал базары мен Алай базарындағы бассыздықтарды жолға салып, Қарағандыдан келген Сүлейменді мүгедек еткені, Қырғызстандағы Сүлейменді жайратуы, Қажымұқанмен белдесуі, өзі ұсталып кеткенде әйелін бір бұзаулы сиырға сатқан молданы шайханада бауыздауы және басқа шытырман оқиғалар өмірден алынғанымен құнды. Алпыс тоғыз жасында жүрек талмасынан кеткен Сүлейменнің он алты жасынан кейінгі өмірінің бәрі далада ат үстінде өтеді.

Қорыта айтқанда, жазушы өмірде болған, көзі тірісінде аты аңызға айналған қазақ батырларының көркем бейнесін ұлттық әдебиетке алып келді. Солардың бірі де бірегейі – Төле би бабамыздың тікелей ұрпағы Сүлеймен. Жазушы «алып анадан туатынын» анасының аюдың жүрегіне жерік болуымен суреттеген. Сүлейменнің дүние есігін ашқаннан, өмірден өткен соңғы сәтіне дейінгі кезеңіне қарап отырып, қазақ үшін аттан түспеген батырдың ел ішіндегі «қарақшы» деген атын халық сүйінгендіктен қосақтағанын түсінеміз. «Бәрі азығы жолда» деп дүние жинамаған батырдың ішер тамағы мен киер киімі халықтың есебінде болды. Ол қолына түскенін кедей-кепшікке үлестіріп, ашаршылықтан бір қазақты да өлтірмей аман алып қалуға бар күшін жұмсады. Кедей-кепшікті қанағанды басмашы, жөйіттермен соғысқан батырдың төңірегінде өзі секілді жаудан қайтпайтын Пархад, Парманқұл, Тағай тәрізді ержүрек батыр достары болды. Негізгі оқиға бас кейіпкердің төңірегінде жүріп жататындықтан, оның бар өмірі шытырман оқиғалар мен қылмыстарға толы. Әр қылмысты ашуда ол әрі тексеруші, әрі із кесушінің қызметін атқара жүріп, ақ патша мен кеңес өкіметі жеңе алмаған адам жейтін жөйіт Бекабаның ордасын талқандады.

Жазушының жетістігі – кейіпкер сөзі, диалог, монолог, түс, жекелеген эпизодтар мен көркемдік детальдарды тиімді пайдалануы. Психологизмді шебер игерген жазушы Сүлейменнің бойындағы түрлі күйініш, сүйініш сезімдерін суреттей отырып, оның ет пен сүйектен жаралған екі аяқты пенде екенін шынайы бейнелейді. Осылайша, ұлт әдебиеті қазақ тарихынан үлкен орын алатын ұлт қаһармандарымен толықты. Шығарманың негізгі жетістігі де осында.

# ЖАҢА ҚАҒАРМАҢДАРЫ

Әр тараудағы оқиға араға бірнеше жыл салып өрбиді. Көбек өлгеннен бері «Қаратау мен Қазығұрт, Шу мен Сыр арасындағы сайын дала төсіндегі жұртты сансыратып жіберген алапат жұрт – жылан мен жылқы қатар келген «жылантақырдың» өткеніне үшінші жыл. Бұл 1921 жыл еді».

«Қырғыздардан айдап келген баяғы елу жеті жылқының ішінен Досалы ту семіз он бес бие мен үш айғырды бөлек алып қалып, қалғандарын ашыққан жұртқа таратып берген». Сүлейменнің бұл кездегі жұмысы – он бес биеден тараған қырық шақты тай-құнанды күзету.

Бұл кезде Ордабектің Ноғайы Тәшкендегі оқуын бітіріп келіп, Шымқаладағы жаңа өкіметтің жұмысына тұрған. Ноғайдың шақыруымен келе жатып тағы бір тосын оқиғаға тап болады. Түлкібас пен Бадамның жақсы жерлерін кірмелердің иемденіп, шошқа бағуы – сол тұстағы қазақ даласын жайлаған қасірет еді.

Кейіпкер бейнесін толықтыруда монолог үлкен қызмет атқарады. Сүлейменнің жапан далада жалғыз қалған шағындағы мына монологін оқиық: «Ит, кәпір-ай, жанындағы арсаландаған ит секілді мас жігіттерінің сөзін сөйлеп, өзіме тиіспегенде, ажал таппас еді-ау. Өзінен болды. Несі бар, жынымды қоздырып. Титтей де обал жоқ өліміне. Бұдан былай қалғандары қазақтарға тиіспей жүретін болады. Соның кесірінен Ордабекке бара алмай, екі өлі қасқырдың жанында жатысым мынау айдалада».

Жапан далада қасқырлар қамағанда «Қорықпа, балам, бұлар аңның бөрісі болса, сен адамның арыстанысың. Біреуін жарақаттасаң болды, қалғандары тым-тырақай қашады», – деп құлақ түбінен сыбырлаған қап-қара сақалды кісі жылыстап кете барды. Қара сақалды осы кісі баяғыда күресте тізеден шал деп ақыл беріп бір көмектесе, бүгін қасқырлардан қорықпа деп қасында тұрды. Осы тұста автор Төле бабаны желеп-жебеп жүретін ақбоз атты, қара сақалды аруақ-кісі туралы аңызды пайдаланады. Төле өлген соң, одан тараған ұрпақтарын айналшықтап жүретін кісі-аруақ енді Сүлейменнің жебеушісіне айналған.

Көркем шығармадағы әдіс-тәсілдің бірі – негізгі оқиғаны толықтыру мақсатында ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді тиімді пайдалану. Биеге шаппаған соң, көзін байлап қойып өз анасына салғанын білген Ақжалдың құз басындағы жартастан өзін тастауына қатысты аңыз жылқының тектілігі үшін алынғанмен, Парманқұл мен Сүлейменді текті қазақтардың бірі екенін көрсету мақсатында пайдаланылған.

жылдан кейін іздеп келуі, Итжеккенде кара Иванды өлтіріп түрме бастығының көмегімен Тәшкенге келіп, бандылардың шаһары Тәшкендегі Алай базарында Бекабаның алты жендетін жайратып салуы, Қоканда Сүлейменді өлтірмей келгені үшін Құрақты Бекабаның мүгедек етуі, Сүлейменнің Құрақты іздеп келуі, Бекабаның жөйіттерімен алысуы тәрізді Сүлейменнің басынан өткен шытырман оқиғалар оқырманын баурап отырады.


1932 жылы мешінде отыз төрт жасына дейін Итжеккенге айдалған Сүлейменнің кейінгі өмірі бір мың тоғыз жүз қырықшы жылдардың басына дейін күллі Өзбекстанды дірілдеткен жөйіттермен алысумен өтті. Тәшкендегі қазақтардан бас көтерер Парманқұл мен Қараманды қарақшы деп соттатып, Қараман Барсакелмеске жер аударылған. Алай базарында төбелесті деп ұсталған Сүлейменді Мамажан шығарып алып, оны Қараман, Парманқұл, Пархадпен таныстырады. Бұл кезде Сүлейменді қазақтар, Қараманды Тәшкен жұрты «қарақшы» атап кеткен болатын. Сүлеймен, Пархад, Парманқұлдар алты ай бойы Тәшкенге жан сауғалап жеткен аш қазақтарды тойындырумен болды.

Бұл уақытта қазақ даласын ашаршылық жайлап, шамасы келгендер көрші елдерге тентіреп, ел асып кеткен еді. Колхоз бастығы Тәңкі мен бұрынғы ауылнай Сабаш – сол тұстағы белсенділердің, аштан бұратылып жатқан кемпір мен шал, аштыққа ұшыраған жандардың жиынтық бейнесі ретінде суреттелген.

Ашыққан қазақтарды тойындырамын деп жүргенде қапияда қолға түсіп, Итжеккенге айдалған Сүлейменнің жиырма күннен астам жол жүріп, екі паханды жолда мүгедек етіп, барған соң кара Иванды екі жендетімен жер жастандыруынан оның бойындағы адам баласына дес бермейтін алапат күшті байқауға болады. Сібір түрмелерінде бірнеше жылдан бері пахан болып отырған Иванның басын қазанның астындағы шокқа үйітіп, өзін ыстық сорпаға тұншықтырып өлтіруі – денесіне қатты соққы тисе, көзіне түк көрінбей кететін Сүлейменнің өздігінен ешкімге тиіспейтін, тиіскенді аямайтындығының көрінісі.

Батырлардың қарсыластарының осал болмайтыны тәрізді, Сүлейменнің ұстасқандарының алапат күш иесі болғанын кара Иванның сенімді жендеті, өзбекстандық Ахмад, жөйіт Бекабаның болмыс-бітімінен көруге болады.

Алай базарында Бекабаның адамдарын сабағаны үшін Сүлеймен мен



екені көрсетілген. Екінші рет қолға түскенде жаңадан милиция бастығы болған Мамажанның олардың астына ат беріп Тәшкеннен жырақ Қоканға қарай қашырып жіберуі – бауырларына жасаған жанашырлығы мен қамқорлығы еді.

Қоканға жеткен соң Сүлеймен қашқарлық Жақар мен Жардақты бір-біріне өлтіріп, Ділда мен баласының кегін алады, сөйтіп, 1937 жылдың қараша айында Шыршыққа келіп там алған. Жардақтан алған алтынды Пұсырманқұл, Парманқұл үшеуі бөліп алған. Ендігі оның бір арманы – Бекабаны, әйелі мен баласын өлтірген адамды табу.

«Батырдың аңғал болатыны» тәрізді өзі екі сөйлемейтін Сүлеймен үнемі өзін алдаған жылпостар мен алаяқтардың сөзіне еріп тұтқынға түсіп жүреді. Соның бірі – Алай базарындағы Қосылдың сөзіне сеніп, Бекабаның үңгіріне өз аяғымен келуі. Үнемі қиналғанда ақылын айтатын елес-адам оған Бекабаның үңгіріне кіргенде «Сескенуші болма. Шалт қимылдамасаң, ажал табасың» деп кеңес береді. Адам баласына көрінбейтін Бекаба Сүлейменді үңгіріне алдап алдыртады. Ел аузында аты аңызға айналған адам жегіш жөйтті жазушы Сүлейменнің көзімен былай суреттейді: «Құдай-ау, мынау жатқан адам ба, әлде құбыжық па? Қазандай бас, кішігірім диірмен тасындай былшиған бет, бордақы өгіздің тұрпатындай дене, талға салатын белдемше ағаштай жуан аяқтар... Жүн басқан жуан қолдары ұзын екен. Тізелеріне жетіп жатыр. Салбыраған қарыны көрпеше үстіне жайылып кетіпті. Сол салбыраған қарнының астында ұзын қылыш жатыр. Оның түрін көзімен бір шалған Сүлеймен бұрындары Бекабаның тұрпатын сипаттап айтқан жөйіттердің сөздерінің рас екеніне шындап көзі жетті...»

(Басы 14-15-бетте)

Әжем састайып тұрып қалды. Оқтауды шешеме ұстатты да, кері бұрылды. Үнсіз жылап тұрған менің көз жасымды сүртіп, еңкейіп төбемнен иіскеді. Төрдегі жиналған жүкке сүйеніп отырды. Мені алдына алды. Екі көзім шешемде. Түк болмағандай ас әзірлеп жүр. Ол кезде үш ұлы үйлі болған, екі-үштен балалары бар.

Күндегі әдетпен бәрі келе бастады. Төрдің төбесінде отырған әжеме көз киықтарын салады. Не айтар екен деген көкейлерінде күдік қылаң береді. Ес кіріп қалған кезім. Бәрін ой таразысынан өткізем.

Әжемнің дидары бұрынғыдай сұсты емес. Жадыраңқы. Жылы леп бар. Кең дастарқанға мәуелі әулет түгел отырды. Дастарқанға жақындаған ұлы анам, бұрын біз ести қоймаған кестелі сөзден тұратын батасының тиегін ағытты дейсің. Береке, бірлік, ынтымақ, мейірім көп. Асқа бас қойды. Мына тосын батадан кейін, үй ішінен шыбынның ызыны ғана естіледі.

Тамақтан кейін тағы бата берілді. Ойлы бата болды бұл да. Әжем үнсіз. Ешкім орнынан қозғала қоймады.

«Мен аю апа атандым. Неге? Ел бірлігі, сендердің ертеңің үшін. Біз көрдік көресені, қия баса алмадық. Балалық дәуреннің де дәмі кермек болды.

Ал қазір, тфә, жақсы кез. Мен сол жақсы кездің құнын білсін деймін сендерге. Бесеуіңнің іргең бөлінбесін деп, іргелес үй салғыздым.

Иә, ұрпақтарың бұл үйге байланып қалмайды. Кетеді. Ол да керек. Дегенмен, бес әкелерінің ынтымағы естерінде болады. Мыналар, — деді бізді нұсқап, — Аю деген апамыз болған қатал еді дер. Өздері ұл-қызды болғанда, бетін аулақ қылсын, араларынан қыныр-қисық қылықтарымен көзге түсетіндер табыла қалса, Аюдың тілек-талабын сонда түсінер, әттең-ай дер. Оған дейін мен туралы ойларың құбылып тұрады. Менің «тәйтімнің» арғы жағында текті болу жатыр. Ата-анана, ата-бабаға нәлет келтірме, тексіздің тұқымы дегізбе.

Менің шырылым осы. Болмаса жетпісті асырып тастаған, маған не жетпейді дейсіңдер. Бұдан кейін аюдай ақырмаймын, шыбық сілтемеймін, оқтаумен тұртпеймін».

Бәрі үнсіз. Оқтау дегенде жүрегім шым ете түсті. Кінәлі жандай жалтақтадым. Бұрылып, әжемді құшақтай алдым. Бауырына тартты. Кеудесі от үрлеп тұр. Осы сәт әжем бір жаққа кетіп қалатындай күй кешіп, білегін қыса ұстап отырғам. Білек тамыры бүлк-бүлк етеді.

— Келіндеріме де кеңшілік, — деді әудем уақыттан кейін. — Бірақ босансымандар! — Қос жанары жарқ етіп, шот қабақ түйілгенде келіндері тұнжырады. Іштерінде еркіндіктің ауылы әлі де алыс екен дегендері болған шығар. Олар да пенде ғой.

Әжем осыдан кейін бәрін шотқабақпен басқаруға көшті. Қабақ түйіледі, ұлдары ығады, келіндері үй айналады.

\*\*\*

Әжем тоқсанды артқа тастап жүзге бірер қадам қалғанда мен де шаңырақ көтердім. Бес ұлы бес рулы елдей өсіп-өніп келе жатқан.

Менің қуанышыма әжемнен артық қуанған адам бұл дүниеде бола қоймаған шығар. Еңсесін тіктегенмен денесі кішірейіп, екі жауырыны шодырайып-ақ қалып еді. Дегенмен ой-санасы бүтін, сөзі мұрдың оғындай дөп тиіп жататын.

— Ала қашпа, жұла қашпа, адамша құда түсіп барам, — деді алғаш естіген күні. — Ұлт кәдесін жасаймын, жұрт ісін атқарамын. Сыйластық содан басталады.

Білік — менде, басқаларың тырп етпейсіңдер, айтам орындайсыңдар.

Мен өрелі аттай кібіртіктедім. Көз салғаным техникумда оқып жүрген, соңғы курсыңда еді. Орысшаға шорқақ болсам да, қазақшасы кем қызға жіп таққам. Ата-анасы да, қызынан аспайды, тілдері мүкіс. Уайымым, әжем олармен қалай тіл табысадыға тіреледі. Төбемнен төрт қоя ма деп жасқанам. Ата-анам бізге бәрібір дейді. Туыстар да сол ниетте. Әжеме өзін жеткіз дейді.

Ақыры именіп жүріп айттым.  
— Қазақ па, өзі, — деді әжем.  
— Қазақ. Тек тілдері орысшалау.  
— Болды, — деді әжем, — шала қазақшамен, шала орысша тез тіл табысады. Құдай берген қолым бар. Сілтей берем. Түсінісеміз.

# ӘЖЕ

(Әңгіме)



\*\*\*

Айтқаны болды әжемнің. Қайын жұртым әжемді алақанына салды. Олардың да үлкендері бар екен. Бәрі менің әжемнен кіші.

Сән-салтанатпен үйге келдік. Шашу шашылып, ән айтылып жатқан. Әжем аюдай ақырды. Бұл дауыс естілмегелі біраз жыл болған. Бәрі сап тиылды.

— Қай аталарыңда бар еді, келген келінді қасиетті табалдырықты аттатпай шу-шу етіп, күттіріп қою, а, өй өңкей шуылдақтар. Табалдырықтан қасиетті не бар?!

Келінді қолтықтап кіретін екі келіншек жадырап жақындай бергенде әжем:

— Тұра тұрыңдар. Бұл екеуі менің қос қанатым ғой. Кәрі кеуде — сол қос қанатын бөлмей, жармай өзі қолтықтап кіргізің. Табалдырықтан аттатсын. Менің азап күндерімді емес, жақсы күндерімді берсін, екеуіне тәңірім! Сендер, үлкендерден бұрын сүйрендеп шығасыңдар, заман біздікі деп. Бізде де заман болған. Бұл заман сендерден де кетеді. Соны ойладыңдар ма? Ал енді жас келінге отқа май құйғыза беріңдер.

— Табалдырық қасиетті! — деді тағы. — Бұрынғылар табалдырықтан биік тау жоқ деген. Рас сөз! Екі бота, осыны ұмытпаңдар. Ұқтыңдар ма?

— Ұқтық әже! — дедім. Жадыраның бояулы ерні жыбыр ете түсті.

Дастарқан басында әжем мына бір үлгі әңгімені үлгі етіп айтты.

— Ана, Кенженің, кенже келінінің төркіні есік төр көруге келгенде құдалардың ішінде, — деді әжем Жадыраға көз қиығын тастап, естіп отырсын ба деген сыңайда: — Құдамыз: «Құдағимен, құдағи жақсы болса, қыз бен ұл қайда барады, тай тулап үйірден шыға ма, шыбын тулап

шыны сындыра ма», — деп еді. Кенже келінім онынан келді, тәубе, тағы мінез танытпады, кердендемеді. Бірді айтып, бірге кетіпін ғой.

Сәлден кейін әжем әңгіме тиегін тағы ағытты.

— Иә, сол құдалардың ішінде ақылы асқан тағы бір ана құдағи мына бір тәмсілді айтып еді. Шай құйып, қызмет көрсің жүрген келіндердің құлағыңда жүрсін — жалғыз балаға тұрмысқа шығыпты. Жалғыз баланың жалғыз анасы бар екен. Әңгіме төркіні былай:

«Әкесінен құрсағымда қалып еді!» деді енем көзі жасаурап. Алғашында түсіне алмай еріме қарадым. Енем оны біле қойып «Ішімде қалып еді. Төрт айлық еді, бес айдан соң шарана жарды. Қабылым өмірге келді».

Енемнің бір сөзін ұқтым, бір сөзі

жұмбақ секілденді. Қабыл жылы естілді. Енем сөзін қайта сабақтады.

— Төрде отырған шал-кемпірге қашанғы иіліп қызмет көрсете берер екенбіз. Біз сол төрге қашан жетеміз деген ой бәрімізде де болған. Бола да берер. Қабақ та шытқамыз, сол үшін сөз де естігенбіз. Жеткенде бар, жетем деп жүріп кеткендер де аз емес. Ал жеткеннің тас мүсіндей қонжиып қалғаны тағы жоқ. Уақытпен бірге жылжып кете береді екен.

Осы күні төрден төмен құлдырау оп-онай болып бара жатқандай. Бір күн, бір сәтте, бір демде. Осыны ұққан жөн», — деді.

Рас сөз. Үлкенге қызмет еткенің өзіне пайдалы. Қызметің жасың жеткенде алдыңнан жақсылығымен шығады. Ол кезде күн де тез батады, таң да тез атады. Дүйсенбі жетсе, жұма сап ете түседі. Бұрынғылар «Бір күнім өтті-ау!» деп жылайтын болған. Бүгінгілер де сол жолмен келеді.

Әлгі кемел құдағи тағы былай деген бар:

«Жалғыз бала жұрт кісісі болды. Үш ұл, екі қызға әке-шеше атандық. Өмірге тұңғыш немере келгенде енеме, мен де әжемін демеймін ба, енем ернін шығарып, «Әдірем қал, сен туған бала, мен туған бала секілді жұрт кісісі дәрежесіне ілінді ме? Кемелдікке жетті ме? Әкесінен өтті ме? Танауынды таңырайтпа, үріккен тана құсап», — дегені. Жерге кірмедім. Бірақ кіргендей болдым. Сөздің де сүйектісі бар ғой. Оны ұққан қор болмайды екен. Мен ұққан секілдімін. Кейін ес жидық. Төрден түспестей болған енем, төрден көрге кеткелі қашан. Ендігі төр маған тиді. Балаларым әкесінен аспады, тек жете қабыл болды. Е... мен осыны барған жерде үлгі болсын деп айтам. Бүгін

ұққандар ойланар, ұқпағандар ертең ұғады. Ұқтырады өмір өткелдері», — деп еді», — деген әжем де ой кешіп кетті-ау шамасы, бір сәт үнсіз отырып қалды.

\*\*\*

Алда да айттым-ау, Аю апа атанған әжем, мен анама ара түскеннен кейін қатты өзгеріп, мейірімді қалыпқа түсті. Пішіні келіспегенмен ақылды еді. Ақылы кем, адуынды мінездің иесі болса, даналық жолдан, аналық жолдан табылар ма еді, табылмас па еді. Менікі жөн, өлгенше осы беталысымнан қайтпаймын деп қарысып қалса, сыйлы емес, сүйкімсіз біреу есімізде қалама, қайдам.

Жаспыз, дос-жаран көп. Отау тіккен соң ары-бері серуеннің шеті шыға бастады. Жадыра екеуміз қолтықтасып жүруге құлшына бастадық. Оның бәрін әжем бақылап отырады екен. Күлімсіресе оған мәзбіз. Өз анамыз бізге жолай да, сөз де айта қоймады.

Бір-екі рет қонаққа бардық. Қайда баратынымызды әжем сұрап, уақытыңда келуді тапсырады. Бір жолы кешіктік. Онда тұрған не бар деп, тасырандай басып үйге кірдік. Пеш түбінде әжем ұршық иіріп отыр.

Жадыра бөлмемізге кіріп кетті. Мені қасына шақырды.

Қысқа сұрақтар қойды, жауапты сөз-баламай түйінін талап етті.

Осыдан кейін Жадыраны көп серендетпейтін болды. «Келінің дала безерлігі даракылық» деді. Мұны маған қадап айтты. Дымым ішімде.

Жадыраға: «Еркекке ере бере ме, ол кейде ит секілді көрінген жерге сарып жүре береді. Сен үйде отырсаң, ол тез келеді», — деді.

Әжемнің сөзінің түп-төркінін ол кезде түсіне қоймаймыз. Сарыбы несі дейміз. Іштей ренжиміз, сырттай құп аламыз.

Сөйтіп жүріп, бірнеше жылды артқа тастадық. Әжем шөбере сүйді. «Тәубе!» деп дүниеден озды.

Жадыра екеуміз енді ойлап отырсақ, ол кісінің сөзі кітап сөзі екен ғой. Жадыра үйдің тірлігінен бір босамайды. Далабезер болса, қайдам отбасының берекесі бола ма, болмай ма? Сарып кетеді дегені не жұмбақ десек, қаңғып жүре береді дегенді білдіреді екен. Соны бейнелеп айтыпты ғой әжем.

Өз анам да орыс қолды болды. Бірақ әжем қазақ қалыбынан шығармады. Жадыраны қазақы қалыпқа әжем түсіріп кетті.

Жадыра әжемнің жолын жалғағысы келді. Біз келін түсіргенде тоқсаныншы жылдардың аласапыранына тап келдік. Келін баулымақ түгіл тұрымтай тұсына, балапан басына кетті.

Оның үстіне келіміз қазақшаға нұқ еді. Бірақ ізетті, инабатты болды. Соны білген Жадыра нұқты нұқысам бүлдіріп алам деп еркіне қойды.

Кейде әжем ойыма оралады. Өзінше бір әлем, өзгеше мейірімді бейне көз алдыма келеді. Ақырған аю апам, мейірімді әжем, қамқор жан елес береді.

Қазақ деген сол әжем секілді. Ер — ер қалпында еді, әйел — әйел кейпінде еді. Киім үлгілері де бөлек еді. Әркім өз киім үлгісін қиетін.

Қазір әйел мен еркекті шатыстыратын болдық. Ажырату қиын. Қазақ қазақ еместей көрінеді. Осындайда аю әжем ойыма түседі, қайта-қайта көз алдыма келеді. Егер әжем бір сәтке тіріліп келе қалса, Жадыра не дер еді. Мен ше?

«Жетесіз жәдігөйлер, жоқ ырымды шығарып, азып-тозып кетіпсіздер ғой. Мейірім, шапағат бізбен бірге кеткен бе?» — деп аюдай ақырса қайтпек керек?»

Ол осылай деп, ұйып қалған аяғын әрең басып шығып бара жатты.

Мен тілімді тістеп отырып қалдым.

# ҚОРҚЫТТЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ ЕМЕС ПЕ ЕКЕН?

Қызылорда облысы, Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері Әзірбек Ілиясбекұлы «Таң-Шолпан» журналы редакциясына хабарласып, «Қарақұм» экспедициясының деректері негізінде өңірдегі көне қоныстар мен жер-су тарихына байланысты жазған мақаласымен қоса бірнеше сурет жолдаған еді.



2) Сол тасты қарап отырған Әзірбек Ілиясбекұлы мен Шегебай Құндақбайұлы

Сол суреттердің ішінде бетіне әлдебір таңба салынған тасқа назарым ауды. Анықтап қарасам, Күлтегін ескерткіш тасындағы жазуға ұқсас төрт таңба тұр. Оннан солға қарай оқығанда алғашқы екі таңба анық емес, соңғы мынадай 11 екі таңба көзіме оттай басылды. Осыдан соң-ақ алдыңғы екеуінің



1) Теңр к111 сөзі жазылған тас.

не таңба екенін ұға қойдым. Демек ол — к1 таңбалары. Шынында да, анықтап қарағанда осы екі таңбаның сұлбасы байқалады. Бәрін қосып оқығанда — к111 болады. Бұл Теңірі (Теңр — болып жазылады) деген сөз. Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк тас романдарында да дәл осылай жазылған.

Бұл тасты Әзірбек Ілиясбекұлы 2023 жылы тапқан. Бірақ тас бетіндегі таңбаның не таңба екенін түсінбеген, кейін білетін адамдар табылып қалар деген оймен фотоға түсіріп алыпты. Оның айтуынша, ол тас әлі де таудың басында. Бұл тұтас тастың жер бетіне шығып жатқан ұшы ғана екен. Тастың жер астындағы бөлігінде басқа да жазулар болуы мүмкін.

Таңғаларлық жағдай. Сонау Монғолияның Орхон өзені мен шалғайдағы Сырдарияға дейінгі (одан да әрі болуы мүмкін) ұлан-ғайыр аумақта өмір сүрген түркі бабаларымыз Тәңірі (Теңірі) сөзін жердің арадағы осыншалық алшақтығына қарамастан, еш қатесіз жазыпты. Бұл — көне түркі жазуы түркілер арасында әбден қалыптасқанының, жазуды білетін кісілердің соншалық сауаттылығының дәлелі.

Содан соң Әзірбекке хабарласып, бұл тас қай жерде тұрғанын сұрап білдім. «Тарғыл таудың ұшар басында», — деді. Тарғыл тауы аудан орталығы — Жосалының солтүстік бағытында, шамамен жүз

шақырым жерде, аудан аумағының ең биік жері. Энциклопедияда 160 метр деп жазылған.

Ал осы Тарғыл тауы тағы бір деректі еске түсіреді. Ол Қорқыт бабамыздың «Тарғыл тана» күйіне байланысты. Ел аузында мынадай аңыз бар.

Қорқыт желмаясымен ел аралап келе жатса, бір тарғыл тана елге ұстатпай қашып жүр екен. Қашан да жұрттың қамын қамдайтын ұлы бақшы (қазір бақсы деп қате айтып жүрміз) желмаясын тебініп, қуа жөнеліпті дейді. Тарғыл тана желмаяға да жеткізбеген көрінеді. Бір жерлерге келгенде тананың өкпесі өшіп құлап, тасқа айналыпты, мынау Тарғыл тау сол тасқа

айналған тана екен. Сол жерде Қорқыт баба «Тарғыл тана» күйін тартыпты дейді ел аузындағы аңыз.

Негізі «Қорқыт мәңгілік өмірді іздепті, ажалдан қашып дүниенің төрт бұрышын түгел шарлапты, бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқандар кездеседі екен, «бұл кімнің көрі» десе, «Қорқыттың көрі» дейді екен, сонан соң Қорқыт дарияның бетіне кілем жайып, сол жерде қобызын тартып отыратын болыпты» деп келетін ғажайып әңгімелер — ел-жұрттың ой-қиялынан туған көркем туындылар. Мұның барлығы Қорқыттың басынан өткен өмір деуге болмайды. Мысалы «Қайда барса да, алдынан көр қазғандар кездеседі» дегені Қорқыт қабылдамаған ислам дінінің алды-артын орап, жайылып бара жатқанын білдіреді. Ал ағын су — мәңгілік өмір нышаны.

Бір анығы, Қорқыттың осы Тарғыл тауда болғаны. Мүмкін сол жерлерді жайлаған да шығар. Айтайын дегенім, таудың басына оңашаны сүйетін бақшы болмаса, былайғы ел шыға бермейтіні анық. Демек анау деген жазуды Қорқыттың өзі жазуы да мүмкін-ау. Өйткені Қорқыт сияқты ұлы абыз, ұлы бақшы болмаса, жұрттың бәрі қазіргідей жазуды білмейді ғой. Тастың бетінде қалған таңбадан осындай қиялға сенгің де келеді.

**Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,**  
«Таң-Шолпан» әдеби-көркем,  
көпшілік журналының  
бас редакторы

Астанада Қазақстан Жазушылар одағы жыл қорытындысын шығарды. Жиында «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» бағдарламасы бойынша жарық көрген 20 кітаптың таныстырылымы өтті.

Сол жолы талантты жас ақын Еділбек Дүйсеннің «Алматы аспаны» жыр жинағы қолыма тиген еді.

Бұл кітапты ертеңгісін ас үйде отырып оқысан, таңғы асың сіңімді. Кешінде үйге оралған соң «Алматы аспанына» деген сағынышың қайта оянады...

Осы жерде әңгіменің басын ашып алсақ, артық етпес. Біз әдебиет сыншысы емеспіз. Оның үстіне біреудің нанына ортақ болғымыз келмейді. Біздікі жақсы кітаптағы жақсы өлең-

Ақынның аузына сөзді Алла салатыны рас-ау! Талантың мен тәжірибен Құдайдың күдіретімен үйлеспесе, бәрі бекер. Бұл байлам маған дейін де айтылған шығар. Бірақ Еділбектің ерекше аспанын оқып отырып, мен де ақынның бойындағы ерекше қасиетке тәнті болдым.

Анау зәу көктегі бұлттарды қалай құбылтады? Біздің білетініміз «бурыл бұлт», «ақша бұлт», тағы қандай еді?.. Еділбектің аспаны да бөлек, бұлтты да бөлек. Солақай ақынның «Пана» деген өлеңін оқысаңыз «кісікиік бұлт», «есінеуік бұлт» «Батыстан... Батысқа жөнкіліп» бара жатады. Байқадыңыз ба, батыстан батысқа. Ал енді ми қатпарларыңды жұмыс істетіп көріңіз.

Өлең талдамаймыз деп отырып, біраз жерге барып қалыппыз.

Қолымыздағы Еділбектің жыр жинағы екі бөлімнен тұрады. «Қалаға айналған адам» деп

## ҚАЛА – ТАҒДЫР, ӨЛЕҢ – АЙНА

(Еділбек Дүйсеннің «Алматы аспаны» туралы)

нен алған әсер ғана.

Кітаптың беташары «Алматыдағы алғашқы өлең» деген өлеңмен ашылыпты.

Оқып көрейік:

«Қаңғып жүріп қараңғы ойдың ішінде,  
Мен де есейдім,  
Өлімім де есейді.  
Түн ішінде көріп шығам түсімде,  
Елде қалған шешейді».

Ә дегеннен дененің дір ете қалады. Арқаныз мұздап қоя береді. «Өлімім де есейді» дей ме? Ары қарай оқығын да келеді, біресе оқымай қойғын да келеді. Қой, оқиық.

«Елде қалған,  
Төмен қарап  
«Кеп тұр» деп...  
Жаның сығып, жігерлі,  
Тұрмыс қамы,  
Аз тынығу,  
Көп дүрмек.  
Мені есейтіп жіберді».

Еділбек оқырманға өлімді қорқыныш емес, өмірдің, уақыттың, адам санасының бір бөлігі ретінде қабылдатады. Теренірек үнілсең, сол құрғырдың табиғи құбылыс екенін оңай сезінесің.

«Есейгенім —  
Құтылғаным отынан,  
Жан жылытпас желіктің,  
Келешегім еске түспей отырам,  
Тас төбемнен төніп тұн».

Тағы бір аңғарғанымыз автор өлеңде «есейді» сөзін бірнеше рет қайталау арқылы өсу мен өлім арасындағы параллельді шебер көрсете білген. Соңғы шумақ — соны ойлар.

...Тунек кезіп,  
Таппай титтей жалқы нұр,  
Жүрем сатып көзімді.  
Айнасына қарасам да әркімнің,  
Көрем ылғи өзімді.


Шатағым жоқ ұрандармен былайғы,  
Жеңілгенім рас па екен жырыста?!  
Жаздығүні бір уыс қар жылайды,  
Қалып қойған қуыста...

Өлең шумақтары арасында қараңғы мен нұр, жаз бен қар секілді контрастық бейнелер бар. Терек эмоция!

«Жаздығүні бір уыс қар жылайды, Қалып қойған қуыста...». Еділбек қарды ерітпейді. Ақын сезімі де жазда қалған қар секілді жалғыздыққа толы. Бір уыс қар арқылы жұдырықтай жүрегінің соғысын білдіреді. Ақын сезімі табиғатпен астасып кеткен.

Өлең қазіргі қазақ поэзиясындағы философиялық, интроспективті бағытты көрсетеді. Еркін өлең үлгісінде жазылған, классикалық ұйқасқа бағына бермейді.

Жалпы, Еділбек — дәстүрлі қазақ өлеңін заманауи ырғақ пен ритмге ұштастырудың шебері. Ол — қарапайым сөздерді ерекше образдармен байланыстыра отырып, оқырманға түсінікті әрі әсерлі тіл қалыптастыра білетін ақын. Мысал ма? Кеттік. Қанатты сөзге сұранып тұрған бірнеше тіркесті тізіп бере аламын. «Қаңғып жүріп қараңғы ойдың ішінде», «Өлімім де есейді», «Лыпасы жоқ ескі бақ», «Бесігінен аунап кетіп боранның, Құлап түскем нәжісіне қоғамның», «Таудан биік төбе барын ұқтырам», «Ту сыртыман телміреді шың-құздар. Еріндері жарылған», «Артында тұрар көленкең көзінді басып», «Түннің көзі күледі жымың-жымын».



аталатын алғашқы бөліміне өлеңдері мен «Алматы. Балық қабыршақтары» атты поэма-эссесі еніпті.

Ақын көбіне қалалық пейзаж бен адамның ішкі әлемін біріктіруге тырысады. Шығармаларының басты мотиві — қала мен адам арасындағы үйлесім, қарама-қайшылық.

Ал кітаптың «Аспан» деген екінші бөлімі балаларға арналған өлеңдерден, жаңылтпаштар мен жұмбақтардан тұрады. Біздіңше, оқырманның да, автордың да, тіпті әдеби-танымдық бағдарламаның да ұтқан жері осы сияқты. Таратып айттайық.

Бәріміздің де мектепке, оның ішінде бастауыш сыныпқа баратын баламыз не немереміз бар. Солардың Әліппесіндегі болмаса Ана тіліндегі тақпақтарға көңіл аударып көрдіңіз бе? Әрине, арасында балалар тақырыбына жазған классиктеріміздің шығармалары бар. Бірақ кейбір шатпақтарды бала түгілі өзіңіз де оңайлықпен жаттай алмайсыз-ау. Авторлары да беймәлім. Шыны керек, қазір балабақша да, мектеп те жақсы дүниеге зәру.

Жалпы, балалардың тақпағы дегеніміз — үлкен поэзияның кішкентай формасы. Ол қарапайым әрі анық сөздермен жазылуы тиіс. Жаттауға жеңіл, тілге сазды болуы керек.

Тақпақтың тілі баланың күнделікті сөздік қорына жақын болғаны жөн, сонымен бірге тілін дамытатын жаңа сөздерге де орын берілгені дұрыс. Қайталаулар мен дыбыстық үндестік те баланың есте сақтауын жеңілдетеді, ал ырғақтың бірқалыпты болғаны маңызды.

Сондай-ақ балалар көз алдына елестете алатын күн, ай, құс, ойыншық, ана, мектеп, достар секілді бейнелердің қолданылуы тақпақтың әсерін арттырады.

Еділбектің жыр жинағындағы балаларға арналған өлеңдері, жаңылтпаштары мен жұмбақтары бұл талапқа әбден сай келеді. Ақын осы арқылы кішкентай оқырмандарының санасына Алматы бейнесін сіңіреді.

Ендеше, Еділбектің балаларға базарлығынан да құр қалмайық.

**Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ,**  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі

Қазіргі әлемде инженерлік білім беру қоғам дамуының шешуші факторына айналды. Өнеркәсіптің жаңғыруы, цифрлық технологиялардың жаппай енуі, жасанды интеллект пен автоматтандырудың күнделікті өмірге араласуы мемлекеттерге жаңа талаптар қойып отыр. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, технологиялық қауіпсіздік пен тұрақты даму енді кадр сапасына тікелей тәуелді. Осындай жағдайда жоғары оқу орындарының жауапкершілігі де арта түсті. Университет тек білім беретін мекеме ғана емес, ол ой қалыптастыратын, тәжірибе жинақтайтын, қоғамға бағыт беретін академиялық орта болуы тиіс. Алматы қаласында орналасқан Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті осы заман талабына сай дамуға ұмтылып отырған оқу ордаларының қатарынан орын алып келеді.

Университеттің даму философиясының өзегінде инженерлік білімге кешенді көзқарас жатыр. Мұнда техникалық даярлық жекедара қарастырылмайды, ол цифрлық сауаттылықпен, қолданбалы ғылыммен, басқару мәдениетімен және әлеуметтік жауапкершілікпен ұштасады. Осындай тәсіл студентке тек белгілі бір сала бойынша білім беріп қана қоймай, оны өзгермелі еңбек нарығына бейім, көпқырлы маман ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Университеттік ортада инженерлік ойлау формулалар мен есептер жиынтығы емес, нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған құрал ретінде түсіндіріледі.

нығайтуға бағытталған стратегиялық алаң ретіндегі ролін айқын көрсетті. Форум университет пен бизнес қауымдастығының, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы цифрлық экономика үшін кадрлар даярлау мәселелерін талқылауға арналды. Іс-шараға 60-тан астам ірі жұмыс берушілер, компаниялар мен индустриялық құрылымдардың өкілдері қатысып, еңбек нарығының өзекті сұраныстары мен университеттік білім мазмұнының сәйкестігі



## ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОТАРСЫЗДАНУ ИДЕЯСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының кітапханасында көрнекті алаштанушы ғалым, әдебиеттанушы, Назарбаев университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісімақованың «Қазіргі әдебиеттану: деколониялық дискурс» және «Библиографиялық көрсеткіш» атты еңбектерінің тұсаукесер рәсімі өтті.

Тұсаукесер ғылыми зерттеуді талдауға, баға беруге, қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін анықтауға арналған ауқымды ғылыми жиынға ұласты. Шараның тізгінін филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Қансейіт Әбдәзұлы ұстап, көшелі сөздің жүйесін келістіріп, Айгүл Ісімақова еңбегінің басты ерекшелігін, қазақ әдебиеттану ғылымының болашақтағы теориялық мәселелеріне шырақ түсіретін зерттеу болатынын атап көрсетті.

Алаштанушы ғалым Айгүл Серікқызы өз кітаптары туралы қысқаша түсінік беріп, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Садуақасов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Б.Ысқақұлы, Н.Құлжанова, С.Сейфуллин, Р.Сыздық, Ш.Сәтбаева, Ә.Асқаров, Т.Әлібек еңбектеріндегі деколониялық дискурстың сипатын, әдебиеттану ғылымындағы отарсыздану мәселесін баяндады.

Алғашқы сөз кезегін генерал-полковник, халық қаһарманы, Алматы облысының, Алматы қаласының құрметті азаматы Сәт Тоқпақбаев бастап, кітап авторына ізгі тілегін білдірді. Сондай-ақ экономика ғылымдарының докторы, академик Рахман Алшанов, физика-математика ғылымдарының докторы, академик Асқар Жұмаділдаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев, тарих ғылымдарының докторы, академик Ханкелді Әбжанов, филология ғылымдарының докторы, академик Бауыржан Жақып, философия ғылымдарының докторы, профессор Жакыпбек Алтаев, филология ғылымдарының докторы, профессор Анар Салқынбай Айгүл Ісімақова еңбегінің қазіргі әдебиеттану ғылымындағы маңызын бағалап, отарсыздану идеясын зерттеудің болашақтағы өзектілігін атап көрсетті.

Жиында алаш қайраткерлері М.Дулатовтың, Қ.Кемеңгеровтің немерелері сөз алып, жүрекжарды алғысын білдірді.

Ғалымның «Библиографиялық көрсеткішінде» қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған мақалалар жеке бөлім етіп құрастырылған. Бөлімдер А.Ісімақованың еңбектері, мақалалары, сөйлеген сөздері мен сұхбаттары, ғалымның қатысуымен шыққан басылымдар, ғылыми жетекшілігімен қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялар мен ғалымның өмірі туралы бірнеше айдардан тұрады.

Тұсаукесер рәсіміне ғалымдар, жоғары оқу орындарының студент-жастары қатысты. Айгүл Серікқызының еңбегі лайықты бағаланып, оқырман қауымға жол тартты. Тек айта кетерлік жайт — кітап таралымының аздығы. Елдің рухани мәдениетін дамытуға азық болар мұндай зерттеулерді баспагерлер іздеп, қайта бастырып шығарады деген ниетте болды.

**А.САЛҚЫНБАЙ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

# БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

METU-дың жан-жақтылығы, ең алдымен, оның халықаралық бағдарынан көрінеді. Университет соңғы жылдары өзін ұлттық білім беру кеңістігімен шектемей, жаһандық академиялық үдерістермен үндестіруге бағыт алды. Бұл ұстаным 2025 жылы айқын байқалды. Университет өкілдерінің халықаралық білім беру форумдарына қатысуы, шетелдік серіктестермен кәсіби байланыстарды нығайтуы білім беру мазмұнын халықаралық стандарттарға жақындатуға жасалған маңызды қадамдар болды. Мұндай тәжірибе оқытушылар үшін жаңа әдістемелер мен көзқарастарды меңгеруге мүмкіндік берсе, студенттер үшін академиялық ұтқырлыққа, халықаралық тәжірибеге жол ашады.

Университет өміріндегі маңызды бағыттардың бірі — инновациялық ойлауды дамыту. 2025 жылы METU қабырғасында өткен ірі хакатондар осы бағыттағы жүйелі жұмыстың көрінісіне айналды. Хакатон форматы бүгінде әлемдік тәжірибеде кең таралған. Оның негізгі мәні — студентті дайын ақпаратты игеруге емес, нақты мәселені талдауға, қысқа уақыт ішінде шешім ұсынуға үйрету. METU-да өткен хакатондар барысында студенттер команда құрамында жұмыс істеп, идеяны тұжырымдамадан нақты жобаға дейін жеткізді. Бұл үдеріс жастарды жауапкершілікке, өз пікірін қорғауға, кәсіби диалог жүргізуге баулиды. Мұндай тәжірибе инженерлік мамандықтың болашақ талаптарына толық сәйкес келеді.

Инновациялық іс-шаралардың жалғасы ретінде университетте түрлі форумдар мен жобалық көрмелер ұйымдастырылып келеді. Бұл алаңдар студенттердің өз білімін практикада көрсетуіне мүмкіндік береді. Инженерлік, IT және қолданбалы жобалар ұсынылып, кәсіби орта тарапынан пікірлер айтылады. Мұндай ашық формат білім мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтеді. Университет үшін бұл — оқу бағдарламаларының өміршеңдігін, олардың нақты сұранысқа сай екенін көрсететін маңызды көрсеткіш.

2025 жылы университет қабырғасында өткен IV Халықаралық Hiring & Innovation Forum METU-дың университет, бизнес және индустрия арасындағы байланысты

төңірегінде пікір алмасты. Пленарлық сессияларда экономикадағы жасанды интеллекттің ролі, тәжірибеге бағдарланған академиялық траекториялар және оқу мазмұнының практикалық сұраныстарға сәйкестігі кеңінен сөз болды. Форум аясында «AI METU HUB» жасанды интеллект және цифрлық инженерия орталығының ашылуы университеттің инновациялық инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеріп, жоғары білікті кадрлар даярлау мен қолданбалы жобаларды жүзеге асыруға арналған маңызды қадам ретінде бағаланды. Бұл бастама университеттің ұлттық және халықаралық бизнес-қоғамдастықпен серіктестігін кеңейтуге жол ашты.

METU-дың академиялық ортасы тек техникалық бағытпен шектелмей, кең дүниетанымды қалыптастыруға да мән береді. Университет қабырғасында өткен пікірталас алаңдары, зияткерлік кездесулер мен семинарлар студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталды. Цифрлық трансформация, жасанды интеллекттің қоғамға ықпалы, технологиялық даму мен әлеуметтік жауапкершілік мәселелері осындай талқылаулардың өзегіне айналды. Бұл студенттерді тек маман ретінде емес, қоғамдағы үдерістерге бейжай қарамайтын саналы тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Студенттік өмір — университеттің жан-жақтылығын айқындайтын тағы бір маңызды қыры. METU-де студенттердің өзін-өзі басқаруына, бастама көтеруіне және қоғамдық белсенділігіне кең мүмкіндік берілген. Әртүрлі студенттік ұйымдар мен клубтар мәдени, спорттық, зияткерлік және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Бұл ортада студенттер өзара пікір алмасып, командамен жұмыс істеуді үйренеді, көшбасшылық қабілеттерін дамытады. Университеттік орта осылайша жастардың кәсіби ғана емес, тұлғалық қалыптасуына да әсер етеді.

Университет дәстүрлері мен рухани құндылықтары да ерекше мәнге ие. Бірінші курс студенттерін қабылдау рәсімдері, бейімдеу бағдарламалары, университеттік мәдени шаралар жас буынды ортақ академиялық құндылықтарға біріктіреді. Бұл үрдістер студенттерге өздерін үлкен университет қауымдастығының мүшесі

ретінде сезінуге мүмкіндік береді, жауапкершілік пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады. METU қоғамдық және мәдени бағыттағы іс-шараларды да назардан тыс қалдырмайды. Мемлекеттік мерекелерге, тарихи даталарға арналған кездесулер студенттердің азаматтық санасын нығайтуға бағытталған. Университеттік ортада инженерлік білім елдің болашағымен, қоғам дамуының мақсаттарымен тығыз байланысты деген түсінік қалыптасады. Бұл көзқарас жастарды тек кәсіби жетістікке емес, қоғамдық жауапкершілікке де тәрбиелейді. Инфрақұрылымдық даму университеттің жан-жақтылығын толықтыра түседі. Заманауи аудиториялар, цифрлық білім беру жүйелері, оқу процесін қолдайтын техникалық мүмкіндіктер студенттердің білім алуына қолайлы жағдай жасайды. Әлеуметтік орта мен тұрмыстық жағдайлар да оқу процесінің тиімділігіне ықпал етеді. Мұның барлығы университеттің студентке бағытталған саясатын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті — бүгінгі таңда инженерлік білім берудің жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған кешенді жолды таңдаған университеттердің бірі. Университеттің халықаралық бағдарға ұмтылысы, 2025 жылы өткізілген ірі хакатондар мен форумдардың мазмұны, белсенді студенттік өмірі мен академиялық ортаның дамуы оның жан-жақтылығын айқын көрсетеді. METU тек білім берумен шектелмей, ойлай алатын, жауапкершілігі жоғары, заманауи технологиялық сын-қатерлерге дайын мамандарды қалыптастыруға бағытталған университеттік орта ретінде дамуын жалғастырып келеді. Осындай жүйелі жұмыс университеттің қоғамдағы беделін арттырып, оны елдің зияткерлік әлеуетін нығайтуға үлес қосатын маңызды білім ордасына айналдырып отыр.

**Ж.Е.ЖАППАСОВ,**  
METU «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және әлем тілдері» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

# Нұрлан СЕГІЗБАЕВ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі актер, сценарист, кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан кинематографистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрлан Санжарұлы Сегізбаев 75 жасында өмірден өтті. Ол 1951 жылғы 28 қаңтарда дүниеге келген.

Нұрлан Санжарұлы — қазақ киносы мен ұлт руханиятының тарихында айрықша орны бар дара тұлға. Ол өз ғұмырын өнерге, шығармашылыққа арнап, халқымыздың мәдени жадына өшпес із қалдырды. Өнерсүйер жұртшылыққа Абдолла Қарсақбаевтың әйгілі «Менің атым Қожа» фильміндегі басты рөлі арқылы кеңінен танылған ол, қазақ кино өнерінің алтын қорына енген көркем бейнелерді сомдады. Көп жыл бойы Нұрлан Сегізбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде дәріс оқыған. Драматургия мен телевизия туралы бірнеше кітап жазған. Сонымен қатар ол, «Бату хан» және «Күтпеген қонақ — Жошы» атты тарихи романдардың авторы.

Экрандағы шынайы болмысы, шығармашылық таланты мен адами парасаты арқылы көрермен жүрегінен орын алды. Нұрлан Санжарұлының жарқын бейнесі мен бай шығармашылық мұрасы халқымыздың рухани қазынасында мәңгі сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы**



## ДАҢҚ ҚУЫП, ДАБЫРА ЖАСАМАҒАН

Быттыр Қапшағай қаласында Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойында Нұрлан Санжарұлы Сегізбаевпен алғаш рет жүздескен едім. Сол сәттен бастап-ақ кинодағы Нұрлан мен өмірдегі Нұрланның мүлде бөлек болмыс екенін аңғардым. Экрандағы албырт, тентек бала бейнесінен өзгеше — өмірде ол өте қарапайым, ұяң, артық сөзге жоқ, жүрегі таза, ғажап бір қазақтың баласы екен.

Осыдан бір ай бұрын маған Нұрлан Санжарұлының жары Мадина келді. Ол кісінің өтініші — Нұрланның Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданыуы еді. Ол өтініші орындалды. Нұрлан Сегізбаевтың бірнеше кітаптың авторы екенін, қаламы жүйрік сценарист болғанын көпшілік біле бермейді. Бір-екі шығармасымен өзім де таныспын. Ол — көзге көп түсе бермей, өз әлемінде еңбек еткен, даңқ қуып, дабыра жасамаған, нағыз шығармашылық адамы болатын. Қазақ халқының санасында ол, ең алдымен, «Менің атым Қожа» фильміндегі Қожа болып қалды. Бірақ бұл — оның бір ғана қыры. Нұрлан Санжарұлы қазақ руханиятына адал қызмет еткен, үнсіз еңбегімен өшпес із қалдыра білді.

Осы ауыр сәтте марқұмның жары Мадинаға, артында қалған балаларына, барша ағайын-туысына Қазақстан Жазушылар одағының атынан қайғырып көңіл айтамын. Қазақ балаларының жүрегінен «Менің атым Қожадағы» Қожа бейнесі ешқашан өшпейді.

**Мереке ҚҰЛКЕНОВ,**  
Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы

## КИНО ӨНЕРІНДЕГІ ДАРА ТҮЛҒА

Нұрлан Санжарұлы — қазақ мәдениеті мен өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан тұлға. Ол өз ғұмырын шығармашылыққа, ұлттық руханиятқа арнап, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын мол мұра қалдырды. Өнерсүйер жұртшылыққа әлі күнге құндылығын жоймай келе жатқан Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» фильміндегі басты рөлімен танымал өнер иесі қазақ кино өнеріндегі дара тұлға болды. Оның экранда сомдаған көркем бейнелері отандық өнер тарихында айрықша орын алады. Нұрлан Санжарұлының жарқын бейнесі, шығармашылық мұрасы мен ғибратты ғұмыр жолы халқымыздың жадында мәңгі сақталады деп сенеміз. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат, топырағы торқа болғай.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі**

## БАЛАЛЫҒЫМЫЗДЫҢ БІР БӨЛШЕГІ КӨШІП БАРА ЖАТҚАНДАЙ...

«Менің атым Қожа» фильміндегі Қожа рөлін сомдаған Нұрлан аға Санжарұлы Сегізбаев дүниеден өтті дегенді естігенде, балалықтың бір бөлшегі үнсіз ғана мәңгілікке көшіп бара жатқандай әсер етті. Сөйте тұра ол біздің жүрегімізде Қожа бейнесімен өмір сүре береді...

«Менің атым Қожа» жай кино емес, ол — біздің балалығымыз. Ал сол балалыққа жан бітірген Нұрлан аға еді. Біз ол кісіні көргенде ауылдың иісі сезіліп, мектеп қоңырауының сыңғыры еске түсетін. Анамыздың ұрсатыны, мұғалімімізді ренжітетініміз, бала күнгі ұялшақ армандарымыз — бәрі Қожа арқылы санамызда жаңғырады. Қожадағы аңғалдық, тазалық, тентектік бәрімізден табылды. Қиялдадық, армандадық. Қожа болып Жанарларды ұнаттық, Жантастарды жаратпадық. Нұрлан ағаның Қожасы осы кино арқылы халық жадынан өшпейтін бейнеге айналды.

...Оның екінші ғұмыры басталды. Қатерлі дерт иектеген соң ұзаққа бармайтынын сезді ме, өз өсиетін айтып кеткен екен. Құдай шебер ғой бір адамды сан қырлы талант иесі етіп жаратады. Оның жазушылығын қазақтілді аудитория онша біле бермейді екенбіз. Нұрлан аға — орыс тілінде жарық көрген бірнеше кітаптың авторы. Ағаны өсиеті бойынша Жазушылар одағынан шығарды. Халықаралық кино күні жамбасы жерге тиді, «Кеңсай-1»-ге, анасының қасына жерленді... Нұрлан аға енді біздің естелігімізде өзіне ғана жарасатын әдемі күлкісі мен жүректен шыққан шынайы бейнесі арқылы жасай береді. Қош, аға! Тәніңіз азаптан құтылды, жаныңыз жұмақтан орын алғай!

**Бекжан ТҰРЫС**

## ӨНЕР ЖОЛЫНДА БЕРГЕНІНЕН БЕРЕРІ КӨП ЕДІ...

Нұрлан Санжарұлы атақты қазақ футболшысы Тимур Сегізбаевтың туған інісі. Нұрланмен таныстығымыз Абдолла Қарсақбаевтың фильмдеріне түсуден басталды. Ол «Менің атым Қожада», мен «Балалық шаққа саяхат» фильмінде негізгі рөлді сомдадық. Қос туындыны да Бердібек Соқпақбаев жазған.

Нұрлан екеуміз кино жолында Абдолла ағаның балалары саналдық. Аралас-құралас болып, қатар өстік. Бірге өскен тұрғыласым, өнердегі әріптесім ретінде Нұрланның дүниеден өткеніне көкірегім қарс айырылды. Балалық кездің қызықтары көз алдыма, сол үшін де оны жоғалту маған өте ауыр. Ерте кетті. Жасары да,

жазушы, сценарист ретінде халыққа берері де көп, жаны таза адам еді. Әйтсе де көрінген адамға ашыла бермейтін. «Қазақфильмде» бірге жұмыс істедік. Кейде үй жағынан алып кетіп, бірге барып, бірге қайтатынбыз.

«Мұқағали» фильмін көріп ризашылығын білдірген болатын. Өзім де Нұрланға сценарий жазғызамын деп ойлап жүр едім. Әттен, арамздан кетті де қалды. Бір өкінетінім, ол қазақ киногерлеріне ренжіп кетті. Жазған екі-үш сценарийі іске аспай қалды. Соның бәрі жанымата батады. Мен одан киногерлер атынан, өз атымнан кешірім сұрадым. Өкінгенмен не шара... Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп тілеймін.

**Болат ҚАЛЫМБЕТОВ**



## ҚОШ, ҚОЖАТАЙ...

«Менің атым Қожа» — бәріміздің де санамызға әсер еткен туынды (кітап болсын, фильм болсын). Бүкіл балалық шағымыздың бейнесі. Қожаның бейнесін сомдаған актер Нұрлан Санжармен бір сұхбаттасқанымда: «Қайбір жылы пойызда, жоғарғы сәкіде жатып, төменде бір қазақтардың өнер, кино туралы сөйлесіп отырғанын естідім. Бір-біріне «Менің атым Қожадағы» баланы қазір көрсек қой, бүгінде қандай болды екен?» деп қояды.

Мен туралы, фильм туралы жақсы пікірлер айтып отырды. Бірақ мен соларға «әй, сол бала менмін ғой» деп айта алмадым», — деп еді. Өте қарапайым жан болатын. Осы қарапайымдығы — өзгелерге үлгі боларлық қасиет. Ешқашан «менмін!» деп көкірек кермеді. Тып-тыныш қана жұмысын атқарды, өнімді еңбек етті. Шебер сценарист, жазушы болатын. 2025 жыл талай жақсымыздан көз жазған жыл болды. Солардың бірі — осы Нұрлан Санжар. Қош, Қожатай...

**Сәкен СЫБАНБАЙ**

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі жазушы, филология ғылымдарының кандидаты. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бақытбек Бәмішке бауыры  
**Болатбек БӘМІШҰЛЫНЫҢ**  
дүние салуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Еңбекшіқазақ ауданы «Ақши» орта мектебінде ұзақ жылдар бойы оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметін атқарған курстасымыз  
**Орысбай ТҰЯҚОВТЫҢ**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыскандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.  
**Курстастары, достары**



Қазыхан ӨШЕ

Совхозымыз құрылғалы онбады. Бірнеше директор ауысты. Бірақ күріштің орнына күрмек өсіп, көрсеткіштің басы көтерілмей-ақ қойды. «Өлетін теке көзденіп» бастықтың басы да жаман. Нұрбеков деген:

— Мынауың күріш пе, әлде күрмек пе? — десе.

— Сіз күріш десеңіз — күріш, күрмек десеңіз — күрмек, — деп елді қыран күлкі жасапты. Кеше аудандық комитетінің хатшысы Унисиян жаңа директорды алып келді. «Біреу таққа отырса, 40 адам атқа отырады» деген емес пе? Көкпекті ауданынан екен. Сол күннен бастап «Большевиктер» бас маман болып қаптап келді. «Аттарыңыз кім?» — десең, «Большевикпіз», — дейді. Сонда деймін-ау! Сіздер Большевик болғанда, біздер Меньшевикпіз бе? Баяғыда:

«Күш жоқ кезде, күштілерден жасқандық» деген сөз осы болар. Елдің бәрі «Жаңа бастық жандарал» деп, қорқып жүр. Қорқағанда қайтсын. Кімнің үйі ұнаса, соны тартып алып жатыр. Қаптап келгендер әкесінің үйіне кіргендей. Сонымен, ауылдың жартысы Большевик, жартысы Меньшевик боп қалды. Үйін тартып алғандарды қыстаққа бөлімшеге айдады. Бірде-бір адам қарсы тұрмады. Совхоздың үйінің бәрі директордың меншігінде. Құдай басқа салмасын. Партияның осындай басқаруын көрдік. Пысықтар «ерулік» деп келгендерді шайға шақырып жатты. Келген бастықтың бес ұл, бір қызы бар екен. Ұлдары да кеуделі. Совхоздағы жаңа машиналарды солар айдады. Кісі бетіне қарамайтын, үріп ауызға салғандай қыз біткен солардың машинасында жүрді. Осы ауылда пышаққа сап болтын жігіт жоқтай, қасқыр жетектеген қойдай еріп кете барды. Біреулер «тәрде отырған кісі найман екен» деп жүр. Бәсе, осы ауылдағы бес-алты үй найманның үні шыға бастап еді. Орта жүзде арғын, найман, керей, уақ — бір туған деуші еді. Енді нағыз бөлесе ғапты? Қыз алып, қыз беріскен ел. Не бөтені бар? Бес ұл ертең осы ауылға күйеу болса, үйін тартып алған құдасына қай бетін жыртқайтады? Мен түсінбеймін...

Қолхоз күнімізде бастықты сайлаушы ек. Кіріс пен шығысты басқарма жиында бекітуші ек. Ал совхозда бастық біледі. Жегісі келсе тоқтыға қошқар қосады. Кәзір кім аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болса, сол шешеді. «Аузы қисық болса да, байдың қызы сөйлесін» деген содан болар:

«Бірінші хатшы ойып алады, Екінші хатшы сұрап алады, Үшінші хатшы жылап алады» деп әзіл ғып жүр.

\*\*\*

Ал бұрынғы бастық кеткенде өз командасымен кетті. Мына бастық өз командасымен келді. Бейне екі жақ құдалыққа түсетіндей. Осы ауылдың бел баласы болса папқасын тартып алмақ түгілі таяқасын тартып алсаң да кетер ме еді? Ал қолы бос зейнеткерлер, бізге мұның бәрі әңгіме. Өйткені қарттар құлағымызбен семіреміз. Жаңа бастық жұмысқа келгеннен бері жас әйелдер мақтап жүр. Мөлшері, бәрін қарық қыламын деген-ау! Үш шал кеңсе алдына келіп, әдет бойынша күнде қысыр әңгіме айтып отырамыз. Әңгіменің дені кеткен бастық жайлы. Мына келгеннің кім екенін «итім білсін». Бізге, әйтеуір, көз көрген көне дос — солар ыстық. Ара-тұра «танымғағын сыйлағанды» деген-ау деп қоямыз. Бұрынғы төре болса ғой, бағана келіп, өзі сәлем беріп, бала-шаға, шетте жүрген немерелерді сұрап еді деп соғамыз. Күнде босағада әңгіме соғып отырған үшеуімізді жаңа бастық та жазбай танып алса керек. Анадайдан бізді екі көзімен атып келеді. Біз ежелгі әдет бойынша өткен-кеткенді соғып отырдық. Өте бере:

— Сіздер маған кіріңіздер, — деді. Орнымыздан атып тұрып, соңынан ілесе жөнелді. Сасқалақтағанда аузымызға амандасу да түспепті. Кенесіне кіре бергенде хатшы қыз:

— Сіздер қайда барасыздар? Сіздерден басқа да қанша адам тізімге жазылып, ұзақ күндікке тосып жүр. Тұра тұрыңыздар, — деді. — Қарағым-ау, жаңа өзі «жүріңіздер» деп ерте келді, — дедік.

Бастыққа кіре бергенде бағанадан күтіп отырған ел де бізді жаман көзімен атып жатты. Мейлі. Біз кенесіне кірдік. Бастық кіре бергенде жарқанат телефон зарлап қоя берді. Мөлшері межгород болуы керек. Директор торғай жұтқан жыландай екі бүйірі шыққан телефон трубкасын көтерді.


«Алло, Алматы...» — деп жатты. Бізге әңгімесін естіріп айтқаны керек. Әншейінде ауыз жаппайтын үш шал құлаққа ұрған танадай болды та қалдық. Директор болса осында келгелі не істеп, не қойғанын айтып жатыр. Мөлшері мәлімет. Біздің де ішіміз пысып барады. Бірақ ол біз білмейтін елге жасаған қамқорлығын айтып жатыр. Бастықты тосып отырған біз ғана ма? Жаңа жағамыздан ұстап жібермей жүрген хатшы қыз, қалған ел, қайта-қайта

есіктен жылтындап басын сұғып қарай береді. Директор трубканы қойса болды, сырттағы ел лап етіп кіріп келгелі тұр. Арғы жақта сөйлесіп тұрған адам тістей қатып жібермейді. Директор болса жұмбақтап бірденені айтып жатыр. «Оны өзім кейін бір онашада айтармын. Мені мұнда кісілер тосып отыр», — деп, қайта-қайта айтады. Звондап тұрған адам бұйымтайының соңында бір нәрсе сұрағысы келеді. «Дәл сол шаруа кейін дедім ғой», — деп телефонды зорға қойды.

— Телефон деген құрғыр бір пәле, — деді

жұмбақ. Таңды көзімен атқызып, оразамды ашпай бірге болған екі шалды төсектерінен тұрғыздым. Үшеуіміз тағы кешегі директорды кездестірген жерге келіп отырдық. Әңгімені кешегі жағдай туралы қозғадық. Итке көлеңке бермей жүрген үш шалды кабинетіме шақырып, кеңсемді көрсетейін, істеп жатқан шаруамды елге айтсын деп, әдейі куәлікке шақырған ба? Үшеуіміздің біреуіміз сөз бастамаған соң ұялып отыр ғой. Өте тығыз шаруасы болса айтпай ма деп ойлаған шығар. Не біздің ерігіп күнде осы

# Ел көшкен жұрт



бастық бізге қарап. Біз де ыңғайсызданып отырмыз. Директор енді кнопканы басып, хатшы қызды шақырды. Қоңырау шыр еткен бойда, секретарь қыз есіктен иіліп кіріп, оң қолымен ішін басып сәлем салды. Бастық қызға қарап, ұзақ отырды. Бір уақытта, «уһ» деп дыбыс шағарды. Бастық сонда барып есін жиған адамдай:

— Күлшетай, елді күндегі әдетше бірден кіргізе бер, — деді. Үш шал «бізді неге шақырды?» деп бір-бірімізді түртеміз. «Бізді неге шақырдыңыз?» деп сұрау сақалды басымызбен ыңғайсыз сияқты. Көрмей отырған жоқ. «Айтайын дегенін ойлансып отырған шығар. Және біз үш адам. Ел болса асығып күтіп отыр. Солар бітсін. Сосын айтар», — деп қоямыз. Бастық болса кірген елді жарылқап жатыр. Есесі кетіп қалатын адамдай жақсылығын жасап болмай, қырманға, шөпке, малға барасыздар деп кесіп айтады. Совхоздың көрсеткіші жақсы болса, сіздерге де қосымша ақша, сыйлық, наградалар болып тұрады. Тұрғын үй, автомашина да әперемін деп шіренеді. Осындайда отқа айда, суға сал — мейлі. Ауыл адамдары бастықтың бетіне қарсы келе ме? Ал бұл отырыс біз үшін біраз әңгіме. Сыртта күнге қақталып отырғанша, совхоз жайын естіп, жақсы болып қалдық. Астымызда жұмсақ орындық. Әуелде мұндайды көрмеген басым кенесіне кіре бере бос орынға отыра кетіппін. Ел болса бастықтың алдына барып, қолын алып жатар. Ішімізден келесі жолы болсын, зам. директор Мұқаштың отыратын орнына барып отырармын деп қоямын. Уақыт деген «зымырап-зулап» кешкі сағат алты да болды. Директор үстел үстіндегі қағаздарын жинастырды да, кеңседен шығып кетті. Бізге ештеңе деген жоқ. Біраз тостық. Ха-бар жоқ. Мүмкін, зәрі қысып кетті ме? Сыртқа шығып, үш шал бағанадан отырып аузымызға күм құйылғандай, неге шақырғанын сұрамағанымыз-ай, — деп бір-бірімізден көреміз. Әсіресе дәлізде тұрған ел бізге естіртті:

— Еріккен үш шал, бағана кіріп, кеш батқанша отырды. Ұятсыздар, кезексіз кірді, — деп бірнеше рет естіріп айтты. Ең құрмаса соны естіп отырып, бастыққа «неге шақырдың?» деме-дік-ау! Бастық болса анда-санда бізге қарап бірдене айтатындай қандайда да, жай ғана жымыйып қояды. Енді бірдене айтатын шығар дей бергенде біреу кіріп келеді. Өстіп жантала-сумен кеш батты. Амалсыз үш шал үйді-үйімізге таркастық.

\*\*\*

Үйге келген соң болған жағдайды тұтас тәкпіштеп әйеліме айттым. Әйелім:

— Сенің орнында мен болсам, бала-шағаңның жайын, мына жаман үйдің құлағалы тұрғанын, малға жем-шөп керегін айтар едім. Ел кіріп сұрап жатқанда, жағың қарысып қалды ма? Қасындағы екеуіне керегі жоқ шығар. Ал саған кім әкеліп бермек? Арқа сүйер, қолғанат кімін бар? Бар жиган ақшаны балалар сыпырып алып кетті емес пе? Ертең мен барайын, сенің бет моншағың түсіп тұрса, — деді. Түнімен ұйқым тоқсанға бөлініп шықты. Бастық мені бір жерге жұмсайтын шығар, бағанадан үндемей отыруы тегін емес. Совхозда адам күші жетпейтінін көздерімен көрсін, құлақтарымен естісін, сосын, көрейін бармағанын деді-ау! Әйтпесе ләм-мим деп бір ауыз сөз айтпауын қалай? Түк ұқсам бұйырмасын! Нағыз

\*\*\*

Іә, уақыт шіркін зымырап өтіп жатты. Кешегі бала бүгін шал. Сол баяғы ел көшіп кеткен, өздері өскен тас үйден үш шалдың сұлбасы көрінеді. Олардың бұрынғы арманы орындалмай қалды. Жастар ауылда қалмады. Жұртта өздері ғана.

Өнірде тұмаған, ауылдың табиғатын білмейтін, жерсінбейтін адамдар келіп-кетіп жатты. Облыс ойына келгенін жасады. Аяғөздегі он зуыт-фабриканы бұзып, темірін Қытайға өткізіп тынды. Колхоз, совхозды таратып, өздерінің жеке шарушылығын құрғандар етек алды. Басқа — басқа-ақ болсын, Алатауды Алматыдан Нарыққолға шейін бөліп алды. Ел көшкен жұртта арманшыл үш шал ғана қалды. «Әділдік жерде де жоқ, көкте де жоқ, Сондықтан ит өмірге өкпе де жоқ» ...

жерде отырғанымызды көріп, бұлар не айтады екен деген болуы мүмкін. Ақыры бұларға әңгіме керек болса менің кабинетіме келсін, елдің әңгімесін естісін деген ғой» деп түйдік. Өстіп отырғанда бастық та жетіп келді. Кешегідей емес, көңілді. Бізге тағы да «жүріңіздер» деді. Бастық күндегі әдетінше жұмысқа қызу кірісіп кетті. Үш шал тағы отырмыз. Бүгін қайтсек те кеше неге шақырғанын сұраймыз деп уәделескенбіз. Бүгін бастықтың қабылдау күні емес екен. Бас мамандар анда-санда кіріп шығады. Бөтен ешкім жоқ. Бір уақытта бастық апыл-ғұпыл жиналды да тағы шығып кетті. Мұндай адам көрсем, көзім шықсын. Егер біздің орнымызда балаларымыз болса, олар да неге шақырғанын сұрап еді. Қара басқанда аттын басындай үш шал тағы орнын сипап қалдық. Сыртқа шығып, жан-жақты қарадық. Машина үйінің алдында тұр. Қой, үйінің төңірегіне барайық. Төбемізді көрсе есіне түсер. Бала-шаға емес, бұл қай мазағы? Есігінің алдында тұрған бастық «үйге келіңіздер» дегендей қол бұлғады. Ізденген адамның шақырса бармағанда ше? Бізді жолдасы қарсы алды. Ашық-жарқын адам екен. Көптен күткен қонағындай қуанып жатыр. Біз де «қош келдіңіздер, қоныстарыңыз қайырлы болсын» деп қоямыз.

— Бұйымтайларыңыз? — деді. «Күйеуіңізге жолыға алмай жүрміз» деп қалай айтасың?

— «Құтты болсын!» айта келіп едік, — деп құтылдық.

\*\*\*

Аулаға шыққан соң үш шал қайта сырластық. «Ертең тағы да кеңсе алдынан күтейік. Өліп кетсе де ашығын айтайық», — деп тағы таркастық.

Кеңсенің алдына келіп тұрғанымыз сол еді, бастық та уәделескендей жетті. Бізді көрген бойда күндегі әдетінше «жүріңіздер» деді. Іле-шала жеттік. Әңгімені Кәрім бастады:

— Басеке, кеше сіздің үйге баруымыз, бүгін тағы тосымыз бір ұғынықсыз шаруа. Сіз алдыңғы күні осы үш шалға «кеңсе келіңіз» дегендей белгі бердіңіз. Біз содан бастап бірдене айтатын шығар? — деп тосып жүрміз.

Бастық:

— Мен де сіздер екі күн қатарынан келген соң маған кіре алмай жүрген шығар деп ойланғанмын, — деді.

Мен әйелімнің айтқан бұйымтайларын жеткіздім. Бастық риза болып:

— Бұл совхоздың көрсеткішін көтеру үшін осы ауылдың басқа жақта жүрген балаларын жинау керек. Сіздердің балаларыңыздың басқа жерде түрлі мамандықта қызмет істейтінін естідім. Мүмкіндік болса ауылға алдырайық. Сіздерге де, біздерге де жақсы болады. Менің кешеден бері сіздерді әуреге салғаныма кешіріңіздер? Жұмысбастылық кей кезде жаңғалақтыққа душар етеді, — деп ақталды.

Бастық жаңғалақ болса болсын, бірақ рақымды, шешімді, кешірімді, іскерлігі бізге қатты ұнады. Бұдан былайғы уақытта алдына барып, бұйымтайды айтпай өзі айтар деп тосып отырмаспыз.

Үш шал жағасы жайлауда кеңседен шыға бере, шекелерінен аққан суын сүртіп, шіреніп тұра қалды.

\*\*\*

Иә, уақыт шіркін зымырап өтіп жатты. Кешегі бала бүгін шал. Сол баяғы ел көшіп кеткен, өздері өскен тас үйден үш шалдың сұлбасы көрінеді. Олардың бұрынғы арманы орындалмай қалды. Жастар ауылда қалмады. Жұртта өздері ғана.

Өнірде тұмаған, ауылдың табиғатын білмейтін, жерсінбейтін адамдар келіп-кетіп жатты. Облыс ойына келгенін жасады. Аяғөздегі он зуыт-фабриканы бұзып, темірін Қытайға өткізіп тынды. Колхоз, совхозды таратып, өздерінің жеке шарушылығын құрғандар етек алды. Басқа — басқа-ақ болсын, Алатауды Алматыдан Нарыққолға шейін бөліп алды. Ел көшкен жұртта арманшыл үш шал ғана қалды.

«Әділдік жерде де жоқ, көкте де жоқ, Сондықтан ит өмірге өкпе де жоқ» ...

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы **Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор **Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары **Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА Марфуға, ӘБДІҚҰЛЫ Төлен, БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап, ЕЛУБАЙ Смағұл, ИРАН-ҒАЙЫП, КӨПШ Өшірбек, ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас, ҚАНАЗ Молдахмет, ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота, НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан, НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай, ОРАЗАЛИН Нұрлан, СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек, СЕЙСЕНБАЕВ Роллан, СМАТАЕВ Софы, ШАХАНОВ Мұхтар, ЫСҚАҚБАЙ Марал**

Жауапты хатшы **Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі: **Жүніс ОМАР**

Мәдениет және руханият бөлімі: **Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі: **Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

Art-редактор **Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі **Данияр ҚАБА**

Терімші **Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар: **Айнаш ӨЛДИБЕК, Гүлбану ЕРКІН**

Меншікті тілшілер:

*Астана қаласы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау облыстары*

**Айтбай СӘУЛЕБЕК,**

*Алматы облысы*

**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ**

*Абай облысы*

**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ**

*Ақтөбе облысы*

**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ**

*Атырау облысы*

**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**

*Батыс Қазақстан облысы*

**Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН**

*Жамбыл облысы*

**Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ**

*Жетісу облысы*

**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**

*Қостанай облысы*

**Жанұзақ АЛЫБЕКҰЛЫ**

*Қызылорда облысы*

**Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА**

*Маңғыстау облысы*

**Сағындық РЗАХМЕТ**

*Павлодар облысы*

**Серік ЕЛІКБАЙ**

*Түркістан облысы*

**Айдар СЕЙДӨЗІМ**

*Шығыс Қазақстан облысы*

**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ**

*Шымкент қаласы*

**Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ**

*Кезекші: Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ*

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**

**8 (727) 272-88-17**

**e-mail: kazakh\_adebiety25@mail.ru**

**Мекенжайымыз:**

050009. Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы,

105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. Офсеттік басылма. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.